Summary: Religious beliefs in economic trade, climatic and social conditions of the country influenced the formation of national clothing and hand art of the Kazakh people. The social well-being, way of life, and past of the people are vividly felt in it. In color and format, Kazakh simplicity was distinguished by convenience in steppe conditions, and a variety of decorations.

Қазақ халқының өнер саласының бірі-ұлттық киімдері. Бұл ұлттық киімдер заман талабына сай өзгеріп, жаңарып, түрленіп бүгінгі күнге ұмытылмай жас ұрпаққа жетіп отыр. Орта Азия халықтарының киімдерінің ұқсастықтарымен қатар ерекшеліктері де бар. Қазақ халқының ұлттық киімдері басқа халықтікіне қарағанда ою-өрнек түрлерін көп қолданады. Қолөнер сонау ескі заман тарихымен бірге өсіп, біте қайнап келе жатқан өте бай қазына. Қазақ тарихы, басқа халықтардікі сияқты өндірістік қатынастар дамуының шежіресі.

Қазақстан тарихы - бұл ең алдымен материалдық байлықтарды, өндірушілердің тарихы, еңбекші бұқараның тарихы, олардың әлеуметтік езушілерге қарсы күрестерінің тарихи міне сондықтан да қазақ халқында қолөнердің қалыптасу кезеңдері ежелгі дүниеден бізге жеткен «Батырлар жыры, ғашықтық дастандар, ертегілер мен аңыздар» алғаш кімнің қолынан шыққанын, кім ойлап пішкенін, кім тоқығанын немесе тіккенін ешкім де білмейді. Оның есесіне көші жылжыған сайын ұлттық дами түскен, үнемі байытып отырған. [1]



Сурет - 1. Әйелдердің қазақ ұлттық киімдері

Жалпы XIX ғасырдағы қазақ ұлттық киімдері мынандай бөліктерге бөлуге болады. Қазақ киімдері іштік, сырттық, сулық, бір киер делініп төрт топқа бөлінеді. Іштік киімдерге: көйлек, дамбал, желетка, камзол, кәзекей жатса; сыртқы киімдерге; шапан, күпі, тон, шиделі; сулық киімдерге: шкепен, қаптал, шапан, брезент, кебенек, кенеп, сырттық жатады. Қазақстанның Орталық аймақтарында тон, ішік, таяқы сияқты тері киімдері оқ киімдер деп атаған. Әйелдер киімдерінің ең бастысы: көйлек одан кейін сәукеле, бөрік, тақия, кимешек-жаулық, берген сияқты бас киімдер мен камзол, кәзекей, желетка. Әйел көйлегінің кеудесі мен етегі екі бөлек тігілген және етектегі кеудеге бұрып қосқан. Кеуденің етекке қосылған жерін көйлектің кеудесі тар, етегі кең келеді. Өңірі бүрмегедейін ашық, оның асты-үстіне әдіптеніп өрнектелген. Кәзекей – бархатты, жібекті мақпал қазақ әйелі деген мағынаны білдіреді. Камзол қазақ халқының ежелгі әрі ең маңызды сырт киімі болып табылады. Камзол бірнеше сырт киімдердің міндетін жалғыз атқарып, суыққа ұрындырмады, ыстыққа қалдырмады. [2]

Қазақтың ұлттық киімдері де өзінің сипатымен, сырымен, сұлулығымен, сәнімен осындай сан ғасырлық тарихтың иесін сақтаған бедерін жеткізеді. Қазақтың ұлттық киімдеріне қарап ақ қазақтың қандай халық болғанын айтқызыбай және көрмей білуге болады. Жымыр жер дөңгелек десек, оның алып төсін мыңдаған ұлттар мен қоныстр мекенлейді. Сол сан алуан тәсілдегі, типтегі және ұлттағы халықтарды бір-бірінен ерекшелетін нәрсе киім. Қаншама ұлт болса, соншама ұлттық киім үлгілері қалыптасқан. Өйткені әрбір ұлт өзінің тұрып жатқан жержағдайына, ауа райына, тарихи жолдарына, қолындағы малы мен кәсібіне және басқа да әлеуметтік жағдайларына қарай өздерінің киім үлгілерін қалыптастырған.

Халық киімдерін зерттей отырып, оның барлық пластикалық байлығын, пропорционалды қарым - қатынас көркемділігін, түр- түсінің, гаммасының, фактурасының әр түрлілігін және ритм байлығын сезінуге болады. [3]

Қазақта салтанаттық киім күнделікті киім-кешектің пішімінде айырмашылық бола бермейді. Салтанаттық киімнің бітімі сыпайылау, тігісі жатық, зерлі оқалы, кестелі, басына киетіндері көтеріңкі, аяқ киімдері шоңқима, биік өкшелі, қайқы тұмсықты, таптаурындаған, түрлі түсті қайыспен, таспамен өрнектелген, зерлі жіптермен кестеленген болып келеді. Оның үстіне салтанаттық киім-кешекте алтын, күміс жалатқан, жалған қаралы, қиыршықты, ширатпалы қапсырма, белдік, алқа, шолпы, сақина-білезік болған.

Күнделікті киімге шкепен тоқымасы, қолда бар мата, бөз, кенеп, шыт, сәтен, сеңсең терісі, қолдан ұқсатылған тері-терсек, көн секілді қарапайым материалдар жаратылса, салтанаттық киім-кешекке барқыт, масаты, мәуіті, шұға, жібек, қырмызы, бәтес, мақпал кездемелері, кәмшат, сусар, бұлғын, құндыз терілері, бұлан немесе бұғы күдерісі, жылқы шегірені пайдаланылған. Киім-кешекті әр жерде мүмкіншілігіне қарай өзінше тіккенмен, бүкіл қазаққа тән түр ұқсастығын, пішімін, бояу - нақышын сақтап, әсіресе оның ердар, әйелдер, кейуаналар киетіндерін ажырата білген. Мысалға алсақ, қыздар белі қымтылған, етек-жеңіне желбезек салған қос етектегі көйлек, оқалы камзол киіп, беліне металл шытырлармен безендірілген немесе ширатпалы күміс белдік (оны нәзік белдік деп те атайды) буынады екен.

Қалыптасқан дәстүр бойынша үкілі тақия, әсіресе көне дәуреннің белгісі іспетті белдік асқан ұқыптылықпен безендірілген. Ер бала үшін белдігін жоғалту арынан айырылғанмен бірдей болған. Егер ер балаға өз қалауымен кестелі немесе қос етек салынған көйлек кию ерсі көрінетін. Қыздар шашын көбіне қос бұрым етіп өріп, бас киімсіз-ақ жүре бетін болса, әйел күйеуге шыққан соң, самай шашын басқаға, әсіресе еркектерге көрсету күнә дейтін ескі дәстүрге сай ақсаңнан тігілетін, кеудесін, иығын, жон арқасын жауып тұратын, жақтауы, өңірі, тамақ жағы кестеленген кимешек киетін. Әйелдің бұл бас киімі ел арасында шаршысының, пішімінің үлгісіне қарай шылауым, сұлама, күндік, орама деген аттармен де белгілі. [4]

Төрдегі орнын төмендетпеді, еңбектегі үлесін кемітпеді, қайта қазақтың белгілерінің бірі ретінде ғасырлар бойы қызмет етіп келеді. Бір өзі бүгіннің он киіміне бергісіз болып жылуын ұрпақтарға жеткізуде.



Сурет - 2. Өмір сүру орталарына қарай ерлер киімдерінің түрлері

Библиографиялық тізім:

1. Саиров Е., Серік Ә. Кунсткамера жинағындағы Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, А., «Полиграфкомбинат», 2008 ж.
2. «Ерке-Нұр» қыз-келіншектердің әдеби-танымдық, сән журналы 2008ж.
3. Ш. Байділдаұлы, Қазақтың ою-өрнектері, Алматы «Өнер», 2006 ж.
4. Қазақша – орысша терминологиялық сөздік «Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі», Астана «Фолиант», 2008 ж.

ПЛАЩТЫ ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУ

Кәрігүл А.С., Қазақ технология және бизнес университеті, 4-курс
Ғылыми жетекшісі – *Қожабергенова К. Д.*, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Резюме: плащ, античный период, стиль, мода, верхняя одежда, пропорция, кукулус, газука, палерина, редингот.

Summary: the cloak, the ancient period, style, fashion, outerwear, proportion, kuklus, gazuka, pal-lerina.

Әр дәуір әртүрлі өзгерістерге ұшырап, киімге әсер етті. Стильдер пайда болды, жоғалып, араласып кетті, жаңа элементтер енгізіліп, ескілері жойылды. Бұл киім элементтерінің эволюциясы адамзат баласының эволюциясының ең жақсы суреттерінің бірі болып қала береді. Костюм тарихы туралы бірқатар материалдар элементтердің түрленуіне арналған.

Біңғайлы болу үшін біз адамзат тарихын ежелгі әлемге (б.з.д. 3000 - б.з. VIII ғасыр), орта ғасырларға (IX ғасыр - XVIII ғасырдың басы француз төңкерісіне дейін) және жаңа уақытқа (XVIII-XIX ғасырдың аяғында) бөлеміз. Кез-келген тарихшы мұндай кезенді дұрыс емес деп санаса да, киім әлемінде бұл өте әділ болады.[1]

Біз плащ сыртқы киімнен бастаймыз. Сыртқы киім ежелгі уақытта пайда болды. Сызықтардың тазалығы, пропорциялар үйлесімі, табиғатпен симбиоз, идеалды фигурасы бар адам - бұлар сол кездегі киім негізін құраған.

Немістерде бұл өте қарапайым болды - барлық жағдайларда кукулус (қысқа немесе ұзын плащ) колданылды(сурет 1. а.).[3]



а.



б.



в.

Сурет 1. Б.з.д. 3000 - б.з. VIII ғасыр плащтары: а-кукулус; б- лацерна; в-гиматион

Ал гректермен жағдай күрделене түсті. Алдымен олар күлгін матадан - фарос киді. Кейін ол гиматионға(сурет1. в) айналды – тікбұрышты үшбұрыш пішінде кесілген жүн шапан (өлшемі 1,5 - 3 метр). Олар оның бір шетінен ұстап сол иығын жауып, әрі қарай оң қолының астынан өткізіп, сол қолына ұстады. Жалпы, грек киімдерінің құрастырылымы қиын болды. Мүмкін сондықтан да Грецияда адамның талғамын гиматионды кию шеберлігімен бағаланды. Кең гиматионды паллиум, ал кішірек гиматионды (1x2 метр) хламис деп атады. Хламисті жастар, сарбаздар, саяхатшылар және әйгілі сауда құдайы Гермес киген. Ал бұл киімді екі қабаттап кию сырт киім болып есептелген.[1]

Римдіктер болса одан әрі қарай дамыта түскен. Олар паллиумнан басқа, хламис киімінің құрастырылымына сәл өзгешеліктер енгізіп – лацерна (сурет 1. б.) киімін шығарған.

Антикалық кезең тез басылды да, оның орнына соғысқа, қайғыға толы орта ғасыр кезеңі орын алды. Бұл кезеңде соғыстар орын алуымен түрлі эпидемиялардың таралуына байланысты киімге аса мән берілген жоқ. Дегенмен, бұл кезеңде киімдер 3 түрге бөлінді: ақсүйектерге арналған, шіркеу қызметкерлеріне және қарапайым халыққа арналған киімдер. Діни институттардың ықпалы зор болғандықтан, шіркеу киімдері ақсүйектер және халықтық болып өзгерді.[2]



а.



б.



в.

а-домино; б-пелерина; в-газука.

Сурет 2. IX ғасыр - XVIII ғасырдың басы француз төңкерісіне дейінгі плащтар

Осы кезеңде кең тараған плащтар олар: газука, домино және пелерина плащтары (сурет 2).

Ал Голландиялық нұсқада ақсүйектерге арналған киім палето(голландиялық тілде paltrok – сарай киімі: pals – сарай; rok - киім) деп аталды. Бұл плащ өзінің қысқалығымен ерекшеленді.

Осыменен орта ғасырлар кезеңі де аяқталып, орынына жаңа заман кезеңі туды. Бұл кезеңде капитализм, романтизм, тектілік пен бірге салыстырмалы түрде өркендеу үлкен орын алды. Киімдер талғампаздықпен үйлесім тапты. Қазіргі замандағы классикалық стиль өмірге келді. Егер Франция әйелдер киімінің диктаторына айналса, онда Англия ер адамдардың сәнін басқарады.



а.



б.



в.

Сурет 3. XVIII-XIX ғасырдың аяғында кең тараған плащтар:
а-гавелок; б-гаррик; в-макинтош.

Сол кездегі ең танымал киімдер ер адамдардың есімдерімен аталды. Мысалы, гавелок (сурет 3, а.) – палеринамен ұқсас, жеңсіз, ұзын плащ, оны Англия генералы Генри Гавелоктың құрметіне атаған. Тағы да бір мысал, гаррик (сурет 3, б.) плащі – сол кездегі аса танымал актер Гарриктің(Garrick) есімімен аталған. Бұл плащтің ұзындығы жерден 10-15 см-ге дейін жоғары болған. Осы кезеңде жарық көріп, қазірге дейін сақталған су өткізбейтін плащ – макинтош(сурет 3, в.).[4]

Бірақ, ең қызығы, менің ойымша, редингот (сурет 4) болды, ол ең басында атқа мінуге арнап шығарылды. Редингот – қынамалы, жағасы лацканға дейін, бір немесе екі өңірлі, түймелікпен өңделген. Бұдан да кеңірек және ыңғайлырақ редингот – сюрту(фр.surtour) деп аталды. Қазіргі таңда модернизацияланған редингот ең сәнді плащ модельдерінің біріне айналуда. Сонымен жоғарыда айтылған сырт киімдердің мысалдары, қазіргі заманғы киімдердің негізіне айналды.[1]

Сурет 4. Редингот плащі

Библиографиялық тізім:

1. История плаща [Интернет-ресурс]. – Режим доступа: <https://lebedinajpesnja1.blogspot.com/2015/06/17-19.html>.
2. «История моды и стиля» Жером Пикон.
3. «Под суфийским плащом» Модже Байат.
4. «Вверхня одежда. Лучшие модели» Анна Лонцева

ЭВОЛЮЦИЯ СОВРЕМЕННОГО ДИЗАЙНА

Киселева Т.А., к.арх.н, профессор, Казахский университет технологии и бизнеса

Түйін: Мақалада заманауи сәулет және дизайн эволюциясы талданады, жаңа технологиялар мен инновациялық дизайн жобалау практикасында пайда болады.

Summary: The article analyzes the evolution of modern architecture and design, new technologies and innovative design appear in the design practice.

Эволюция современной архитектуры и дизайна характеризовалась быстрой трансформацией западной цивилизации, начавшейся в конце восемнадцатого века. Одним из наиболее важных событий была Промышленная Революция, которая изменила старый порядок общества. Новые технологии в сфере транспорта и связи сделали людей более осведомленными друг о друге, важных событиях и доступности коммерческих продуктов. Условия жизни и труда улучшились для всех людей, так как, мебель и другие предметы могли быть произведены серийно, а не выполнены ручной работой. Это развитие позволило растущему среднему классу, а не только более богатому высшему классу, стать потребителями промышленной продукции [1].

Кроме того, теории эволюции и относительности, наряду с другими научными открытиями, заставили людей усомниться в основных понятиях человечества и окружающего мира.

Промышленная революция и внедрение новых материалов и технологий привели к тому, что архитектура и дизайн интерьера постепенно вышли из простого подражания стилям прошлого. Появился новый архитектурный стиль, подчеркивающий железо, дерево и стекло. Еще одним важным нововведением стала разработка новых конструктивных элементов из железа, которые позволили увеличить расстояние между чугунными колоннами. Использование отдельно стоящих колонн, поддерживающих железные балки и деревянные крыши, создавало гибкие открытые пространства, которые допускали подвижное взаимопроникновение пространств, в отличие от жесткости типичной конструкции с «закрытыми ящиками». Огромное пространство, которое мог охватить железный каркас, было продемонстрировано Хрустальным Дворцом на Лондонской Выставке в 1851 г. (Рис. 1). Эта структура показала, что каркас может быть самоподдерживающимся и что неструктурные материалы, такие как стекло, могут использоваться в качестве внешних поверхностей для естественного света.



Рис. 1 Арх. Д. Пакстон. Хрустальный дворец

Та же самая большая железобетонная конструкция была использована для универмагов, библиотек, железнодорожных станций, выставочных залов и других специализированных общественных и коммерческих зданий.

В течение десятилетий существовало определенное разделение между искусством и технологиями. Новые технологии и материалы бросили вызов нескольким инновационным дизайнерам, но большинство этих дизайнеров были готовы черпать вдохновение из исторических стилей. Искусство Модерн, 1890–1905 гг. Движение в стиле модерн появилось в 1890-х годах по всей Европе и в Соединенных Штатах почти одновременно. Это движение противостояло чрезмерной перегрузке интерьеров ненужным прикладным украшением и предметами интерьера. Считалось, что красота объекта проистекает из естественных форм, простоты и мастерства. Художники этого периода пытались




Рис. 2 В. Орта. Дом Тассел, Брюссель, Бельгия, 1883.

создать новый стиль, основанный на листьях деревьев, цветках, ветвях и широких изгибах. Искусство модерн характеризуется извилистыми, органическими линиями, оканчивающимися кривыми изгибами, как бутон растения. Искусство модерн было первым по-настоящему оригинальным стилем со времен французского рококо (1715–1774 гг.) [2].

Искусство модерн популяризировалось в Европе многими дизайнерами с начала 1880-х годов и примерно до 1900 года. Бельгийский архитектор Виктор Орта (1861–1947 гг.) полностью разработал стиль искусства модерн, используя извилистые ленточные узоры, которые присутствовали в отлитых железных перилах, лестницах, были расписаны на стенах и инкрустированы мозаикой в полу. Примером его работы является отель Тассел в Брюсселе (1892–1893 гг.) (Рис. 2). До работ Орты, железо использовалось в основном для мостов и инженерных работ, а не в качестве внутреннего материала.

Во Франции архитектор Гектор Гимар (1867–1942 гг.) был известен тем, что он переносил стиль искусства модерн в свои интерьеры. Он проектировал мебель, светильники, лампы, дверные ручки и даже специальные шляпки для гвоздей, с длинными чувственными линиями, которые были включены как часть полностью унифицированного интерьера.

Не зная о том, что происходило в Брюсселе и Франции, Антонио Гауди (1852–1926 гг.) работал в Барселоне, Испания, и был одним из самых творческих и изобретательных архитекторов в движении в стиле модерн. Скульптурные формы Гауди, кажется, находятся в постоянном движении (Рис.3). Его внутреннее пространство кажется изогнутым, оставляя странные окна органической формы, которые кажутся выдолбленными ветром. Такие же чувственные, плавные формы появляются в его мебели и креплении.

Чарльз Ренни Макинтош (1868–1928 гг.), шотландец, был единственным изобретательным архитектором, работающим в стиле модерн в Великобритании. Проекты Макинтоша состояли в основном из прямолинейных форм с тонкими вихрями линейных узоров. Его мебель была формальной и элегантной, с высокими (некоторые были более шести футов в высоту) прямыми спинками с тонкими вертикальными деталями (Рис. 4).



Рис. 3. Арх. Антонио Гауди



Рис. 4. Дизайн стульев с высокой спинкой.
Авт. Макинтош. Чайная Комната «Ива»,
1903 г.

Соединенных Штатах было только два главных дизайнера стиля модерн: Луи Салливан (1856–1924 гг.) и Л.С. Тиффани (1848–1933 гг.). Салливан был чикагским архитектором, который проектировал коммерческие здания, применяя стилизованный, плавный цветочный дизайн к экстерьерам (Рис. 5). Тиффани, который разработал новые методы работы со стеклом и металлом, известен благодаря крутящимся декоративным узорам и ярким цветам на цветах и деревьях своих витражей и абажуров.



Рис. 5. Луи Салливан (1856–
1924 гг.) и Л.С. Тиффани
(1848–1933 гг.)

Двадцатый век В двадцатом веке группа дизайнеров разработала Современный стиль архитектуры и дизайна. Когда они начали свою инновационную практику, американские и европейские дизайнеры и архитекторы все еще использовали исторические или эклектичные стили, а архитекторы, которые посещали Французскую школу Изыщных Искусств, «заимствовали» псевдоклассические элементы для строительных словарей [3].

Пионеры Модернизма Луи Салливан был важным архитектором не только как пионер в развитии модернизма, но и как наставник Фрэнка Ллойда Райта. Салливан принял фразу «форма следует за функцией» как принцип, определяющий способ, которым архитектурные и дизайнерские элементы выражали свою структуру, а не скрывая ее эклектичным орнаментом.

Фрэнк Ллойд Райт (1867–1959) разработал теорию «органической» архитектуры, которая утверждает, что здание должно расти изнутри, сливаясь с ландшафтом. Райт считал, что архитектура должна вдохновлять, выходить за рамки потребностей комфорта и жилья. В своих домашних проектах он использовал концепцию открытой планировки, отрываясь от многих коробчатых замкнутых внутренних пространств. (Рис.6).



Рис. 6 Арх. Фрэнка Ллойда Райта для дома Роби (1909) в Чикаго

выразивших его органическую теорию дизайна, является резиденция Кауфманна, «Водопад» (Рис. 7), в Милл-Ран, Пенсильвания (1934–1937 гг.). Для строительных материалов он использовал в основном бетон и известняк.

Ле Корбюзье (1887–1965 гг.), швейцарский архитектор и дизайнер, чье собственное имя было Чарльз-Эдуард Жаннерет-Гри, был ранним французским модернистом, который использовал простые дизайны в стиле кубизма. Он полагал, что дом - это «машина для жизни», тогда как



Рис. 8 Арх. Л. Корбюзье, П. Жаннер.
Вилла Савойя (1929–1930) в Пуасси, Франция

ере Ле Корбюзье он отказался от многих своих простых геометрических форм, создавая более скульптурную форму архитектуры из бетона и штукатурки, как это было продемонстрировано в церкви в Роншаме в 1950 году.

Библиографический список:

1. Тургамбаева Л.Р. Очерки истории материальной культуры и дизайна. Алматы: Фонд Сорос – Казахстан, 2002.
2. Введение в архитектурное проектирование. М.: Стройиздат, 1999.
3. Эстетические ценности предметно-пространственной среды. Под ред. Л.Иконникова, М.: «Стройиздат», 1990.

Райт строго контролировал дизайн всех своих зданий, включая интерьеры и мебель. Он использовал натуральные тона в штукатурке и натуральной отделке по дереву. Его интерьеры изобиловали геометрическими узорами, диагональными мотивами, витражными вставками и асимметричными композициями. Дизайн сидений Райта был геометрическим и довольно неудобным, потому что он чувствовал, что сидение было неестественным положением тела, а положение стоя и в наклоне были естественными. Многие предметы были встроены и интегрированы в архитектуру.

Одним из самых потрясающих произведений Райта,



Рис. 7 Арх. Райт Дом над Водопадом

в концепции Райта этот дом и ландшафт были едины. Проекты Ле Корбюзье, в которых представлены геометрические абстракции, были основаны на принципах математических упорядоченных модулей. Его лучшим утверждением модернизма в архитектуре является простая, похожая на коробку вилла Савойе, построенная в 1929 году в пригороде Парижа Пуасси (Рис. 8).

Ле Корбюзье работал с дизайнером мебели Шарлоттой Феррианд и проектировал столы, стулья и встроенные складские помещения. Его хромированные стальные трубчатые стулья были разработаны для комфорта, разговоров или полулежачего состояния. Позже в карьере

ДӘСТҮРЛІ ШЫМ - ШИ ТОҚУ ӨНЕРІНІҢ ДАМУ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Құсыман Қ. Е., магистр, аға оқытушы, Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі
Мусаханова М. А., магистр, оқытушы, Қазақ технология және бизнес университеті

Резюме: *Рассматриваются вопросы приобщения молодежи к традиционным видам искусства, древней культуры и ремесла, а также их развитию.*

Summary: *The quality of the digestive tract is translated into the traditional way of teaching, the right culture and the rest, as well.*

Бұрынғы және қазіргі кезде қазақ халқы мен Орта Азия халықтары арасында кеңінен тараған өнер. Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажеті үшін ши қазірге дейін кеңінен пайдаланып келеді. Оны киіз үйдің құрамдас бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай - ақ үй ішіндегі ыдыс - аяқ, ошақ басын қоршап қоюға, киізүйдің есігіне ұстауға, әр түрлі үй шаруашылық мүддесіне (мәселен киіз басу жұмыстарына, жаюлы киіз сырмақтың асты ылғал тартып, білінбеуі үшін солардың астына төсеуге, сонымен бірге құрт жаю, тары сүзу т.б) кеңінен пайдаланылады. Қазақ халқының колөнері саласында ши тоқу, оған боялған түрлі - түсті жүн орап, өрнектеп безендіру ісі ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық өнері болып табылады.

Түрлі өрнекте оралған ши тұрмысқа қолдану жағынан әрі сәнді, әрі көпке дейін тозбайтын берік, әрі арзанға түсетін тиімді болады. Қазір ораулы шиді мал жайылым учаскілерінде шопандардың үйлерінен жиі кездестіріп жүрміз. Ши жинауға, жаюға, тоқуға өте ыңғайлы мүлік. [1]

Тоқылған ши мал аяғы баспаған, соны жерден, ол бойлап өскен кезде, жаздың орта шенінде тартылады. Шиді таңертең, кешке немесе жаңбырдан кейінгі шық кеппей тұрып тарту керек. Ол кездерде жер жұмсақ, ши суырылғыш болады. Өзірленген шидің қабығын аршып, көлеңкеге бумалап кептіреді де, оны өрнектеп орауға кіріседі. Қазір табиғи бояулардан гөрі тұрмыста жасанды бояуларды көбірек пайдаланады, себебі бояулар табиғи бояуларға қарағанда түстерінің саны жағынан көп және қанықтылығы да әлде қайда жоғары әрі сапалы. Ою - өрнекте бояулар - ой мен идеяны бейнелеудің, күрделі сюжеттер жасаудың құралы. Қазақтың ұлттық немесе жаңа ою - өрнектерде қолданылатын бояу түсі оның эстетикалық әсерін, өмір танытқыш күшін, болмыс шындығын бейнелеудегі қарқындылығын, адам әрекетінің белсенділігін танытады. Жалпы айтқанда, бояу үндестігі, бояу шешімі ою - өрнек өнерінде идеялық және эмоциялық мәні бар негізгі арқау болып саналады. Сондай - ақ, ою - өрнектегі әрбір бояудың өзіндік тарихы барын аңғару қиын емес. Ою - өрнек өнерінде бояулар күрделі роль атқаратынын ондағы ой мен идеяны бейнелеу сияқты күрделі мсқасатты қолданылғанын білеміз. Сондықтан суретші, шебер қиып алған оюын, жүнін бұйымға бейнелеу, не тігу үшін оған қосымша қолданатын материалдың түсін таңдай білу керек. Енді жүннің түрлеріне келетін болсақ, ши тоқу, киіз басу, текемет ойыстыру ісі алдыменжүн сұрыптаудан басталады. Негізінен ши тоқуға көбіне қойдың күзен жүні мен қозының жүні қолданылады. Осы орайда жүн түрлеріне қысқаша анықтама бере кеткен жөн секілді. [2]

Жабағы жүн қойдан күн жылы, мамыражай болғанда, яғним жазғытұрым қырқылады. *Жабағы жүннің* қырқылуы оның теріден тұтас көтеріле бастаған кезіне сай келуі тиіс. Өйткені, қой терісіне жаңа түтіктердің өскіндей бастауы жабағы жүнді кетеріп, біріншіден, қырқын жұмысын оңайлатады, екіншіден, мал терісін зақымданудан сақтайды, үшіншіден, ысырапқа жол бермеу.

Күзем жүн қойдан күз мезгілінде қырқылып алынады. Тағы да жергілікті жердің ауа райын ескере отырып, қара суыққа ұрындырмай, қойды бірнеше рет тоғытып, жүні кепкеннен кейін қырқады.

Қозы жүні - қозы туған жылы бірінші қырқылған жүн. Сапасы жағынан талшықтары нәзік ұйыспаған, күзем жүнге ұқсас келеді.

Текемет, киіз басу жұмысына осы жүндерден араластырып пайдалануға немесе бір маусымдық жүнді пайдалануға да болады. Егер жабағы жүн шайырлы әрі лс болса, әбден жуылып, кептірілгеннен кейін ғана пайдаланылады. Жувылған жабағы жүн қайшымен ұсақтап қиылады. Өйткені оның талшықтары ұзын, ұйысып, қол байлайды.

Осы сұрыпталған жүндерді одна әрі өндеуге кірсу қажет.

Алдымен жүн сабалады. Жүн сабау да оңай жұмыс емес. Оған ең ең алдымен ұзындығы мертден артығырақ сабау таяқ керек. Сабауды жыңғылдың, ырғайдың бүрін тегістеп немесе бұтақсыз жас талдың қабығын сыдырып кетіріп жасайды. [3]

Жүн сабайтын жер тегіс әрі кең болуы керек. Жүнді тулақ үстінде аула ішінде сабайды. Ал, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда, бөлмедегі нәрселерді, шаң - тозаң, қиқым түспейтіндей етіп

түгел қымтап жауып тастағансон ғана жүн сабауға кірісуге болады. Сабар алдында жүн екі - үш сағат күн көзінде жатса тіптен жақсы.

Тулақ - жүн сабауға айналып, ірі малдың терісін шикідей керіп, кептіріп жасалады. Кепкен тулақты пайдаланар алдында сүт бүркіп жібітеді. Сонда жүн сабай кезінде тулақ сынып кетпейді.

Шиге ою - өрнектердің барлық түрлерін пайдаланып, орауға болады. Шидің өрнегі әрі мінсіз, әрі әдемі көріну үшін, шебер ең алдымен өрнек мәнерлерін таңдап алады. Одан соң қажет болуына байланысты бірнеше түсте боялып, түтілген жүн түрлеріне қарай бөлек - бөлек шүйкеленіп домалақтанады да дорбаға салынып ілінеді.

Ши ораудың екі әдісі бар. Бірі тоқулы тұрған даяр шидің өрнегіне сала отырып орау. Екіншісі, жаңа өрнек бойынша үлгімен орау. Оралып, тоқылған даяр шидің өрнегіне салып орайтын шиді бір - бірлеп өрнек бойынша әр түсті оралған шидің буындарын дәл келтіре салып, санай отырып орайды. Оралған шилерді өрнегіне сәйкес өз алдына бөлектеп жіңішке шуда жіппен тізіп отырады.

Ши тоқуға айналып иірілген жалаң қабат жіп екі қабатталып ширатылады да, бірнеше домалаққа төгіледі. Домалақтарды салмақты ету үшін жіпті темірге немесе тасқа төгеді. Мөлшері орташа бір қанат шидің өн бойы 9 - 11 жерден тоқылады. Тоқу ісіне керекті ең негізгі станок - арқалық. Бұл арқалықты (сыртқы) екі басынан жіппен байлап, 1 см немесе 20 см биік ағашқа асып қояды.

Арқалықтың өн бойын әр жерден тоқылатын жіп ілінетіндей етіп кертеді. Содан кейін екі ұшы домалақталған жіптердің арқалыққа дәл ортасын келтіріп, көлденең асады. Осылай қатарынан асылып тұрған жіптің ортасына әкеліп бірнеше шиді сырықты бойлата салады да, әлгі жіптерді әрлі - берлі айқастырып домалақтарын ауыстырады, яғни оқушы арқалықтың әр жағындағы домалақты оң қолымен алып ар жағына түсіреді. Осы тәртіппен шидің өн бойы тоқылып шығады. Ши мен шиді тізетін тоқу жібі әрбір шиді ораған сайын екі жіп өзара бір айқасып есіліп отырады. Мұны шебер өз жағындағы домалақты біресе оң қолымен, біресе сол қолымен көтеріп ауыстыру арқылы оңай орындайды. [4]

Шидің «қаракұсы». Тоқылатын шидің басталған жағы мен аяқталған жақ шетіне үш шиді қабаттап әуелі өз алдына бір рет жай жіппен ерсілі - қарсылы сирек орап байланыстырады. Қара жүннен жасалған ақ шиге оралған осы бір байланыстырудың өзі үшбұрыштардың тізбегі сияқты өрнек болып шығады. Мұны ши ораушылар «шыбын қанат» өрнегі дейді. Тоқи бастағанда бір немесе екі қарыстай жерге дейін ыңғай осыларды салып тоқиды. Сонда тоқылған шидің екі жақ шеті (басталып, аяқталған шеттері) қалыңдап, берік болып шығады. Ши тоқушылар мұны «қаракұс» деп атайды. Осы қалың шетке шидің бауы бекітіледі де, оны басқа бір затпен байланыстыруға мүмкіндік жасайды. Тоқылып болған шидің бас - аяғын тегістеп қырқады. Кейбір адамдар қырқылған шидің екі жақ шетін әдемі матамен, киізбен көмкеріп, тігіп қояды. [5]

Қазіргі халық өнері туралы сөз ететін болсақ алдымен халықтың дәстүрлі қолөнері ойға оралады. Әрине, бұл түсінікті. Халықтың ұлттық шығармашылықтың ең жоғарғы формасы юлып саналады. Және болып қала береді. Қолөнердің өмір сүргіштігі оның ұжымға негізделгеніне, үзілмей сабақтастыққа дамуына байланысты қолөнер кәсібін таңдаған әке мен ананың кәсібін ұлы мен қызы, немерелері мен шөберелері жалғастырған. Қазақ халқына «аталық кәсіп», «ата - баба кәсібі», «ата - баба өнері», «жеті атасынан айтулы шебер» ұғымдары осы дәстүрге байланысты айтылған. Ұрпақтың қолөнер кәсібіндегі таңдауының алдын ала белгіленіп қоюы осы кәсіптің ұзақ және табысты дамуына, сондай - ақ ұжымның ұлттық мәдениетке, жауапкершілікке, аялы қарым - қатынастарға негізделген көркемдік талғамын, тәрбиелік мүмкіндіктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Библиографиялық тізім:

1. Қасенова Қ., Шкляева С. Кілем мен түскілем тоқып үйренеміз. Учимся ткать ковры и гобелены. Посobie для ремесленников. Шебер. - Алматы, 2009. - 9 - 12 б.
2. Войлок казахов: вечер и сегодня. Шебер. - Алматы, 2009. - 3 - 15 б.
3. Асанова С., Птицина А. История Казахского народного костюма и прикладного искусства. - Алматы: Тауар, 2000. - 220 .
4. Касиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1995. - 240 б.
5. Концепция этнокультурного образования Республики Казахстан. « Казахстанская правда». - 1996 - 07.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МАҢЫЗЫ

Сагандықова М.Ш., Мухаметжанова Б.Е., 3-курс студенттері

Қазақ технология және бизнес университеті

Ғылыми жетекші – Байжанова Ж.Б., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Резюме: Программа «Руханижаңғыру», ориентированная на возрождение духовных ценностей казахстанцев с учетом всех современных рисков и вызовов глобализации, призвана повысить конкурентоспособность Казахстана в мире, сохранить национальную идентичность, популяризовать культ знания и открытость сознания граждан. Эти качества должны стать основными ориентирами современного казахстанца. Национальная одежда казахов вобрала в себя все лучшее, что смогли создать искусство и талант народных умельцев на протяжении веков.

Summary: The «Rukhani Zhangyru» program, aimed at reviving the spiritual values of Kazakhstan people, taking into account all modern risks and challenges of globalization, is designed to increase Kazakhstan's competitiveness in the world, preserve national identity, popularize the cult of knowledge and openness of citizens' consciousness. These qualities should become the main guidelines of the modern Kazakhstani. The national clothes of the Kazakhs absorbed all the best that could create the art and talent of craftsmen for centuries.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жиырма бірінші ғасырда ұлттық танымымызды сақтап қалуға қатысты ой айтты. Елдің бұдан ары қарай дамуы ұлттық мүддемен, ұлттық мәдениетпен ұштасуы тиіс.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілікпен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылармен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н. Ә. Назарбаев. [1] Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тілімізбен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Қазақ халқының ұлттық болмысы өзіне тән оқшау қалыппен сақталып, өзге ұлттардан дараланып тұратындығымен ерекше. Сонымен қатар халқымыздың бай тарихи дәстүрге ие ұлттық киім – киім мәдениетінде атауға болады. Ұлттық киімдеріміз басқа халықтардың киімдеріне ұқсай бермейтін өзгеше даралығы және жарасымды сән-салтанатымен ерекшеленеді.

Мысалға Шотландияда өзін құрметтейтін шотланд татан белдемшесін киіп, өздерінің киістерімен мақтан тұтады. Японияда Кимономен көшеде жүргенді патротизмге санайды және мемлекет ұлттық киім киген адамға ақшалай сый береді. Корея халқына жан-жақтан туристер келіп, Хан Сарайына кіру үшін Хонбоккі кигізеді және өздері еркін көшеде жүреді. Өзбекстан, Үндістан елдерінде өз ұлттық киімдерін киіп жүруді әдетке айналдырған. Бұл елдермен салыстырғанда өзіміздің ұлттық киіміміз осындай деңгейде құрметтелмейді. Бұл жолдаумен қоса неге қазақ халқының ұлттық киімін жаһандатпауға?! Қазіргі кезде ұлттық киімді киетін адамдарды кездестіру өте қиын. Сонымен қоса азаматтар ұлттық киімді киюге ұялады. Бұған не себеп? Қазақстандықтар қазақтың ұлттық киімін немесе еоның стильді нұсқаларын кигілері келеді. Алайда нарықта қолжетімді үлгілері өте аз немесе лайықты сапа деңгейіне сай келмейді. Екіншіден, заманауи қазақстандықтардың қазақтың ұлттық киімінің алуан түрлілігі, оның тұрмыстық түрлері, мақсаттылығымен функциясы туралы түсініктері аз.

Соңғы он жылдықпен салыстырғанда ұлттық киімге деген сұраныс артты. Қазі әдемі сән үлгісінде қазақы нақышта тігіліп жүр. Бұл жақсы үрдіс, адамдар өз ұлтының, мәдениетінің қадірін түсіне бастаған болар. Мерейтойларға зерлеп тіккен камзол, шапандар сыйлауда сәнге айналды.

Ұлттық киім тігу, оның өрнегін салу оңай шаруа емес. Кәсіби шеберлікпен қатар, ою түрлерінің мән-мағынасында білген абзал. Себебі киім үлгілерін кез келген оюмен өрнектей салуға болмайды. Мысалы ерлерге арналған шапан, әйелдерге арналған камзол бар. Әрқайсысының өрнегі әртүрлі және ұлттық киімнің еліміздің батыс өңірінде оюлары ірі болып келеді. Ал оңтүстік қазақстанның адамдары ұсақ гүлдермен өрнектелген шапандар кигенді жақсы көреді. Әр ою-өрнекке байыппен қарау талап болғандықтан, дизайнер, модольер ұлттық киімдердің тарихын зерттеу қажет. Қыздарға, әйелдерге арналған ұлттық киімдер көбінесе жинақпен жүреді көйлек және камзол, көйлек және бешпет т.б. [2] Сондықтан қазақ ұлттық киімін әліде дұрыстап зерттеп халыққа жеткізу керек.

Жалпы, қазақтың ұлттық киімдері тек Ұлыстың ұлы күні мерекесінде және үйлену тойларында, мерекелік концерттерде, мағынасына қарай сахыналық көріністе ғана киіледі. Қалған уақытта ұмыт қалады. Ұлттық киімдерді дәріптеу үшін қазақтың ұлт жанды азаматтары арнайы «Ұлттық киімдер» күнін жариялап, сол күні қазақы нақышта жасалған киім кию турал ұсыныстарын жариялаған болатын. Бұл үндеуге көпшілік қолдау білдіріп, сәуір айының соңғы жұма күні «Қазақтың ұлттық киімі күні» деп белгіленіп, мереке ретінде атап өту жоспарланған еді.

Арман Нұрмұханбетовтың дем беруімен энтузиастар тобы әлеуметтік желілерге 24 сәуірде «Қазақтың ұлттық киімі» күнін өткізу туралы бастаманы таратқан еді. Олар патриотизм идеясы жақын және халық тарихын қымбат көретін барлық қазақстандықты бұл күні күнделікті киім ретінде ұлттық киімді, оның жекелеген детальдарын немесе этно аксессуарларын қолдануға шақырды. Жоспарланғандай, Алматыда бұл күні еліміздің түкпір-түкпірінен елімізге берекемен көркею тілеген лебіздер жазылып жіберілген мата қиындыларынан кең шапан – Ел шапан тігілді.[3]

Қазақ сән индустриясының проблемасы мата өндіру кезінде отандық дизайнерлер әр жылсайын шығармашылығын және үлкен қаржы-жинақтарын инвестицияға кетіреді. Авангард, жұмыс, кешкі көйлектер немесе күнделікті киім болсын, әрбір жұмыс автордың шеберлігімен жеке басын көрсетеді. Қазақстандық дизайнерлердің болашаққа ұмтылатын жолы бар екені сөзсіз. Қоғамға қайтадан олар бұрын ұнатқан дәстүр қайта оралу тән. Мысалы, дизайнерлер адамдардың тілектерін болжайды: егер сәнде ұзақ уақыт бойы ретро стилі, ұзын белдемшелер, әртүрлі ұзындықтағы кең көлектер болмай кетсе, онда заманауи түрде сән бағытына өзгеріс енгізіп, жаңа тренд жасау бағыт алады. Сол үшін қазақ ұлттық киімін заманға сай жаңартып ұлттық нақышқа келтірсе болады.

Қазақ ұлттық киімі ол – ұлттық нақыш, сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Библиографиялық тізім:

1. М. Ш. Өмірбекова «Қазақ ұлттық киімінің этно мәдени лексикасы», Алматы: Дәуір, 2015 ж.
2. Бикенов А. Х. «Қазақ халқының ұлттық киімі», Астана, 2007ж.
3. www.qazaquni.kz

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫ

Семғалиев Ө.Е., С. Меңдешев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Батыс Қазақстан облысы, Маштексай ауылы Ғылыми жетекші – **Байжанова Ж.Б.,** т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ технология және бизнес университеті

Резюме: Если мы потеряли большую часть своих жемчужных традиций, сформированных на протяжении веков, то теперь восстанавливаем придаем современный вид. Но с ранних времен до сих пор не хватает казахские национальные одежды, которая не теряет своего достоинства и не может быть использована не только как передовая модель ручного искусства, но и быть красочной, и удобной.

Summary: If we have lost most of our pearl traditions formed over the centuries, now the rest is outdated. But since early times, there is still a lack of Kazakh national clothing, which does not lose its dignity and cannot be used not only as an advanced model of manual art, but also to be colorful and comfortable.

Ұлттық киім ансамбілінің сәнді құрылымдық және көркемдік бейнелілік бірлікке қол жеткізудің тәсілдері мен құралдары оларға терең талдау жасауды қажет етеді. Дизайн стиль қалыптастыру процесінде көркемдік пішін қалыптастырудың әр түрлі аспектеріне тікелей қатысты бола отырып, ұлттық дәстүрді де есепке алады.

Ұлттық киімнің пішіні мен құрылымы, оның элементтері әрқашанда мата түріне, оның созылымдық (пластикалық) сипатына, фактурасына, ою-өрнегіне, түсіне бағынышты. Киімнің

конструкциялық принциптерінің шешімі, алдын ала ойластырылған жоба, пішім мен сәннің сәйкестігі, мата мен пішін қолданысының үйлесімділігі киімнің жаңа үлгісін жасауда дизайнерлік шешімнің үлгісі болып табылады.

Оған түстер мен қарама- қарсы түстердің үйлесіміне және конструктивті сызықтар жасаудың пластикасы мен айқын силуэтті сызықтардың сәйкестігіне негізделген мүсіншілік пен пластикалық принциптер жатады. Костюмнің түрлі безендірілуі мен кию тәсілі оған шат-шадымен, көңілді мерекелік көңіл күй немесе байыптылық, салмақтылық сипат берді. [1]

Ұлттық киім мен оның элементтері (бас киімдері, иық және белдік бұйымдары, сәнді әшекейлері т.б. аксессуарлары) республикалық барлық әлеуметтік топтары арасында әрқашан үлкен сұранысқа ие. Дәстүрлі киім үлгілері Республикада өткізілетін түрлі ұлттық мерекелерде, әдет ғұрып дәстүрлерде, ұлттық ойындарда, жарыстарда көрсетіледі.

Бүгінгі таңда дизайнерлер ұлттық киімнің эмоционалды-көркемдік бейнесі қазіргі өндірістің жаңа технологиясын, жаңа әдісін, жаңа матасын пайдалана отырып, бүгінгі күн талабына сай костюмнің моделін жасауға ұмтылады. Ең басты міндеті- жаңа модель құруда ұлттық киімнің рационалдық (тепе-теңдік) принципін, құрылымдылық ерекшелігін сақтау.

Белгілі бір қасиетіне, сапасына сәйкес жаңа маталар мен көмекші материалдардың пайда болуы киімді пішінге келтірудің, оның технологиясын дайындау принциптерінің жаңа әдіс тәсілін тудыртады.

Ұлттық киім интерпретация объектісі бола отырып, мынадай мәселе қояды: қазіргі костюмнің көркемдік шешіміне эмоционалдық сезімнің артуы мақсатында ұлттық киімнің басты белгілері тұтасымен қалай енуі керек. Сондықтан, суретші эскиздік жұмысқа кіріспес бұрын ұлттық киімнің бұрынғы кезеңдік өмірін, оның атқаратын ерметін, түр-түсін, әдет-ғұрып дәстүрінде алатын орнын, қоршаған ортамен байланысын зерттеп, бойына сіңіруі қажет.

Қазақ ұлттық киімдері - халықтың материалдық мәдениетіндегі айқын және өз ерекшелігі бар құбылыс: ол пішін логикасымен, құрылым тұтастығымен, түр-түсінің байлығымен, бояуының қанықтығымен таңқалдырады. Ұлттық киім негізінде пішімнің қалыптасуы мен ою өрнегінің орналасуы, түр түсінің сәйкес келуіне сай принциптер мен ерекшеліктер жатыр. Қашан, қайда және қандай үйлесімде киім кию қажеттігін уақыт пен дәстүр шешіп берді. Ғасырлар бойы жинақталған осындай ерекшеліктерді ұлттық киімнің көркем безендірілуі мен құрылым принциптері ретінде бағалауға болады. [2]

Халық киімдерін зерттей отырып, оның барлық пластикалық байлығын, пропорционалды қарым- қатынас көркемділігін, түр-түсінің, гаммасының, фактурасының әр түрлілігін және ритм байлығын сезінуге болады.

Қазақ халықтық киіміне негізделген қазіргі заман киімінің даралық шешімін оның негізін еске ала отырып, толық көшірмей, тек қана тақырып түбірін әрі оған қатысты сапаларын ескерген жөн (сурет -1).



Сурет-1. Қазіргі заманауи үлгідегі жинақ

Сырттан кіріп келгенде ою-өрнекті, кестелі, моншақты көздің жауын алатын сәнді киімдерді көргенде жұмақтың ішіне кіріп кеткендей боласың. Осындай сәнді де көз жауын алатын киімдерді кигенде әр-бір бойжеткен бойын тіктеп, жүрістерін сыпайылап, дауысын бәсеңдетіп қазақтың болмысына тән биязылық пайда болады. Ұлттық киімдер етегі тобыққа дейін төгілген, бағалы теріден тігілген бөркін, кестелі камзолын киіп шыққан кезде нағыз хор ерындай сезіледі. Ұлттық киім адамның мінезін тәрбиелейді. [3] Сыпайы, сымбатты, биязы болуға қалыптастырады. Біз керемет сәнді, бай киімдерімізді киюге, елге танытуға құлықсыздығымызға қатты намыстанамын. Әрине, күнделікті жүріп – тұруға ыңғайлы киім киген дұрыс та шығар, бірақ ұлттық киімнің негізінде күнделікті киюге арналған киімдердің үлгісі бар. Олардың кейбіреулерін ескінің көзі қарттар күнделікті киіп жүрсе, енді біреулері ер ұзату, келін түсіру тойларында ойын – сауыққа пайдаланады. Оны біреу білсе, біреу білмейді. Себебі бізде насихат аз. Қазіргі кезде ұлттық киім негізінде әр – түрлі киім үлгілері, әсіресе жас қалыңдыққа көптеп тігіліп жүр. Яғни айтқанда, баяғы қазақтың дәстүрі, киім кию, өзін ұстау қайта үрдіс алуда. Әрине бұл қуантарлық жағдай. Ертеректегі киімнің пішімі, түс әлпеті, құрастыру тәсілдері, қазіргі киімді тігу, пішу, құрастыруға қолданылуда. Дегенмен әлі де оны толық танып білгеніміз жоқ. Қазіргі уақытта өкінішке орай ұлттық киімнің үлгілерін жетік меңгермегенбіз. Әрине ұлттық киімнің негізін ою-өрнек, бас киімнің түр-түрі, камзол, белдемше, бүрмелі көйлектер, сәнді белдіктер, құрап тұр. [4] Қазіргі заманауи уақытта бұрын апа-әжелеріміз қол майын тамызып сәндеген киімдерін, нанотехнологиялармен, яғни автоматтандырылған уақытта киімді баяғы үлгімен тіксе де, кестелеу көбінесе қол жұмыстарымен өңделінеді. Дегенмен автоматтандыру мен қол жұмыстарын бірге алып жүру жұмысты қолайлы әрі жылдамдатуға көп көмегін тигізеді.

Ұлттық киім иесіне әдеттегідей ерекше тыс көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Ұлттық киім киген адамның бойын ұлтжандылық, отаншылдық, ұлттық дәстүрге, ұлттық өнерге деген махаббат сезімі билейді (сурет-2). Қазіргі уақытта киімдерге қазақтың ою-өрнектерін, желбіршекті көйлектерді, әшекейленген камзолдарды, ұлттық бас киімдерді көп кездестіреміз. Қазақ киімдерін тек қана біздің болашақ жастарға ғана емес, бүкіл әлемге қазақ ұлттық киімдерінің деңгейін көтеріп, мақтан тұта аламыз.



Сурет-2. Қалпына келтірілген ұлттық киімдер үлгісі

Библиографиялық тізім:

1. Саиров Е., Серік Ә. Кунсткамера жинағындағы Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, А., «Полиграфкомбинат», 2008 ж.
2. Г.Ә. Тәкішева, Б.Е. Асанова «Киімді модельдеу және көркемдік безендіру» Фолиант баспасы, 2008.
3. Б.Асанова, А. Птицина, Ұ. Әбдіғабарова Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы, Астана «Фолиант», 2012 ж.
4. Қазақша – орысша терминологиялық сөздік «Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі», Астана «Фолиант», 2008 ж.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПАЛЬТО АССОРТИМЕНТТІҢ СӘН БАҒЫТЫН ТАЛДАУ

Шаймардан К.Ж., Қазақ технология және бизнес университеті, 4-курс
Ғылыми жетекшісі – *Қожабергена К.Д.*, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Резюме: Проанализировано модное направление пелеринового пальто для детей дошкольного возраста.

Summary: The article analyzes the fashion trend of the pelerine coat for preschool children.

XII-XIV ғасырлық иық жамылғысы балалардың киімі ретінде қолданыста пайда болды. Алдымен жамылғы жай ғана жабайы аңның терісінен болды, кейін оны тығыз матадан жасай бастады.[1] Ал тарихта пальто сөзі Францияда XVIII ғасырда бастау алады. "Пальто" сөзі испан сөзінен шыққан "пальтоке" (исп. palleteoque), ол екі негіз — pallium (кең плащ) және toque (бас киім) көмегімен құрылған. Бұл киімді испан шаруалары XVI ғасырдың басында киген.[2] "Пальто" атауын сәл өзгертіп (гол. palastrock), үй іргесіндегі ақсүйектің киім элементі ретінде болды.

Жамылғы әртүрлі тарихи кезеңдерге жатады, көптеген елдерде кездеседі, әртүрлі әдеби жанрлардың кейіпкерлерінде кездеседі. Ең танымал жамылғы – пелерин (қола ғасыры, б.з.д. II мыңжылдықтар) - бұл қаңылтыр алтыннан жасалған зергерлік бұйым. Ол 1833 жылы Молд қаласында Солтүстік Уэльсте қорғанында табылды. Пелеринамен бірге қылшық матаның қалдықтары мен 16 парақты қола фрагменттері табылды, олар пелеринаның негізі болып табылады: Алтын парактар бронзаға тойтармамен бекітілген. Пелериннің ені 458 ММ.[3]

Оны сиқыршылар мен саяхатшылар жақсы көрді, әдеттегідей кішкентай қызыл шабандоз монахтар мен саяхатшылардың киімдерінің міндетті детальдары болды. Католик дінбасыларының иықтарындағы пальтосы арқылы жай адамдардан ажыратылды. Виктория дәуірінде бұл киім көк қан адамдарының артықшылығы болды. Қазіргі мәдениетте әлемнің барлық сиқыршылары мен билеушілерінің міндетті атрибуты болып келеді.

Оны қайтадан өткен ғасырдың 60-шы жылдарында Пьер Карден әкелді. Ал 2011 жылдан бастап біртіндеп танымалдық шыңына көтерілуде, ал 2020 жылға қарай гардеробтың ең сәнді бөлшектерінің біріне айналады. Біздің климаттық жағдайда балаларға арналған пелерин пальтосы ыңғайлы, экологиялық және қарапайым болуы тиіс екенін айта кету керек. Сәнді балалар пальтосы көрінісіне деген құштарлық дизайнерлерді бұрынғы ұмытылған стильдерден шабыт іздеуге шақырады. Сондықтанда бүгінгі күні балаларға арналған модельдерде дизайнерлер балалардың пелерин пальтосын жүзеге асыруға тырысады, сондықтан кішкентай балаларға арналған киім-кешек ересектердің киімінен тек қана өлшеммен ерекшеленетін болып келеді. Қазіргі уақытта ересектерге арналған сәнді заттардың әрбір танымал өндірушісі балаларға арналған киім желісін шығаруға тырысып жатыр.



Сурет 1. Жетекші брендті маркалы пальтолар

Нарықтағы негізгі бағыт D&G junior, Armanijunior, DiorBaby, Kenzo Kids, BOSSKidswear, LovableFriends, HudsonBaby, ReneRofe және т.б. Арзан брендтер OldNavy, Disney, Crazy8, Spasilk, BonBebe, Paff-Dreams және басқа көптеген Америка, Еуропа, Қытай және Түркия өндірушілері

ұсынады. Сондай-ақ, bambu сияқты өндіруші фирмалардың балаларына ғана бағытталған киімдерді өндіруде.

Жетекші брендті маркалар ата-аналарды жылдың суық мезгілінде, ең болмағанда табиғи немесе жасанды теріден жасалған бұйымдардың бір жұпты өнімдерін сатып алуға шақырады. Суық қысқы немесе жаңбырлы күндер үшін тері мен ылғалға төзімді жүн киімдерін киінуді ұсынады.



Сурет 2. Табиғи немесе жасанды теріден жасалған бұйымдар

Біздің ендік үшін өзекті нұсқалар ұқыпты теріден жасалған бас киімдер мен береттер, классикалық пальто және пелерин пальто, қысқа жамылғылар мен алмалы-салмалы жағалар болып табылады. Осы маусымда балалар бейнесі үлбір сөмкелер мен әшекейлер болуы сәнде болып отыр. Әшекей ретінде, жамылғы, баулы сөмкелер және түрлі қапсырмалар қолданылады. Мектеп оқушысының киімінде сұр, қоңыр, ақ, қара және болат тондар басым, ал балалар мен бөбекжай жастағы балалардың гардеробында ашық реңктер – қызғылт, күлгін, аквамарин, қызғылт сары, изумруд және күлгін реңктер қолданылады.

Библиографиялық тізім:

1. История детской одежды [Интернет-ресурс]. – Режим доступа: <http://www.stylekids.com.ua/blog/detskaya-odezhda-istoria/>
2. И.А. Куликова, А.Я. Сковронский «Детская верхняя одежда»// Швейная промышленность, 1966 – 12 с.
3. История пелерина [Интернет-ресурс]. – Режим доступа: <https://www.colors.life/post/316795/>.

НЕТРАДИЦИОННЫЙ ГАРДЕРОБ

Днекешева А.С., Казахский университет технологии и бизнеса, 4 курс
 Научный руководитель – *Джакпарова Р.С.*, к.т.н., профессор
Джусупова-Парфилькина И.М., магистр, ст.преподаватель

Түйін: Берілген мақалада бүкіл адамзаттың үй жануарларына (мысықтар мен иттерге) арналған функционалды киімді қалыптастыруға деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Summary: This article shows the growing interest of all mankind in the formation of functional clothing for pets (cats and dogs).

В настоящее время развитию легкой промышленности уделяется исключительно большое внимание. Так уровень потребления товаров легкой промышленности занимает вторую позицию после потребления продовольственных продуктов. Объемы производства товаров легкой промышленности растут с каждым годом. Это связано, прежде всего, с увеличением потребительского интереса населения на фоне меняющихся тенденций повседневной и высокой моды, применения революционных технологий при производстве одежды, лояльной ценовой политики.

При этом легкая промышленность не ограничивается производством одежды исключительно для людей. В последнее время огромную популярность завоевывает одежда для домашних животных.

Сегодня люди все больше понимают, что красиво и удобно одеваться могут не только они, но и их четвероногие любимцы. Человечество давно занимается селекцией животных, в том числе собак и кошек. Выведенные новые породы, особенно декоративные, не в состоянии выжить в естественных природных условиях. И даже в условиях проживания в городах, в теплых помещениях таким животным требуется защита от природных факторов. Так отдельным породам собак и кошек требуется дополнительная защита даже от незначительного холода. С практической точки зрения, домашним животным необходимо обеспечить защиту от дождя, грязи, мелкого мусора, путающегося в шерсти и пр. Кроме этого, и мир моды направил свой взор на внешний вид домашних питомцев. Модельеры создают модные образы, шьют вечерние платья, костюмы и смокинги для кошек и собак [1].

В Европе и США рынок одежды для животных гораздо более развит, чем в нашей стране, журналы мод представляют подборки брендов, которые шьют «небанальные наряды» для четвероногих. В индустрию товаров для домашних животных включились и «человеческие» марки. Например, бренд Moncler в 2017 году выпустил коллекцию фирменных ярких пуховиков, которые рассчитаны на разные породы собак (рис.1).



Рисунок 1. Коллекция пуховиков для собак от Moncler

Н&М совместно с Moschino тоже предусмотрели наряды для собак — серый меланжевый худи с логотипом бренда и куртку, словно разрисованную фломастерами, как в основной весенне-летней коллекции итальянского бренда (рис.2).



Рисунок 2. Верхняя одежда для собак от Н&МхMoschino

Разумеется, помимо функциональной одежды для животных существуют и красивые, иногда бесполезные наряды, следуя законам модной индустрии. Тут стоит рассказать об интернет-магазине PawmainPets. Его создатели играют с названиями «человеческих» брендов, меняя первый слог на слово «Paw» (лапа) или «Chew» (жевать). Так появились Pawvinchy и Pawsace, Chewnel и Pawlenciaga (рис.3) [2].

Рынок товаров для домашних животных — один из самых быстрорастущих. В США за последние 20 лет он вырос чуть меньше чем в три раза: с 23 миллиардов долларов до 72. В то же время, рынок Великобритании оценивается примерно в 6 миллиардов. Средний британец тратит на домашних животных 1150 фунтов стерлингов в год, из которых 200 уходит на одежду. Из чего можно заключить, что продажа одежды занимает примерно пятую часть всего рынка товаров для животных. [3].



Рисунок 3. Примеры одежды для питомцев от «псевдобрендов» Chewnel, Pawlenziaga и Pawsace

Казахстан, представляя собой современное светское государство, тоже не отстает от остального мира. С ростом туризма и мобильности укрепились и межгосударственные отношения. Страна является частью мировой культуры. Вследствие чего различные тренды и тенденции моды также распространяются на его территорию.

В Казахстане мода одевать домашних питомцев появилась относительно недавно, но сразу, же заняла прочные позиции и постепенно принимает все больший масштаб. Одевают как маленьких собачек, так и крупных, таких как бульдоги, доберманы, доги. Но чаще всего моде подвержены болонки и йоркширские терьеры. Кошек же в стильных нарядах можно увидеть только в домашних условиях. Тем не менее, каждая вещь, какой бы бесполезной она ни казалась, имеет практическое применение. Ведь мода для животных — это не стремление сделать своего любимца наряднее, а проявление заботы к четвероногому другу.

Таким образом, современные тенденции практически формируют отдельную отрасль легкой промышленности, специализирующейся на производстве одежды для домашних животных. Растущий интерес населения особенно в высокоразвитых странах к одежде для животных убедительно указывает на перспективу развития производства такой одежды. Именно поэтому эта тема очень актуальна для творческой работы.

Библиографический список:

1. «Разработка моделей одежды для собак на основе маркетингового исследования» Василевская Л.В., Петросова И.А., Гусева М.А.. Инновационное развитие легкой и текстильной промышленности: сборник материалов Международной научной студенческой конференции. Часть 2. – М.: ФГБОУ ВО «РГУ им. А.Н. Косыгина», 2018. – 279 с.
2. <https://theblueprint.ru/fashion/dog-fashion>
3. <https://pawmainpets.com/>

«КОСПЛЕЙ» - КОСТЮМИРОВАННАЯ ИГРА ПЕРЕВОПЛОЩЕНИЯ

Уважанова А.Е., Казахский университет технологии и бизнеса, 4 курс
 Научный руководитель – *Джаспарова Р.С.*, к.т.н., профессор,
Джусупова-Парфилькина И.М., магистр, ст. преподаватель

Түйін: «Косплей» жаңа формаға (образға) ену өнері деп аталады, онда киімдегі кейіпкермен үйлесу деңгейі маңызды, косплейсер өзінің мінезін іштей сезінуі керек.

Summary: “Cosplay” is called the art of reincarnation, in which the level of merging with the character in clothes is important, and the cosplayer must feel his character from the inside.

Развитие легкой промышленности в Казахстане на сегодняшний день является одним из приоритетных направлений, поскольку отрасль имеет социальную значимость, обеспечивая высокую занятость населения. Легкая промышленность Казахстана насчитывает 1044 предприятий. В ней занято 12,7 тыс. человек.

Перспективы Казахстана во многом зависят от степени его успешной интеграции в мировую экономику. При этом перед страной стоит задача не любой ценой интегрироваться в мировое хозяйство, а занять в нем место, адекватное ее экономическому потенциалу. Для решения этой задачи прежде всего необходимо знать, какими ресурсами наша страна сегодня располагает для полноценной интеграции, и что необходимо сделать, чтобы эти ресурсы задействовать и по возможности приумножить имеющийся экономический потенциал.

Современный рынок одежды в Казахстане и других странах, показывает что молодежь заинтересована в новом проявлении моды в стиле «Косплей». Это связано тем, что сейчас век технологии и все сидят за компьютерами, телевизорами. Тем самым играют много игр, смотрят мультсериалы, читают комиксы и хотят быть похожими на персонажей из этого списка. А чтобы быть похожими на них люди сами себе отшивают одежду, либо заказывают из-за границы, так как найти качественные костюмы трудно, а для человека, у которого нет навыков швеи, сшить костюм затрудняет задачу. Таким образом, это является свободной нишей в сфере производства одежды для определенного потребителя, который заинтересован в качественной и зрелищной одежде в стиле «Косплей».

Косплэй (яп. コスプレ *косупурэ*, сокр. от англ. *costume play* - «костюмированная игра») - это перевоплощение в различные роли, заключающееся в переодевании в костюмы, и отыгрывании характера, пластики тела и мимики персонажей компьютерных игр, кинематографа, литературы, комиксов, аниме и манги. Как правило, это увлечение включает в себя изготовление костюма и элементов атрибутики выбранного персонажа. История Косплея началась в золотом веке научной фантастики, длившийся с 1930-х по 1960-е годы, а также успехи в научно-техническом прогрессе, подпитывая друг друга, стали основой для широкого распространения в западном и, во многом, мировом обществе футуристических идей литературных произведений. Главным атрибутом Косплея является костюм, олицетворяющий образ персонажа. Как правило, костюм изготавливается косплеером самостоятельно из подручных или специализированных для бутафории материалов, однако существуют и покупные костюмы. В зависимости от сложности костюма его изготовление требует наличия навыков шитья, работы с бумагой и картоном, окрашивания, работы с пластиком, оргстеклом, тканью, умения работать со слесарными и токарными инструментами и т. п.

Высокоразвитых странах одежда для косплея имеет растущий интерес и указывает на перспективу развития такой одежды.

В 1970 году был проведен первый San Diego Comic-Con, ставший впоследствии ведущим мировым событием косплей-движения, а также распространивший свою франшизу на многие подобные фестивали по всему миру. На первом было 145 человек, однако уже через 10 лет его посещало по 6000 посетителей, а позже количество гостей стало измеряться сотнями тысяч человек. Успех формата проведения Comic-Con International дал старт другим масштабным мультиформатным мероприятиям подобного рода: Electronic Entertainment Expo (E3) в Лос-Анджелесе, Gamescom в Кёльне и другие; позже стало возможным проводить отдельные узкоспециализированные мероприятия, посвященные конкретному продукту или одному издателью - BlizzCon, WG Fest и т. д. [1].

Косплей называют искусством перевоплощения. Если во время маскарада нужно переодеться в другого человека, то в косплее важен уровень слияния с персонажем. Мало выглядеть похоже, нужно говорить тоном героя, копировать его манеру речи, выражение лица, употреблять те же слова и фразы, реагировать схожим образом - косплеер должен чувствовать своего персонажа изнутри.

Говорят, что у косплея японские корни. Но это не совсем так. Никому точно не известно, где именно он начал формироваться как отдельная субкультура, но бесспорно то, что в Японии он разросся шире и глубже, чем где-либо.

Возможно, дело в многовековых традициях самодеятельного японского театра «кабуки», который существует с начала XVII века. Это был синтез музыки, танца и драмы. В постановках актеры уделяли особое внимание сложному гриму, который отражал сущность персонажа, и костюмам, которые имели сильную символическую нагрузку. Традиции театра глубоко проникли в культуру страны, позволив косплею со временем гармонично отделиться как самостоятельной культурной ветви.

Считается, что первый косплей появился в 1939 году в США: на первом в мире ежегодном научно-фантастическом конвенте World Science Fiction Convention писатель-фантаст Forrest J.

Askerman нарядился в необычный футуристический костюм, сподвигнув тысячи подражателей последовать его примеру.

Косплей собирает единомышленников и дает возможность весело провести время. Он позволяет проявить себя в любой из выбранных граней: кому-то хочется показать себя в качестве актера, кому-то как дизайнера, у кого-то красивое тело или умение преподнести себя.

Если же говорить про косплей в Казахстане, то сложность в том, что в Казахстане это не сильно развито, не считая молодежь. Этот труд не так ценится, люди иногда воспринимают косплееров как аниматоров. Но надо понимать, что для аниматоров — это работа, а для косплееров — это хобби, когда ты делаешь костюм сам, вкладываешь в него силы, деньги.

Если раньше люди скрывали, что им нравится косплей, то сейчас с этим стало проще. В Казахстане стали понимать, что это нормально, у каждого человека может быть хобби. Но, тем не менее, когда в Казахстане проводится ComicCon, то с каждым годом можно заметить, что людей становится все больше и больше. Например, 2018 году в Алматы прошел крупнейший в Казахстане и Центральной Азии фестиваль комиксов AlmaCon. Вот уже в пятый раз мероприятие объединило поклонников комиксов и поп-культуры. В этом году фестиваль принял международный масштаб: приехали гости из Великобритании, России и США. Almacon-2018 собрал на одной площадке более 4000 поклонников гик-культуры. В Нур-Султане 2019 году на Comic Con Astana (рис.1) пришли около 10 000 поклонников, а на второй день 23 000 поклонников[2]. Тем самым можно отметить, что в Казахстане косплей все же имеет место быть. В дальнейшем хотелось бы показать, что Казахстан тоже может быть конкурентом в этой индустрии.



Рисунок 1. Косплей на видеоигру в Нур-Султане

Библиографический список:

1. <http://spidermedia.ru/articles/istoriya-razvitiya-comic-con-international-san-diego-0>
2. <https://www.comicconastana.com/>

УЧЕБНАЯ ИГРА «ДЛЯ ЧЕГО? ДЛЯ КОГО? ИЗ ЧЕГО?»

Джакпарова Р.С., Джусупова-Парфилькина И.М.
Казахский университет технологии и бизнеса, Нур-Султан

Түйін: Оқу іскерлік ойыны - бұл белсенді оқытудың классикалық түрі, өйткені шындық кәсіби қызметтің алғашқы тәжірибесін қалыптастырудағы инновациялық тәсілдерге мүмкіндік береді.

Summary: Educational business game is a classic form of active learning, since reality creates opportunities for innovative approaches in the formation of the initial experience of professional activity.

Выбор материалов для швейных изделий – одна из важнейших подсистем швейного производства, в которой в значительной мере определяются качество изделий, надежность и эффективность работы всей системы. Выбор оптимальных материалов для проектируемых изделий и их рациональное использование в условиях промышленного производства возможны только на основе знаний строения и свойств современных тканей и полотен, методов оценки их качества[1].

Комплексное решение этих задач возникает и в условиях индивидуального заказа на предприятиях среднего и малого бизнеса, в Домах моды, салонах, ателье.

В условиях изготовления одежды по индивидуальным заказам требуется деятельность специалистов, ориентированная на постоянно усложняющиеся потребности заказчика, непредсказуемость (или неопределенность) реальных ситуаций. В числе важных составляющих успеха является знание быстро изменяющихся модных тенденций в индустрии моды.

Неизменным требованием к выбору и использованию материалов высокого качества является максимальное обеспечение потребности в эстетических, эргономических, конструкторско-технологических, надежности и других свойствах материалов.

Учебная деловая игра по дисциплине «Конфекционирование материалов для одежды» (далее КМДО) имеет своей целью сформировать у обучающихся умение самостоятельно и творчески применить полученные знания по материаловедению, основам производства натуральных и химических волокон, КМДО и другим дисциплинам. Такая форма учебного процесса во время лабораторных занятий, СРС и СРСП позволит выработать навыки и умения решения профессиональных задач, развить творческое мышление и интерес к изучаемым вопросам дисциплины, таким как художественное и техническое конфекционирование [2].

Целью деловой игры является:

- закрепление полученных базовых знаний в области свойств и ассортимента текстильных материалов, используемых для бытовой одежды;
- усвоение методики выбора материалов для изделия на основе принципов конфекционирования материалов
- приобщение к самостоятельной творческой работе с основной и дополнительной учебной литературой, с журналами мод, отраслевыми журналами, каталогами образцов материалов.

Основные задачи игры:

- изучение ассортиментных групп основных и вспомогательных материалов для одежды;
- изучение влияния строения и свойств материалов на свойства пакетов швейных изделий;
- ознакомление с технической документацией на материалы (стандарты, прейскуранты и др.), с атласом и картами цветов, картами рисунков и др.;
- формирование умений и навыков сенсорного анализа тканей.

Учебная деловая игра является одной из форм имитационных игр. Сущность такой игры по курсу «Конфекционирование материалов для одежды» заключается в моделировании различных ситуаций и систем отношений, которые наиболее характерны для профессиональной деятельности специалиста на производстве. В учебной игре предполагаются проявлять (имитировать) деятельность художника-модельера, инженера-конструктора, дизайнера по костюму или закройщика-мастера в условиях индивидуального заказа в Доме моды, салоне моды или ателье.

Обычно на этапе разработки модного изделия при выборе материалов могут использоваться два традиционных подхода:

1. модель создается из конкретного предлагаемого материала;
2. материал подбирается в зависимости от творческого предложения (замысла).

Можно предложить три варианта выдачи задания:

1 вариант – подгруппа «заказчики» предлагает «исполнителям» игровое задание на любой вид одежды с указанием вида и назначения изделия и данных о заказчике. Полученное задание вносится в «журнал заказов» (или «листок заказов»), в котором отражается условие игры: выбор соответствующего материала к модели или модель создается из конкретного предлагаемого материала. В графу «данные о заказчике» достаточно внести следующую информацию: половозрастной признак, рост, полнота, фигура, осанка, цвет волос, лица и т.д.

2 вариант – задание выдается контрольно-экспертной группой по заранее придуманным и изготовленным карточкам – заказам.

3 вариант – задание можно получить в действующих салонах или ателье мод города, с которыми имеется договор о творческой связи.

Деление на подгруппы (1, 2 и 3) осуществляется в присутствии участников деловой игры и с их активным участием. Вторую подгруппу – группу «исполнителей» можно дополнительно разбить на бригады по 2-3 человека.

Условием игры для «заказчиков» является четкая и конкретная формулировка того, что они хотят.

Возможные варианты «заказов» могут включать следующие предложения (условия):

- по своему эскизу модели, не имея своего материала;

- имея свой материал и эскиз или без эскиза;
- не имея ни эскиза модели, ни материала;
- другие варианты (обновление, изменение модели и т.д.).

Перед группой «исполнителей» ставится более сложная задача – максимально удовлетворить спрос и желания заказчика. Каждый игрок этой подгруппы (бригады) может одновременно выступить в роли художника- модельера, дизайнера, конструктор и технолога. Возможен вариант разделения этих ролей.

В основу своих решений «художник-модельер» (либо «конструктор», «дизайнер костюма») должен взять простой, но классический принцип Н. Ламановой: Для кого? По какому случаю? Из чего? Разрабатывая любой костюм (изделие) участник игры должен учитывать какие функции в нем должны преобладать, так как это определит и конструктивное решение, и выбор материалов, и образное решение костюма[3]. Такой подход к изготовлению изделия (вещи) получил определение «функциональный подход», когда проектируют не вещь, а пользу, которую она должна принести заказчику потребителю.

Библиографический список:

1. Орленко Л.В., Гаврилова Н.И. Конфекционирование материалов для одежды: Учебное пособие. – М.:ФОРУМ: ИНФА-М, 2006. – 288с. – (Высшее образование), Москва 2006г.
2. Белгородский В.С., Кирсанова Е.А., Жихарев А.П. Инновации в материалах индустрии моды. Учебное пособие. МГУДТ. Москва 2010г.
3. Х. Эберле и др.; Материалы для швейных изделий: Учебник. – Нур-Султан: Фолиант, 2019. – 424с.

ДИЗАЙН МЕН ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСПТЕГІ МОДЕРННІҢ КӨРІНІСІ. ҚОЛӨНЕРДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ӨНЕРКӘСПКЕ ӘСЕРІ

Ыбрай Ә.Е., №56 Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы мектеп-лицей, 9 сынып
Ғылыми жетекшісі – **Байсары А.Е.**, көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Резюме: Как развиваются дизайн и легкая промышленность? Какие новые виды рукоделия популярны на данный момент? Какие принципы у предприятий чьих товаров считаются ценными? Эта статья посвящается тем которые задаются этими и многими другими вопросами.

Summary: How are design and light industry developing? What new types of needlework are popular at the moment? What are the principles of enterprises whose goods are considered valuable? This article focuses on those posed by these and many other questions.

Өнердің әртүрлі салаларындағы модерннің көрінісі.

Инновациялардың өнерге әсері

1. Үй мен өндірістегі жаңа технологиялардың орны. Уақыт өте келе заманның дамуына байланысты өмірдің әр саласы дамып, күнделікті күйбең тіршілігіміз жеңілдеді. Әрине адам өмірінің «Өнер» деп аталатын үлкен бөлігі инновацияланудан қалыс қалған жоқ. Қазіргі таңда қолөнермен айналысушы адамдардың өмірі жаңа технологиялардың арқасында жеңілдеді.

Үйде тігін тіккенде немесе кез келген бұйымды жасағанда біз жаңа технологиялармен тығыз байланысамыз. Мысалы, өз тігін мәшиненіңізбен әжеңіз қолданған тігін мәшинесі мен құрал-жабдықтарын салыстырайық:

1. Тігін мәшинесінің қайығы – мәшиненің жүрегі. Бұрынғы мәшинелерде қайық тербеліп тұрған кезде, тігу басталмайтын. Одан бөлек жіптің кернеуі әлсіз, діріл пайда болады, жылдамдық өте төмен болатын. Бүгінгі күнгі тігін мәшинелерінде ондай мәселелер туындамайды – діріл болмайды, кернеу оңай реттеледі.

2. Ескі тігін мәшинелерінде орындауға болатын операциялардың саны 20-дан аспайтын. Бұндай тігін мәшинелерінде ең көп кездескен тігіс түрлері: ілмектеулі, серпімді, жасырын, 5 сәндік тігіс түрі, бір серпімді және бір тік зигзаг тігістері. Қазіргі буын мәшинелері 300-ге жуық операция орындай алады.

3. Ескі қол мәшинелерінің өзі өте ауыр. Салмағы 10 кг-нан асатындары да бар. Ал тігін мәшинелерінің жаңа буынымен ондай мәселелер артта қалады. Олардың басқышы болғанымен салмағы мектеп дорбасының салмағынан да аспайды.

Айырмашылығы жер мен көктей. Әрине ескі мәшинелер сирек болғандықтан құнды. Бірақ олардың қазіргі замандағы ұрпақтары тігіншілерге көптеген мүмкіндік беріп, тігін үдерісін пайдалы ғана емес, жағымды етеді.

Өндірісте де жаңа технологияларды пайдалану тиімді. Өндірілетін тауар көлемін уақтылы қамту үшін компаниялар роботтар мен компьютерлерді қолданады. Мысалы, құрылысшы-роботтардың көмегімен құрылысы бірнеше жылдарға созылуы мүмкін ғимараттарды 30 күн төңірегінде салуға болады. Тамақ өнеркәсібінде қай ингредиентті қандай мөлшерде қосу керектігін компьютер есептеп тағамды дайындайды, кілемдерді роботтар тоқып, киім-кешек пен аяқ киімдерді пішіп, тігеді. Бірақ көптеген компаниялар өндірісте жаңа технологияларды емес, керісінше ұзақ уақытты талап ететін дәстүрлі технологияларды пайдаланады.

Мысалы, Түркияның Анталья қаласында орналасқан Чинар дүкенінде жібек кілемдерін ескіше технологиямен қолмен тоқиды. Ондай кілемдерді тоқу бірнеше жылға созылуы мүмкін. Сондықтан бұл дүкенде сатылатын кілемдер әлемдегі ең құнды, қымбат әрі таңдаулы кілемдердің үлгілері, жай ғана қолөнер бұйымдары емес, өнер туындылары. Сондықтан дүкен сөрелерінің сатылымындағы кілемдердің бағасы 25 000 АҚШ долларынан 5 000 000 АҚШ долларына дейін баруы мүмкін.

Жаңа технологияның орнына ескі тәсілдерді қолданатын Отандық дизайнерлердің бірі – Ая Бапани. Оның еліміздің оңтүстік астанасы – Алматы қаласында орналасқан шоу-румда сіз киізден жасалған бірде-бір тігісі жоқ киім-кешектерді көре аласыз. Ал ол бұйымдарды аса құнды етуші – олар жасалатын технология. Ая Бапанидің өнеркәсібінде киізді ертедегі көшпенді бабаларымыздың тәсілімен сабын мен суды қолдана отырып өңдейді. Осындай киізді қолмен дәстүрлі әдіспен өңдейтін, әрі сәннің соңғы үлгісіне сай бұйымды күнде көре бермессіз.

2. Жеңіл өнеркәсіп мәселелері мен Қазақстан экономикасындағы орны. Жеңіл өнеркәсіптің тоқыма, мата өндіру, тігін, аяқ киім өндірісі сияқты салалары бар. Еліміздің экономикасына бұл саланың ықпалы зор және осы саланың дамуына барлық мүмкіндіктері бар: саланы дамытуға елеулі үлестерін қосатын кәсіпкерлер, өндіріске қажет шикізат, сәннің соңғы үлгілеріне сай дизайнерлерді ойластыратын шеберлер де елімізде жеткілікті. Бірақ Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің басты мәселесі – тауардың импортқа төтеп бере алмауында. Дүкен сөрелерінде көбінесе Қытай, Қырғызстан, Ресей, Түркия мен Беларусь сияқты елдерден келген киім-кешек пен аяқ киімдер кездеседі. Халық арасында «Қазақстанда өндірілген тауар қымбат, бағасы Түркия сынды шет елдердікінен екі есе асып түседі», «Қазақстандық тауар шетел тауарының сапасына жетпес» деген ойлар көп. Сол себептен отандастарымыздың көбі жеңіл өнеркәсіп өнімдерін алу үшін базарларға барады. Ондағы тауар сапасына ешкім жауап бере алмайды, оның үстіне құрамында тек синтетика болса да, оны таза мақтадан жасалған деп сатуы мүмкін, сіз ол тауардың қай жақтан келгенін де білмейсіз. Ал арнайы дүкендерде тауардың қай жерде өндірілгені, құрамы қандай екендігі білесіз, әрі бағасы көп жағдайда тауарға сай болады. Жеңіл өнеркәсібіміздің мәселелерінің қатарында: сауатты жұмысшылар тапшылығы, жастардың бұл салада жұмыс істегісі келмеуі, дизайнерлердің саны жұмысшылар санынан көп болуы, отандық шикізаттың экспортының тиімсіздігі бар. Осы саланың дамуына әрбіріміз үлесімізді қоса аламыз.

3. Қолөнердің жаңа салалары. Қолөнердің жаңа салалары өте көп: декупаж – ескі затты өңдеп өнер туындысына айналдыру; карвиң – жеміс-жидектерді ою; денимнен суреттер мен портреттер жасау; мата бояу; энкаустика – үтікпен сурет салу; көше тоқымасы; торсион-папье – газет-журнал беттерін қолдана отыра жәшіктер мен себеттер дайындау; пластик суқалталарын тоқу – пластикті кәдеге жаратудың түрлерінің бірі, экотауар өндірісінің түрі; стрит-арт – шегелер мен жіптер арқылы суреттер жасау және т.с.с.. Егер осы салалардың шебері болсаңыз, қызығушылығыңызды кәдеге жаратып, өз кәсібіңізді ашсаңыз болады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жаңа технологиялар қолөнер саласына елеулі өзгерістер еңгізіп, оларды жасаушылардың өмірін жеңілдетті. Бірақ айналамызды роботтар қоршаған заманда дәстүрлерімізді сақтап, бұрынғы әдістерімізді жоғалпау маңызды. Жеңіл өнеркәсіпті қарастырсақ, дамытатын салалары көп, олардың дамуына әрқайсысымыз үлесімізді қосуымыз керек. Қолөнердің жаңа салаларымен жақсы таныс болсаңыз, оны кәсіпке айналдыруыңызға болады.

Библиографический список:

1. Орленко Л.В., Гаврилова Н.И. Конфекционирование материалов для одежды: Учебное пособие. – М.:ФОРУМ: ИНФА-М, 2006. – 288с. – (Высшее образование), Москва 2006г.
2. Белгородский В.С., Кирсанова Е.А., Жихарев А.П. Инновации в материалах индустрии моды. Учебное пособие. МГУДТ. Москва 2010г.
3. Х. Эберле и др.; Материалы для швейных изделий: Учебник. – Нур-Султан: Фолиант, 2019. – 424с.

КИИЗ БАСУ ӨНЕРІНІҢ ЖАҢА ҚЫРЫ

Қожамқұл Д.Қ., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп гимназиясының 5 «В» сынып оқушысы,
Ғылыми жетекшісі – **Айтбаева Г.Қ.**, т.ғ.к., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп
гимназиясының «Алтын саусақтар» үйірмесінің жетекшісі, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме: Войлоковалание - древнейшее текстильное искусство, которое в наше время переживает поистине второе рождение, во многом превращаясь из жизненно необходимого ремесла в яркую форму художественного выражения.

Summary: Felting - is the oldest textile art, which in modern times is going through a truly second birth, largely turning from a vital craft into a bright form of artistic expression.

Киіз басу – ең көне техника. Археологтар бірінші киіз басылған бұйымдардың пайда болуын 8000 жылдық мерзімді болжайды. Жалпы, киіз басу ежелден келе жатқан дәстүр, бұл өнердің біздің заманымызға дейінгі ғасырларда қазақ даласына кеңінен таралып кеткені мәлім. Бұл жерлерді мекен еткен ата - бабаларымыз киізден түрлі бұйымдар жасайтын болған. Мысалы, Пазырық елді мекенінен киізден жасалған бедерлі, мүсінді бұйымдар табылған. Сол себепті де киіз басу дәстүрін осы құтты мекенде пайда болған деп топшылауға толық негіз бар. Бүгінгі күні пима киіп, үйіне текемет төсейтін қазақтар жоқ болғанымен, киізден жасалған бұйымдарға деген сұраныс бар. «Киіз басу» қазақтың төл өнері. Сондықтан да оны қолданыстан шығып қалды деуге болмас. Керісінше, заман өзгеріп, қолданыстың жаңа формасына енді. Яғни қолдану аясы ғана өзгерген.

Адамның қойдың жүнін пайдалануы ежелгі дәуірдің өзінде кеңінен таралған еді. Жазба ескерткіштер бойынша Шумер, Аккад, Ассирияда және Вавилонда киіз бұйымдарын тұрмыста қолданғандары тіркелген. Өзінің берекелі қасиетіне қарай қойдың жүні алтын жабағыға теңелген, ол ежелгі гректің аргонавтар туралы мифологиясында бейнелі байламның басты нысаны болып табылады.

Қой жүнін пайдалану көшпенділер шатырда өмір сүретін ыстық елдерде емес, ызғарлы континентті климатты және қысы суық Еуразия далаларында басты орын алады. Киіз басу өнер-кәсібінің бастауы, зерттеулер бойынша, көшпелі мал шаруашылығы өндірістік шаруашылықтың басты түрлерінің бірі болып табылатын осы аймақта, қола дәуірінің аяғынан бастап дами бастаған.

Көркемдік құбылыс ретінде киіз басу киіз басу өнеркәсібі ежелгі гректер заманынан басталып, V-VII ғасырларда қалыптасқан. Онда тарихтың атасы Геродот мынадай жолдарды келтіреді: «әрқайсысы ағаштың астында өмір сүреді. Қыста ағашты үнемі тығыз ақ киізбен жауып отырады, ал жазда



Сурет – 1. Киіз басу, архив фотосурет

оны ашық қалдырады». Киіз басу ісі одан кейінгі кезде де – үйсін, ғұн, түркілер кезінде дамып, ортағасырлық араб, парсы, қытай, түркі жазбаларында көрініс тапқан. Қазақстан аумағының түрлі аймақтарында жасалған киіз бұйымдарының экзотикалық бейнелілігі басқа халықтардың өмір сүру жағдайына қызығушылығымен табиғи байқағыштығы жоғары адамдардың назарына ілігіп, оларда жақсы әсер туғызады. XIII ғасырдан бері ислам мәдениетінің жинақталу әсері, ал XIV ғасырда Алтын Орданың қолөнер дәстүрлері көркемдік бағыттары басым қатты біліне бастады. Жазба деректерде Алтын Ордадағы киіз үйлердің киіз жабуларының көркемдік әшекейлері туралы көптеген құнды ақпараттар бар, мысалы, Ибн Абт әз-Захирдың шығармаларында, Шыңғыс ханның шөбересі Беркенің киіз үйінің жасалуы бейнелі сипатталады: «ол, Берке, 100 адам сиятын үлкен шатырда отырды; шатыр ақ киізбен жабылған, ал іші жібек матамен жабылған, қытай мүсіндерімен асыл тастармен, қазыналарымен көмкерілген».

Қазақтың киіз жабуларының осы бұйымдардың көркемдік жетістіктері туралы жақсы пікір қалдырған орта ғасыр саяхатшылары Фазлаллах Рузбихан, Пано Карпини және басқаларына

эстетикалық әсер күшті болған. Қазақтардың киіз басу өнері бір жағынан үй кәсіпшілігіне, екінші жағынан көркем қолөнерге де жатады, өйткені киіз, соның ішінде өрнекті киіз халықаралық жәрменкеге шығарылып отырған. Ортағасырлық жазба деректерге және жаңа зерттеу нәтижелеріне қарағанда, көркемдік киіз Қазақстан аумағы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы дағы сауда-сатықта ақша баламасы ретінде пайдаланылған. Қазақтар бұл өнімді жылқы және қоймен қатар XX ғасырдың екінші жартысында Ресей, Қытай, Орта Азия және басқа Шығыс елдерінен келетін тауарлаға айыр-бас жасады.

Өнші, халық ақындарынан басқа, әлеуметтік жағынан жоғары, жағдайы жақсы әйелдер шынайы өмірде ақылды әрі бастамашыл болады, неше түрлі өрнектерді ойлап тауып, тігуді, тоқуды, және кестелеуді біледі, яғни белсенді шығармашылықпен өмір сүрген.

Ал енді өзіміздің қазақ халқымыздың өнеріне тоқталсақ, халқымыздың жүнді пайдаланып киіз басу, арқан, жіп есу, құр ызу сияқты қолөнерінің тарихының әріден басталғанын көреміз. Киізді халқымыз көшпенді тұрмысының барлық қажетіне жаратты. Баспанасына жабынды, басына сая, еденіне төсеніш, үстіне киім, сән - салтанат бағыштайтын аса қажетті тұтыну материалы ретінде қадірледі.

Ал қазіргі кезде жартылай ұмыт болған киіз басу қол өнері соңғы он жылда сән индустриясында өрлеп келеді. Киіз үй біздің заманымыздан бұрынғы VII – ші ғасырда кеңінен пайдаланғаны жайлы жазба деректерде зерттей келе, киіз басу құндылығымызды жетілдіруге ат салудамыз. Үй ішін әрлеуге, кереге ілетін туынды ретінде құрғақ киіз басу техникасын пайдаланып, төл бейнеленген шығармашылық жұмыстар дайындалды.

Библиографиялық тізім:

1. Тоқтабаева Ш. Қазақтың киізден бұйым жасау өнері, Алматыкітап баспасы, 2014 ж.
2. Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері, Алматы «Атамұра» 1995 ж.
3. Ш. Байділдаұлы, Қазақтың ою-өрнектері, Алматы «Өнер», 2006 ж.
4. Қазақша – орысша терминологиялық сөздік «Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі», Астана «Фолиант», 2008 ж.

ҚАЗАҚ БИІНІҢ ӘЗ ӨРНЕГІ - ҚАМАЖАЙ

Есламбекова М.С., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп гимназиясының 8 «Ә» сынып оқушысы,

Ғылыми жетекшісі – **Айтбаева Г.Қ.** т.ғ.к., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп гимназиясының «Алтын саусақтар» үйірмесінің жетекшісі, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме: *Что бы человек не производил, каким бы ремеслом не занимался, врожденное стремление к красоте и гармонии побуждали его создавать изделия художественно оформленные, обладающие целостным строем и функциональностью. Цель данной работы – познакомиться с валянием шерсти, его перехода из ремесла в декоративно-прикладное искусство, из утилитарного явления в полноправную составляющую художественного мира.*

Summary: *Whatever a person produced, whatever craft he was engaged in, the innate desire for beauty and harmony prompted him to create artistically designed products that have a holistic structure and functionality. The purpose of this work is to get acquainted with wool felting, its transition from craft to decorative and applied art, from a utilitarian phenomenon to a full – fledged component of the artistic world.*

Ата–тегін, елінің тарихын, ана тілін білуі, ұлтын сүюі қасиетті парызы, ал ұлтының әдет–ғұрпын, салт–дәстүрін, мәдениетін, өнерін өмір бойы сақтап, ұстануы, дамытуы ата–баба рухы алдындағы әрбір азаматтың мәңгілік борышы мен міндеті. Жеке тұлғаны эстетикалық тәрбиелеу үрдісінде мәдени мұраның алар орны ерекше екені даусыз. Өнер, оның ішінде музыка сол тәрбие құралдарының бірі. Тек өнер ғана адамның қалыптасқан эстетикалық қарым–қатынас тәжірибесін ашады, қорытындылайды. Сонымен қатар, ою-өрнек түрлері мен оны қолданудың әдіс-тәсілдері де үлкен маңызға ие. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. «Ою» деген сөз бен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Ал «өрнек» дегеніміз әр түрлі

ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді. Оның ішінде мата-мақтаны пайдалан отырып, жіп иіріп, жүн түтіп, сол өнімді қолдана білу де үлкен ыждаһаттылықты талап етеді. Міне, осы дәстүрдің жалғасы ретінде қолдан жасалған «Қамажай» композициясы да мен үшін үлкен еңбек. Онда көріп отырғанымыздай, би қимылдары мен музыканың әуенінің ырғағын аңғарамыз. [1]

Жалпы, музыка - эстетикалық тәрбиенің маңызды бір бөлігі бола отырып, жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан-жақты дамыта отырып өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылық, біліктілігін және ойлау қабілетін шыңдауға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады, балаларды халықтық музыкаға баулиды. Бұл өз кезегінде музыкаға сәйкес үйлесімді ырғақтық би қимылдарын жасау, жаңа қимыл ойлап табу, меңгерген түсінігін, алған әсерін бейнелей алу дағыларын қалыптастырып, баланың ақыл-ой операцияларын: салыстыру, талдау, тану, ажырата алу, қолөнер саласымен қатар баланың жалпы дамуына әсерін тигізеді. [2]

Би адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, өзін қоршаған дүниеден алған сезім әсерлерін қимыл қозғалыстар мен ишаралар арқылы көрсету құбылысы.

Тоқтала кетсек, «Қамажай» түркі тілдес халықтардың арасында кең тараған би түрі. Шамамен XIV-XV ғасырларды пайда болды. Нәзіктілікті бейнелейді. Бір жағынан би, бір жағынан ән болып есептелетін өнер тусындысы. Негізінен жасөспірім қыздар орындайды. Ұлттық нақыштағы киімдері мен өрнектері бидің сәнін аша түсері сөзсіз. Биде қол, бас, дененің бір қалыптылығы аса маңызды. Ол бишінің дене қозағылысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін ұлттық өнер. Би өнері мен қолөнер туындылары, халқымыздың ауыз әдебиеті, күйлері мен дәстүрлі тұрмыс-салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Би қимылдары бейнелейтін идеялар ұлттық ойындар мен салт-жораларда, тарихи деректерде де сақталған. Қазақтың би өнерінің түптамыры ғасырлар қойнауынан нәр алатыны белгілі. Халықтың табиғатында, өмірінде бұрыннан бар дүние. Би халықтың жүрек қалауы. Қазақ биі халықтың жан-дүниесі, оның таным түсінігі, табиғатпен байланысы, оның философиясы кез-келген бидің құрылымынан, болмысынан айшықты көрініс тауып жатады.



Сурет – 1. Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп гимназиясының «Алтын саусақтар» үйірмесінде орындаған «Қамажай» туындысы (аралас техника)

Ұлттық болмысымыздың дүниесімен ұштасқан этнокөріністер, халық тұрмысындағы «Шеберлік көкжиегі» қолөнер байқауы да менің өз қиялымдағы, танып білген айналадағы құбылыстың бір тамшысы ғана. Қаны қазақ бишілердің еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес. Олар - әйгілі Шара Жиенқұлова, Гүлжан Талпақова, Дәурен Әбіров, Болан Аюханов, Шұғыла Сапарғалиқызы, Ақмарал Қайназарова және Зауыр Райбаев. Бұл тұлғалардың еңбегі сол қазақ биінің түп-төркінінде. Олардың би өнерінен халықтың рухани таным - түсінігінің жиынтық көрінісін табамыз. Бұл күнде АҚШ,

Қытай, Жапония, Франция, Түркия елдерінің сахналарында өнер көрсетіп, ұлттық биіміздің айшықты өрнегімен таңқалдарып жүрген таланттар жетерлік.

Ойды тілмен емес, қимылмен жеткізу қиын нәрсе... Білетініміздей, қазақ билері көбіне-көп нақты белгілі тұрмыс-тіршілікке құрылады да халықтың бейне болмысының айнасына айналады. Елдің сән-салтанатын, жастардың махаббатын, ерлігін, елдігін, қайғы-мұны мен әл-ауқатын қимылмен, қозғалыспен баяндап тұрады. Биші оны бар шеберлігімен талантымен көрсетеді. Бидің көріністік әсерінен гөрі оның ішкі айтайын деген табиғи сұлулығына көбірек мән беріп, халықтың назарын соған аударуға тырысса құба-құп. Қандай биді алсақ та өзіндік нақышы мен өзіндік бояуы бар дүние. Күй, қолөнері, ою, кілем тоқу, өрмек тоқу, ши орау, киіз басу, көкпар, бәйге, ат жарыс, жел, судағы иірім бәрі-бәрінің музыкасын ойлап тауып, сәйкестендірсе би болып шықпай ма... Қазақтың өнерінде шек жоқ.

Сондықтан, «Ұлылардың ізімен» ұрпақ жалғастығы ешқашан үзілмейді.

Библиографиялық тізім:

1. «Қазақ мәдениеті». Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: «Аруна» LTD ЖШС. 2005ж.
2. «Фәниден бақиға дейін». - Алматы: «Қайнар», 1994 ж.
3. «Қазақ энциклопедиясы». -Алматы: 1998 ж.

«ЕЛОРАДА ЖҮРЕГІНДЕ ҰЛЫ АБАЙ» КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Сексенбаева Г.У., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп гимназиясының 9 «Ә» сынып оқушысы, Ғылыми жетекшісі – **Айтбаева Г.Қ.**, т.ғ.к., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп гимназиясының «Алтын саусақтар» үйірмесінің жетекшісі, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме: *Художественно-творческое решение образа в процессе производства войлочного изделия находит свое реальное воплощение непосредственно на этапе нанесения изображения на войлочную основу.*

Summary: *The artistic and creative solution of the image in the process of production of the felt product finds its real embodiment directly at the stage of application of the image on the felt base.*

Дәстүрлі өнер табиғаты, өзіне тән даму жолдары, адам өміріндегі атқаратын қызметі жағынан бейнелеу өнері басқа түрлерінен ерекшеленеді. Сондықтан, дамушы тұлғаның жасына, танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес, әрі қолданбалы өнер туындыларын қабылдаудың, оның мәнерлілік құралдарын меңгерудің өзгеше оқу – тәрбие жүйесі жасалғанда ғана көркемдік талғамының қалыптасуы нәтижелі болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» аталатын мақаласында дархан Қазақ елі туғызған әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген заңғар перзенттер шоғыры туралы айта келіп, осынау ұлы тұлғалардың әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі галереясын жасауды қолға алу қажеттігіне тоқталғаны мәлім. Осыған орай танымал әдебиетші ғалымдар, ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері аталған міндетке қызу ат салысуда. Абай тұлғасы – дара құбылыс, ақын-ойдың, парасаттың асқар биігі. М.О. Әуезовше айтқанда, ««Абай кемесі» кең жайқын әлемде сенімді, түзу жол сызып, маңып барады». Абайдың дәстүрі, мектебі – Ұлы Дала руханиятының жаңарып-жаңғыруына, жас ұрпақтың ой-санасының жетілуіне керемет әсер сыйлайды.

Елордамыз Нұр-сұлтан қаласының 20 жылдық мерейтойы 2018 жылы болып өтсе, 2020 жыл Ұлы Абай ақын жазушы тұлғамызға 175 жыл толуына орай, тарихымызға із қалдырып мектеп жасымынан бастап шығармашылықпен айналысуға түрткі болды. Бұл туындыны қолға алмас бұрын ұлттық құндылығымыз киіз басу өнері зерттелді. Ол жүнмен жұмыс істеу техникасын меңгеру болып табылады. Атап өтсек «жүн кәсібі» саласының қоршаған ортамен, ұлттық салт – дәстүрмен бірлікте дамитындығын дәлелдеу басты назарда болуы қажет. Қолөнер мәселесін ұлт болып шешу қажет. Әрине «өсер елдің бірлік екен, қай кезде де қалауы» демекші бұл шара ең алдымен мемлекет тарапынан ұйымдастырылып, мектеп қабырғасынан үйретілген жөн деп ойлаймын.

XXI ғасыр - жастар ғасыры емес пе? «Алтын саусақтар» үйірмесінде технология пәнінен көненің көзі саналатын қолөнер түрлерімен танысып, жасалу жолдары меңгерілді, ескі дүниемен қазіргі жаңа әдісті пайдаланып, керемет қолөнер туындыларын ойлап шығаруға ат салыстық. Еліміз тәуелсіздік алғалы қолөнер біршама еленіп, өз беделіне ие бола бастады. Қазақ өзінің ұлан байтақ


жеріндегі ежелден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, байытушы, жаңғыртушы. Қорыта айтқанда нағыз әсем өнер ғана адам жанына рухани азық болады, адамның эстетикалық сезімін оятып, ізгілік, парасаттылық қасиеттерін қалыптастырады.

«Өсер халықтың қанаты - оның өнері» - дейді халық даналығында. Халқымыздың болашағын ойлайтын, туған елдің өркениетті мәдениетін дамытуға үлес қосатын азамат тәрбиелеуде сан алуан өнер түрлерінің тәлім – тәрбиелік ықпалы зор.

Өнердің қомақты бөлігінің бірі – қолөнер. Қолөнер деп – халық тұрмысында жиі пайдаланатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Халық қолөнеріне әдет – ғұрып жабдықтарымен қатар аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал – жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш – кереует, кілем, сырмақ, алаша, түрлі бау – басқұрлар тоқып, арқан, жіп есіп, илеулі теріден, таспа тіліп, ыдыс – аяқ, бесік және т. б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түр нақыштармен әшекейлейтін болды. [2]

Қазақ халқының өте дарынды, шебер халық екеін олардың қойдың жүнін қажеттеріне қолдана білуінен – ақ көруге болады. Жүннен жасалған бұйымдардың ішіндегі ең көп тарағаны киіз. Киіз басу сонау Геродот заманынан белгілі. Ноин – улин мен Пазырық қорғандарынан қазылып алынған заттардың ішінде киізден басылған бұйымдар табылған. Киіз басу өндірісі өзінің өсу шегіне орта ғасырдан бұрын жеткен. Киіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым. Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Киізден сырт киім, байпақ тіккен, оны тек үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасау жиһаздарын, өзге де тұрмыс тіршілікке қажет заттарды тігуге де қолданған. Халық шеберлері қазіргі кездің өзінде, киізден қоржындар мен дорбалар жасайды. Киіз басу үшін ең алдымен жүнді өңдейді. Жүнді жақсылап майы мен шайырынан, шаң – тозаңнан тазартып жуып өңдегеннен кейін барып киіз басылады. Киіз басудың өзіндік технологиясы бар. [1]

Ұлттық қолданбалы өнер арқылы жеке адамның көркемдік білім мен эстетикалық шығармашылықтың әдістемелік негізі анықталды. Қыз балаларға арналған, драп матасының үстіне көркемдік шешім табылған туынды орындалды. Ұлы Абайдың мерейтойына орай, Елордамыз Нұр-сұлтан қаласын үйлестіріп, көркемдік талғам табиғатын, оны қалыптастырудың эстетикалық тәрбие мен көркемдік алған білім жүйесіндегі жинақ орындалды, оған бас киім, ұзын камзол, көйлек, аксессуардан сумкамен толықтырылды. Бұл ізденістен ұлттық өнер арқылы көркемдік талғам қалыптастыруға мүмкіндік туды. Аталған шығармашылықты сурет-1 ден көруге болады.



Сурет -1. «Елорда жүрегінде Ұлы Абай» атты көркемдік шешімі табылған туынды

Библиографиялық тізім:

1. Тоқтабаева Ш. Қазақтың киізден бұйым жасау өнері, Алматыкітап баспасы, 2014 ж.
2. Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері, Алматы «Атамұра» 1995 ж.
3. А. Тәжімұратова «Қолөнер шеберлігі – жалпы халықтық қазына», Алматыкітап баспасы, 2016 ж.
4. Қазақша – орысша терминологиялық сөздік «Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі», Астана «Фолиант», 2008 ж.

АЙТЫС КӨРІНІСІН ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК АРҚЫЛЫ СИПАТТАУ

Ноянова А.М., Ноянова А.М., Абай Құнанбайұлы ат. 87-мектеп гимназиясының
5 «Е» сынып оқушылары

Ғылыми жетекшісі – *Айтбаева Г.Қ.*, т.ғ.к., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп
гимназиясының «Алтын саусақтар» үйірмесінің жетекшісі, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме: *Художественно-творческое решение образа в процессе производства войлочного изделия находит свое реальное воплощение непосредственно на этапе нанесения изображения на войлочную основу.*

Summary: *The artistic and creative solution of the image in the process of production of the felt product finds its real embodiment directly at the stage of application of the image on the felt base.*

Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі - халықтың колөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның колөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын.

Қазіргі жаһандану заманында, әсіресе ұлттық құндылықтарды сақтап қалу, оны жетілдіріп ұрпақтан ұрпаққа жеткізу маңызды. Екіншіден, еңбекке баулу арқылы балалардың бойына сенім ұялату, ұлттық дәстүр, ұлттық ерекшеліктерді бойларына сіңіру қажет. [1]


Қазақтың ұлттық ерекшелігі ою-өрнек. Қазақ оюы – үй жиһаздарында, сәндік, тұрмыстық бұйымдар мен киімдерді нақыштап безендіруге қолданылған өрнектер. Ағаш үйдің ішкі жабдықында, домбыра, торсық, өзіміздің көк байрақ туымыздың шеті де оюмен нақышталған. Наурыз мерекелерінде, тойға аналарымыздың киетін бешпент, камзолдарын да оюмен көмкеріп тіккен. Ою – өрнектің орналасу мән-мағынасын зерттей келе, ұлттық құндылығымыздың бірі айтыс өнерін оюмен бейнелеу арқылы шығармашылық туындыға түсірілді.

Бірнеше бағыттың тоғысқан дүниесіне айналды. Бірінші ою-өрнектің ерекшелігі, екінші кілем мен тұскиіз тоқуының тәсілдері, үшінші айтыс өнері зерттеліп бір композициялық шешім табылды.

Кілем мен тұскиіз - қазақтың үй жиһаздары. Оларды тоқудың дәстүрлі тәсілдері бар. Кілем тұскиізге қарағанда төзімді әрі сәнді болады. Кілемді өрнектеп тоқиды. Тұскиізді өрнек салып, кестелеп тігеді. Кілем тоқу – Азия, Еуропа, Кавказ халықтарына ежелден белгілі колөнер түрі. Қазақтар түкті және түксіз кілемдер тоқыған. Кілемді қоспасыз, таза қой жүні мен түйе жүнінен тоқиды. Оны әдемілеп бояйды. Шеберлер кілем тоқуды балаларға 9-11 жасынан үйреткен. Қазір Қазақстанның оңтүстігінде қыз балалардың бәрі дерлік кілем тоқуды біледі. Бұл күрделі де қиын жұмыс. Шыдамдылықты, ептілікті, түс үйлесімін құрастыра білуді талап етеді. Кілемдер әр халықтың ұлттық ерекшеліктеріне тән түрлі-түрлі үлгімен, түс сәйкестігімен, ою ерекшелігімен жасалынады.

Күрделі техникасыз, кез келген жағдайда қолданылып, керекті жабдықтары оңай табылатын өрнектің екі түрі бар. Оның біріншісін аспалы немесе термелі өрнек дейді. Ондай өрнекте кілем сияқты тұтас, енді заттар тоқылады, екіншісін жай өрнек дейді. Жай өрнек шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме бау, басқұр сияқты еңсіз нәрселерді тоқуға арналады. Өрнекке арналып иірілген жіптер істелетін бұйымдарға, жасалатын жолақтарға, өрнектерге қарай бірнеше түсті болады және ол түстер бөлек-бөлек домалақтанады. Тоқылғанда заттың ұзын бойына жұмсалатын бұл жіптер кейде жалаң қабат, кейде екі қабат иіріледі. Шекпен жіптерін жиек жіптер сияқты оңқай, солақай етіп иіре береді. Өрнекшілер тілінде үстіңгі жіпті «ерсісі» деп, астыңғы жіпті «қарсысы» деп атайды. Кілем өрмегін «аспалы өрнек» немесе «кілем өрмегі» деп атайды. Соған қарай кілемнің бой жіптері де жоғарыдан төмен қарай кейде 3, кейде 4 бет болып тізіледі. Оның арқауы түйе жүні аралас (кейде шуда аралас) мақтадан, жібектен әрі мықты, әрі жуандау етіліп иіріледі. Бой жіптермен қатарлас тұратын түк және өрнек жасаушы жіптер қойдың биязы жүнінен, түйенің жүнінен өзге жіптерден көрі бастау иіріледі. Кейде бұл жіптер бой жіптердің үстінде арнаулы күзеулерде бос тұрады. Оны кілем тоқушы шебер өз керегіне қарай суыртпақтап отырып арқау мен бой жіптерге іліп отырып түр жасайды. Әдетте түкті кілемді 2—3 шебер қатар отырып тоқиды. [2] Шебер өзінен тез суырылатын етіп домалақтаған өрнек жасаушы түк жіптерін санап, оның тұтас еніне жеткенше бір-ақ шалып шығады да, кесермен қиып, тоқпақпен арқауға бастырта қағады. Осылай бір қатарды салып, оны өрнектің нұсқасына қарай кесіп алған соң тағы да арқауға (оң-теріс түсіретін жіпті арқау дейді) бастыра адарғы тарақтың тістерімен нықтайды. Жібің тегіс түспесе болмайды.

Кілем өрнектерінің ішінде жануарлар бейнесін немесе олардың жеке мүшелерін суреттейтін оюлар да көп. Мәселен, «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз», «иттабан», «көбелек» және т. б. Мұнымен бірге геометриялық өрнектер де кездеседі (ирек, тұмарша, төрт бұрыш және т. б.). (сурет-1)



Сурет -1. Кілем өрнектерінің түрлері

Кілем өрнектерін техникасын зерттей келе халық ауыз әдебиетінің ерекше түрі – айтыс өнері шығармашылық туындыдан орын алды. Айтыс қазақ ұлтының ата заманнан келе жатқан суырып салма ән жарысы. Айтыс арқылы әр заманның өзекті мәселелері көтерілген. Айтыс бір жағынан қазақ ұлты үшін сауықтың бір түрі болса, екінші жағынан ұлттық құндылықтарды жеткізудің ерекше технологиясы болған. Қазақтың тойы да, асы да айтыссыз өтпеген. Айтыстың өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар өлеңді табанастанды шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақ етіп тартып тартады. Соның бәріне ақындар табанастанды жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күйі мен өнер сынау болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынаудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз. Әсіресе бұлүрдіс XIX ғ. соңында кеңірек таралған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар: Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара, т.б. түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлеңдерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған. [3]

Осылайша, айтыс өнерінің қазақ ұлтының өмірінде ерекше рөлі зор, тәрбиелік әсері мол. «Алтын саусақтар» үйірмесінде ұлттық қазынамызды зерттеп, оқып үйрену арқылы өз шығармашылық ойымызды жетілдіруге ат салысудамыз. Осындай жұмыстардың бірі «Айтыс көрінісі», «Көктем» т.б. қолөнерді меңгерудің арқасында жарық көруде.

Тоқылған кілемдер арқылы өнерімізді, тарихымызды, құндылықтарымызды жеткізу, адам қолынан шыққан осынау небір ғажайып туындылар бүгінгі халқымыздың мақтанышы болса, ертеңгі болашақ үшін баға жетпес мұра.

Библиографиялық тізім:

1. Тоқтабаева Ш. Қазақтың киізден бұйым жасау өнері, Алматыкітап баспасы, 2014 ж.
2. А. Тәжімұратова «Қолөнер шеберлігі – жалпы халықтық қазына», Алматыкітап баспасы, 2016 ж.
3. Нұрғалиева Р.Н. «Шаңырақ», Атамұра баспасы, 1991 ж.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ - ҰЛЫ ТҰЛҒАМЫЗДЫ ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ДӘРІПТЕУ

Аймбетова А.Ш., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп гимназиясының 9 «А» сынып оқушысы
Ғылыми жетекшісі – *Айтбаева Г.Қ.*, т.ғ.к., Абай Құнанбайұлы атындағы 87-мектеп
гимназиясының «Алтын саусақтар» үйірмесінің жетекшісі, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме: *Образ великого Абая, поэта и просветителя, как личность интересовал и интересуется в исторически разные периоды времени многих художников изобразительного искусства. Следует отметить, что это задача особой сложности. Нужна достаточная информированность для создания цельного и неповторимого образа Абая.*

Summary: *The image of the great Abai, poet and educator, as a person was interested and interested in historically different periods of time of many artists of fine art. It should be noted that this is a task of particular complexity. Enough awareness is needed to create a whole and unique image of Abai.*

- Acceptance and generation of documents for 43 types of pensions and benefits
- Organization of the process of paying pensions and benefits;
- The provision of consulting services in the social and labor sphere;
- Personified accounting of mandatory pension contributions in the funded pension system;
- Personalized accounting of social contributions in the system of compulsory social insurance and medical insurance

In the framework of state programs Digital Kazakhstan State Corporation in 2018, some work was carried out to optimize the processes of providing public services for the appointment of pension payments and state benefits. At the same time, it should be noted that in the provision of public services for the appointment of pensions and benefits, paper mock-ups of cases are formed.

At present, the draft Law of the Republic of Kazakhstan “On Amendments and Additions to Some Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on the Provision of Public Services” is being approved by state bodies, within the framework of which it is proposed to amend a number of Laws of the Republic of Kazakhstan regarding the transition to proactive provision of public services.

So, according to the draft Law, a proactive service is a service provided in electronic form, provided at the initiative of the subject of the provision of services, the provision of which requires the mandatory consent of the subject of the service provided through the subscriber unit of the mobile network. At the same time, the proactive provision of public services is carried out without the application of the service recipient at the initiative of the service provider through the information systems of state bodies, when registering the telephone number of the subscriber unit on the electronic government web portal and includes:

- 1) sending to the service recipient automatic notifications with a request for the provision of public services;
- 2) obtaining the consent of the service recipient for the proactive provision of public services, as well as other information, including limited access required from the service recipient, through a subscriber device of the mobile network of the service recipient.

In accordance with the Development Strategy of the non-profit joint-stock company “State Corporation “Government for Citizens” for 2018-2022. The mission of the State Corporation is to introduce the proactive principle of providing public services, providing them as a single provider through convenient modern channels using technological solutions and providing a high level of service:

- 1) A proactive procedure for the provision of public services for the payment of the difference between the amount of actually made mandatory pension contributions, mandatory professional pension contributions, taking into account the level of inflation and the amount of pension savings;

- 2) Proactive provision of public services related to the determination of disability, provides for the provision in a proactive format of 8 public services, including:

- Appointment of state social benefits for disability;
- Appointment of social benefits in case of disability;
- Assignment of benefits to mother or father, adoptive parent (s), guardian (trustee) raising a disabled child.

- 3) Proactive provision of public services for the appointment of state social benefits and social benefits in case of loss of the breadwinner;

- 4) Proactive provision of the state service “Assignment of state allowance to mothers of many children, awarded with pendants “Altyn alka”, “Kumis alka” or who had previously received the title “Mother Heroine”, awarded with orders “Mother Glory” of the I and II degrees”;

- 5) Proactive provision of public services, within the framework of a composite public service related to the registration of a person seeking work as unemployed and the purpose of social benefits in case of loss of work;

- 6) Proactive provision of public services, within the framework of a composite public service related to the registration of a person looking for work as unemployed and the appointment of social benefits in case of job loss;

7) Proactive provision of public services related to the issuance of a sheet of temporary disability for pregnancy and childbirth and the appointment of social benefits in case of loss of income due to pregnancy and childbirth.[2]

When proactively providing public services related to the establishment of disability according to the results of a medical and social examination, the service recipient will be proactive, that is, without an application, documents will be drawn up for the purpose of state disability benefits, social benefits for disability, benefits for raising a disabled child, and the provision of rehabilitation facilities and services in accordance with the individual rehabilitation program, which will significantly reduce the route of the disabled person, excluding there is a need to visit the service providers to obtain the appropriate services, to reduce paper work.

As part of the optimization of social benefits, since January 2018, two types of monthly benefits "State social allowance" and "Special state allowance" for disability are combined into one allowance. At the same time, the total amount of payments received by persons with disabilities did not decrease, the appointment procedure was simplified - one application for assigning benefits.

The norm provided for in the Law of the Republic of Kazakhstan "On Special State Allowance in the Republic of Kazakhstan" on the determination of benefits for the category "Mothers with many children, awarded with pendants "Altyn Alka", "Kumis Alka" or previously awarded the title "Mother Heroine", and also awarded with orders "Maternal glory I and II degree" translated into the Law "On state benefits to families with children." At the same time, the term for the provision of this service was reduced by one day (from eight to seven business days). The amount of benefits received has not changed and amounts to 6.40 monthly calculation indices.

The State Corporation, together with the State Social Insurance Fund JSC and other state bodies, has introduced a number of proactive services, the procedure for which we offer for study. For proactive provision of public services related to the determination of disability, including the degree of general disability, currently provides for an absentee examination without a personal appeal of the service recipient to the departments of medical and social examination (ITU).

Another proactive service is associated with receiving social benefits for the loss of a breadwinner. In order to receive a proactive provision of state services for the loss of a breadwinner, a service recipient must contact the registry office to obtain a death certificate of the breadwinner or the court to recognize him missing or to declare him dead. Further, through the integration of information systems, the State Corporation receives information on the registration of death / recognition as missing or recognized as deceased.

The third type of proactive service is associated with receiving social benefits for job loss. In this case, the service recipient, in case of loss of work, personally contacts the Employment Center to register as unemployed. The fourth type of proactive service is associated with the appointment of social benefits for pregnancy and childbirth. To do this, it is enough for the service recipient to contact a medical organization to register her for pregnancy and childbirth.

The fifth type is associated with the appointment of social benefits in case of loss of income in connection with caring for a child when he reaches the age of one year. The proactive principle is included upon receipt of information to the State Corporation from the registry office on the registration of the birth of a child.

Thus, in all five cases, the personal participation of the service recipient in all stages of the appointment of these social benefits is minimized.

A state-owned corporation is studying the needs of service recipients for the "proactive" provision of public services, optimizing business processes through the prism of life situations and events that occur. The transition to comprehensive support for life situations that arise in a citizen's life, in order to create conditions for the "proactive provision of public services", when a citizen without any requests receives a ready-made result with a notification generated by the state automatically, is one of the key areas of the state program "Digital Kazakhstan".

Bibliographic list:

1. The program of the Head of State N.A. Nazarbayev dated May 20, 2015, "The Plan of the Nation - 100 Concrete Steps to Implement Five Institutional Reforms." www.akorda.kz
2. The development strategy of the non-profit joint-stock company "State Corporation" Government for Citizens "for 2018-2022"

ВОПРОСЫ АНАЛИЗА СОЦИАЛЬНЫХ ЗАТРАТ ОРГАНИЗАЦИИ

Зарубаева Ш.К., Казахский университет технологии и бизнеса, магистрант
Научный руководитель – *Турбекова Б.О.*, доцент

Түйін: Мақалада мемлекеттің әлеуметтік-бағытталған даму моделін іске асырудағы әлеуметтік шығындардың рөлі ашылады. Шығындарды талдау әдістемесі қарастырылады.

Summary: The role of social costs in the implementation of the model of socially-oriented development of a country is revealed in the article. Authors determine the methodology of their analysis.

Формирование социальной ответственности отечественного бизнеса является одним из актуальных направлений современного развития. В программных документах государства отмечается, что для успешной реализации социальной ответственности как никогда важна консолидация общества, и бизнес в первую очередь должен вносить свой вклад [1]. Модель социальной политики в Казахстане ориентирована на использование выгод и устойчивого экономического роста для повышения благосостояния народа. В рамках долгосрочных стратегий социально ответственное поведение в деятельности бизнеса стало мотивироваться со стороны государства.

В академической литературе все чаще поднимается вопрос о необходимости создания комплексной системы анализа социальных затрат. В организациях их анализ проводится без учета их эффективности и роли в прибыли предприятия. Недостаточность разработанности вопроса, по мнению Д.А. Ендовицкого и Д.В. Лукинова, обусловлено «отсутствием определенных рамок и границ относительно роли социальных затрат в хозяйственной деятельности предприятия, недооценкой их инвестиционной привлекательности и влияния на рыночную стоимость организации, недопониманием важности стратегии мотивации и стимулирования персонала, ориентированных на выпуск конкурентоспособной продукции и сглаживания противоречий в интересах собственников и персонала» [2].

Роль социальной ответственности бизнеса в экономическом развитии определяется социально ответственным поведением предпринимательских структур на его различных уровнях. В академической литературе выделяют четыре таких уровня. Первый уровень, отвечает за выполнение наиболее значимых задач: своевременная выплата заработной платы, предоставление рабочих мест, выделение вакансий для уязвимых слоев общества. Второй уровень связан с развитием внутрифирменных отношений и предполагает непосредственный учет интересов работников, предоставление работникам набора льгот и социальных услуг, социальные инвестиции для улучшения пенсионного и жилищного обеспечения. Третий уровень позволяет проследить за целесообразным использованием средств и получением конечных результатов в виде повышения качества жизни. Четвертый уровень определяет нравственный облик и вклад в решение социально-экономических проблем всего общества (добровольная, безвозмездная, благотворительная, спонсорская деятельность)

В условиях рынка бизнес должен быть прибыльным, что требует со стороны руководства компании эффективного управления всеми ресурсами, в том числе и социальными затратами. Процесс управления и принятия бизнес решений должен быть обеспечен достоверной и своевременной информацией. В этой связи учет и анализ социальных затрат в организации должен получить свое дальнейшее развитие, отвечая запросам практики и обеспечивая эффективность социальных затрат. Задача анализа социальных затрат заключается в разработке методов диагностики, всесторонней комплексной оценке влияния затрат на рост мотивации и на улучшение человеческого капитала. Результаты анализа позволят выявить преимущества и недостатки социальной политики компании и повысить ее конкурентоспособность.

Для детального анализа социальных затрат организации необходимо изучение их источников покрытия и направлений использования. Система социальных затрат предприятия включает их объем, структуру, состав, целесообразность, отдачу и рентабельность. Данная система состоит из взаимосвязанных элементов. Однако в каждом отдельном случае элементы разнятся, поскольку каждый вид социальных затрат имеет свою специфику. Затраты на реализацию социальной политики являются главным фактором успеха и конкурентоспособности на рынке труда в краткосрочном периоде. Эффективное распределение социальных затрат позволяет увеличить производительность труда, а следовательно – и прибыльность организации в долгосрочной перспективе. На схеме представлены базовые, ключевые элементы расходов организации на реализацию социальной политики и их источники (таблица 3).

Таблица 3. Система социальных затрат организации

Направления социальных затрат					
Охрана здоровья	Социальное обеспечение/страхование	Обучение и повышение квалификации	Корпоративный спорт	Организация труда/досуга	Благотворительность
Количественные характеристики социальных затрат					
Численность персонала	Структура социальных затрат	Объем годовых социальных затрат	Объем выпуска продукции	Объем прибыли	Инвестиции в подготовку персонала
Качественные характеристики результативности социальных затрат					
Человеческий капитал	Индекс доверия персонала	Индекс мотивированности персонала	Производительность труда персонала	Рентабельность социальных затрат	Трудовой потенциал
Источники социальных затрат организации					
Расходы организации			Прибыль организации		
Зарботная плата	Стимулирующие выплаты	Социальные выплаты	Поощрительные выплаты	Социальный пакет	Дивиденды по акциям

Бобров Д.В., отмечает этапы анализа социальных затрат, которые характеризуют его основные направления и цели: целевой; параметрический; модельный; факторный; оценочный [3].

Основываясь на вышеприведенных этапах анализа, предлагается алгоритм проведения анализа затрат на социальную политику организации состоящий из 4 этапов. Первый этап целеполагающий, направлен на определение связи между затратами и выпуском продукции и поиск путей повышения эффективности данных затрат. На втором этапе анализа обозначается круг исследуемых параметров и показателей, необходимых для анализа. Проводиться анализ динамики и структуры данных показателей в системе финансово-экономических показателей компании. Третий этап направлен на определение эффективности социальных затрат на основе системы интегральных показателей, а также проведение факторного анализа влияния социальных затрат на объем выпуска в организации и ее прибыли. Завершающий этап - составление рейтинговой оценки реализации социальной политики предприятия в целом, на основе объединения в одну систему всех коэффициентов и расчета суммарного балльного коэффициента. На основе полученных результатов делается вывод о качестве и результативности социальной политики организации и даются рекомендации по повышению ее эффективности. В ходе анализа используется широкий спектр аналитических методов и процедур [4].

Таким образом, методика анализа социальных затрат базируется на концепции их выгод и расходов (анализ явных и неявных выгод при реализации социальной политики организации), позволяющей выявить устойчивую взаимосвязь между расходами на социальную политику и финансово-экономическим состоянием предприятия, его рыночной привлекательности и конкурентноспособности.

Библиографический список:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов качества жизни» от 5 октября 2018 г.
2. Ендовицкий Д.А., Лукинов Д.В. Реализация системного подхода в комплексном экономическом анализе персонала // Экономический анализ: теория и практика. – 2012 г. - №11 (266). – с. 2-11.
3. Бобров Д. В. Корпоративная социальная политика как фактор повышения эффективности воспроизводства человеческого потенциала: инновационные методы анализа и оценки // Теории и проблемы политических исследований. – 2017 г. - № 6(2А). – с. 92-103
4. Сосненко Л.С. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности. - КноРус, 2009. – 344 с.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ – ӘДІЛЕТТІК ЖҮЙЕСІ

Қалмурат F., Қазақ технология және бизнес университеті, магистрант
Ғылыми жетекшісі – **Ибраимова С.Ж.**, э.ғ.к., PhD, қауымдастырылған профессор

Резюме: В статье рассматриваются вопросы совершенствования системы социального обеспечения в свете изменения демографической ситуации в Казахстане и дальнейшего развития института социального страхования.

Summary: The paper studies the demographic component of the pension insurance institute, the problems of demographic development in Kazakhstan at the present stage, their influence on the formation of the institute for social insurance.

Қоғамның қалыптасуынан бастап өркениет прогресіндегі білім, еңбек дағдылары, тәртіп нормалары, материалдық және рухани құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа, ұжымнан жекелеген адамға жүйелі түрде беріліп келді. Тарихи даму барысында жиынтығында дәстүрлер деп аталатын әлеуметтік тәжірибелердің түрлері мен әдіс-тәсілдері, оны сақтау тетіктері қалыптасып осы әлеуметтік тәжірибелер кейінгі ұрпаққа берілді.

Қазақ халқының өміріндегі дәстүрлерді білім немесе тәрбие ғана емес, сонымен қатар құқықтық нормалар да алмастырды. Үлкенді құрметтеу, кішілерді қорғау, таныс емес жолаушыға қонақжайлылық көрсету, дауларда сот пен түрмесіз әділ шешім шығара білу сияқты қазақтардың арасындағы өз ара қатынас адамгершілік пен ізгілікке негізделді.

Үлкенге деген құрмет қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешу үшін үлкендер мен құрметті адамдардың жиынында ақсақалдар Кеңесі деп аталатын қазақтардың қоғамдық институтында қалыптасты. «Зейнетақы» деген түсінік патриархалды Қазақстанда атымен болмаған, оны үлкендердің алдындағы кішілердің адамгершілік этикалық парызы алмастырды.

Көптеген елдерде әлеуметтік қорғау – бұл өз өмірінің жағдайын қалыптастыруға (кәрілігі, денсаулық жағдайы асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы және басқа да заңды негіздер) экономикалық белсенді бола алмау және лайықты жалақылы жұмыс істей алмау арқылы өзін тұрақты табыспен қамти алмайтын азаматтардың нақты бір өмір сүру сапасы деңгейіне және өмір сүруге қажетті игіліктерге қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған жүйе.

Қазақстан тәуелсіздік алуымен толық ынтымақты, мемлекеттің жоғары деңгейде қатысуымен және төменгі ынта принциптеріне басымдық беретін әлеуметтік қорғау жүйесін мұраланды.

Толықтай ынтымақты принципте мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайына әлеуметтік қамсыздандыру, жұмыссыз азаматтарды және жасына байланысты әлеуметтік қорғау ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтар әлеуметтік тәуекел туған жағдайда еңбек қызметіне қатысуы мен жарнасына байланыссыз бірдей деңгейде мемлекеттік жәрдемақы алды. Сонымен қатар, әлеуметтік төлемдерді есептеудің экономикалық негізделген нормативтері мен еңбекке ақы төлеу жүйесінің арасында өз ара байланыс болмауына байланысты жұмыс істейтін халықтың табыс деңгейі мен алатын әлеуметтік төлемдері арасындағы теп-теңдік байланыс жоғалды.

Жаңа тәуелсіз Қазақстанның тарихымен бірге отандық әлеуметтік реформалар тарихы да басталды.

Қазақстанның даму стратегиясы аясында Мемлекет басшысы: «мемлекеттің басты міндеті ол жұмыс істеу мүмкіндігі шектелген азаматтарға көмектесу немесе бірдей табыс табуға жағдай жасау болып табылады. Мұндай азаматтарға көмек - бұл мына сіздер мен біздердің азаматтық борышымыз, ізгілікті іс және біздің қоғамның дәрежесінің кемелденгенін көрсетеді. Мемлекет тарапынан халықты әлеуметтік қолдау ол нысаналы әрі атаулы сипат алған жағдайда ғана нәтижелі болады. Мемлекет қоғамның осындай көмекке шынында зәру мүшелерін қолдауға міндетті және сол үшін жауапкершілікті іс жүзінде өзіне алып отыр, олар, ең алдымен: балалар, көп балалы аналар, ардагерлер, мүгедектер» - деп атап көрсетті. [1]

Реформалау мүмкіндіктерінің дәлізі бұрынғы кеңестік нормалармен берілген болатын. Нарыққа өту, ел халқының едәуір бөлігінің, әсіресе жұмыссыздардың, зейнеткерлердің, балалы отбасылардың өмір сүру жағдайының нашарлауы әр бір адамға лайықты өмір сүру деңгейін кепілдендірген бұрынғы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің қабілетсіздігін көрсетті. Сондықтан әлеуметтік қамсыздандыру саласын реформалау және заңнаманы толықтай жаңарту уақыт талабы болды.

Жұмыс істейтін халық пен олардың отбасылары негізінен жұмыс берушілердің есебінен орталықтандырылмаған тәртіпте әлеуметтік қорғаумен қамтылды. Жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылар, регрессиялы төлемдер, бір реттік материалдық және ақшалай көмектер, асханаларда арзандатылған тамақтар берілді. Кәсіпорындар өздерінің мүмкіндіктеріне қарай құрамына шипажайлар, пионерлер лагерлері, бала бақшалар және т.б. кіретін өздерінің әлеуметтік инфрақұрылымдарын сақтап қалуға тырысты.

Халықтың әлеуметтік көмекке аса мұқтаж бөлігіне бірқатар жеңілдіктер беру жолымен (негізінен коммуналдық төлемдер мен қоғамдық көліктердегі жол ақысы) жергілікті билік органдары және әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдары көмек көрсетті. Сол себептен, әлеуметтік көмек көрсету дәрежесі аудандар мен қалалардың бюджеттерінің қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты болды.

Осы кезеңде мемлекеттік әлеуметтік саясат зейнеткерлер мен халықтың басқа да әлеуметтік әлсіз топтарының жағдайларын жақсартуға бағытталды.

Айта кетерлік жәйт, Қазақстан құқықтық база, экономика, барлық бағыттағы социумның қалыптасуы жолында аса қиын жолдан өтті. Міндетті әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік қамсыздандырудың басты бағытының бірі болып табылады.

Әлемдік қауымдастықтағы көптеген дамыған елдерде әлеуметтік сақтандырудың қаржылық тетіктері мемлекеттік бюджеттен жеке өзін-өзі басқару принципін, сонымен қатар ұзақ мерзімді перспективада қаржылық қамсыздандырудың теңгерімділігін қолдау мақсатында актуарлық есептер тәсілдерін қолданады. Сонымен бірге оларды ұйымдастыруда қорлар түрлерінің көптігіне қарамастан екі түрге бірігеді:

- әлеуметтік сақтандырудағы қаржы ағындары арнайы мемлекеттік орталықтандырылған бюджеттен тыс қорлардың көмегімен ұйымдастырылады (Бельгия, Греция, Испания, Финляндия);
- қаржы ағындары мемлекеттің бақылауымен өз ара сақтандыру ұйымдары түрінде ұйымдастырылады (Австрия, Германия, Франция, Нидерланды, Жапония).

Нарықтық экономикалы елдердегі әлеуметтік сақтандыруды қаржыландырудың басты көзі сақтандырылғандардың және жұмыс берушілердің (жалдамалы жұмысшылардың пайдасына) сақтандыру жарналары, сондай-ақ мемлекеттің субсидиясы болып табылады.

Әлеуметтік сақтандырудың бүгінгі күнгі қалыптасқан принциптері жалдамалы жұмысшыға сенімді және адекватты нарық жағдайындағы әлеуметтік қорғауды кепілдендіруге қабілетті, және осындай жүйе жұмыс істейтін адамның өзінің әлеуметтік мәртебесін жоғалту тәуекелін сақтандыру қажеттілігін толықтыруға көмектеседі.

Тұтастай алғанда әлеуметтік сақтандыру жүйесі жеке жауапкершілік, ынтымықты өз ара көмек, мемлекеттің демеу қаржысы және мемлекеттің жалпы жауапкершілігі принциптеріне негізделеді. Жұмыс берушілер мен сақтандырылғандардың сақтандыру жарналары зейнетақы төлеу мен оның көлеміне тең болатын жоғалтқан табысына төленетін өтемақының негізгі көзі болып табылады, ал мемлекеттің қаржысы, егер осы үшін түскен сақтандыру жарналары жетпесе, жалпы сипаттағы төлем үшін және сақтандыру жәрдемақыларының төменгі деңгейін қамтамасыз етуге тағайындалады.

Атап өтерлік жәйт, біздің азаматтарымыз әлеуметтік сақтандыру жүйесінің пайдасы туралы жете хабардар етілмеген. Шет елдерде – бұл тұтастай мәдениет. Яғни, жоғары жалақы алатын адамдар өмірлерінің қалған бөлігін лайықты табыспен қамтамасыз етуді қалайды және шарт жасасу үшін сақтандыру компанияларына ерікті түрде өтініш білдіреді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін ол жасаған аударымдарымен өзін қаншалықты қамтамасыз етсе шарттасу бойынша соншама алады. Яғни адам өзін лайықты өмірмен қамтамасыз ету үшін осындай қадамға барады. Әрине, сақтандыру мәдениетін дамытуға арналған шарттардың бірі – азаматтардың табыстарын арттыру арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көтеру. Мәселеге кеңірек қарайтын болсақ, болашақтағы бір адамның өмір сүру және мәдениет деңгейіне салынатын инвестиция бойынша тұтас мемлекеттің даму деңгейін айқындауға болады.

Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің аумағындағы жаңа туған баладан жасы келген адамдарға дейін қатысатын, елдегі халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесіне жоспарлы түрде көшуді бастаған бірінші мемлекет. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің құрамында жұмыс істейтін халық - кәрі адамдардың, аз қамтылғандардың, мүгедектердің алдында жауапты болатын ынтымақты жүйенің элементтері бар. Сонымен бірге елдегі жұмыс істейтін халық жинақтаушы зейнетақы жүйесіне белсене қатысады, өздеріне лайықты кәрілікке қаржы жинайды.

Еңбек ету қабілетінен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу, бала туғанда және бір жасқа дейін оны күтуге байланысты уақытша табысын жоғалту тәуекелдерінен сақтандыру Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (бұдан әрі – МӘСК) жұмыс берушілердің жалдамалы жұмысшылар үшін ай сайын төлеген әлеуметтік аударымдары есебінен жүргізіледі.

Қор әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды, әлеуметтік тәуекел туған жағдайда алушыларға әлеуметтік төлем жүргізу үшін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа уақытында қаржы аударуды жүзеге асырады

Төлеушілердің (жұмыс берушілер және/немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар) Қорға ай сайынғы әлеуметтік аударымдарды уақытында және толық төлеуін әкімшілендіруді заңды тұлғаның тұрғылықты жеріндегі салық органдары жүргізеді. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес, сәйкесінше қаржы жылына республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленетін ең төмен жалақының он еселенген мөлшері деңгейіндегі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің жоғарғы деңгейі қарастырылған.

Қордың уақытша бос қаражаты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізімге сәйкес қаржы құралдарына орналастырылады. Бірінші кестеде МӘСҚ 2017-2019 жыларалығындағы көрсеткіштері беріледі.

Кесте 1 МӘСҚ активтерін динамикасы, млн. тенге [2]

Көрсеткіштер	2017	2018	2019
1. Активтердің түсімі	370 448	319 366	357 284
1.1. әлеуметтік аударымдары	279 837	231 687	254 823
1.2. айыпұл	772	613	532
1.3. инвестициялық кіріс	89 838	87 065	101 928
2. Активтердің шығуы	159 359	195 056	200 926
2.1. әлеуметтік төлемдер	157 329	192 411	198 168
2.2. комиссиялық кіріс	1 579	2 306	2 470
2.3. қате төленген төлемдерді қайтару	451	339	287
3. Активтердің барлығы	211 088	124 309	156 358
4. Қаржы құралдарына түсірілген активтер	-	-	-
МӘСҚ - тің есептері			

Қордың миссиясы халықтың қанағаттандырылуы мен Қордың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі активтерінің толыққанды басқарылуын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты Қордың маңызды міндеттерінің бірі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің басымдықтары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының сайттарына түскен өтініштерге жасалған талдау халықтың on-line режимде ақпарат алу қызығушылығының артқанын көрсетеді.

Әлеуметтік салада қызмет ету халық пен заңды тұлғалардан келіп түсетін мыңдаған сұрақтарға түсініктестікпен қарап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің маңыздылығын атап өтуге міндеттейді.

Бүгінде қазіргі заманғы ақпараттық-есептеу техникасы мен оның ресурстарын қолданбай міндетті әлеуметтік сақтандыруға жататын әлеуметтік ішкі жүйелердің дұрыс қызмет жасауы мүмкін еместігін дәлелдеудің қажеті жоқ. Міндетті әлеуметтік сақтандыру процестеріне миллиондаған сақтандырушылар мен сақтандырылған азаматтар тартылған, миллиардтаған ақша ағыны айналымда жүр, ал сақтандыру субъектілері Қазақстанның байтақ аумағында орналасқанын атап өткен жөн.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметі Қордың жүргізіп отырған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде халыққа түсінікті болуда. Жүйенің басымдығы туралы практикада ғана емес, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарын, буклеттерді, кітапшаларды, аудио және бейне материалдарды қолдана отырып, теория жүзінде де оқып білуге болады.

Қазақстандағы әлеуметтік қорғау жүйесі мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларына деген сенімді қалыптастыра алды және сонымен әлеуметтік тұтастыққа кепілдік бере отырып, табыстарды сақтауға, халықтың аса әлсіз бөлігінің адекватты қорғалуын қамтамасыз ете отырып, экономиканың жандануына өз үлесін қосты. Бүгінде әлеуметтік қамсыздандырудың басты міндеті – әлеуметтік салдарларды одан әрі игеруді жалғастыру және әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларының қаржылық тұрақтылығына кепілдік беретін ұзақ мерзімді стратегия құру болып отыр.

Библиографикалық тізімі:

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтің Қазақстан жұртына жолдау. 2 қыркүйек 2019 ж. www.akorda.kz
2. МӘСҚ 2017-2019 жылдарғы еспетер. www.gfss.kz

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

Каракесекова А.Н., Казахский университет технологии и бизнеса, магистрант 2 курса
Научный руководитель – *Ибраимова С.Ж.*, к.э.н., проф.

Түйін: Мақалада мемлекеттік қызметте кадр саясатының шетелдік тәжірибесін қолдану мүмкіндіктері мен шектеулері және оны жетілдіру перспективалары қарастырылады.

Summary: The article discusses the possibilities and limitations of applying foreign experience in personnel work with civil servants and promising areas of its adaptation.

К концу прошлого столетия во многих развитых странах Европы и Америки были созданы специализированные программы подготовки и переподготовки кадров для государственной службы, укладывающиеся в единый стандарт, получивший название МРА - Master of Public Administration. Несмотря на сходство основных образовательных программ в этих довольно разных странах, имеются конкретные отличия, которые могут позволить говорить о нескольких различных подходах к подготовке госслужащих [1].

В первую очередь выделяют американскую и западно-европейскую системы подготовки специалистов. Несомненно, американские стандарты базируются на европейских устоях образования, однако исторические особенности эволюции североамериканских стран обусловили значительные отличия в американских стандартах высшего образования.

Следует отметить, что западноевропейские устои образования также имеют свои уникальные особенности, привнесенные адаптацией образовательных программ под социально-экономические, политические, а также культурные условия [2].

В общем можно говорить о двух базовых западноевропейских методах к подготовке специалистов для госслужбы - французском и англосаксонском.

Рассмотрим подробнее англо-саксонский метод. Основателем этого достаточно общепринятого метода к подготовке специалистов для госслужбы является Великобритания. Однако далее наибольшую лепту в его развитие внесли ученые Германии. Такие как Лоренц фон Штейн, Роберт фон Моль, Макс Вебер основательно закрепили за Германией пальму первенства в области определения образовательных и научных предпочтений при подготовке госслужащих. В наши дни англосаксонский метод очень динамично применяется наиболее активно развивающимися в социально-экономической и политической сферах странами Севера Европы - Данией, Норвегией, Нидерландами, Швецией. В чем особенности данного метода? В общей системе подготовки госслужащих чрезвычайно яркой является правовая доминанта [3].

В Великобритании централизованной схемы подготовки госслужащих не существует. Определение, что собой представляет программа МРА, - довольно непростая задача, так как схожих программ несколько и все они имеют разные названия. Например, государственная политика, управление государственным сектором или государственное администрирование и т. д. Существует ведущее учебное заведение, где обучается основная масса государственных служащих среднего и высшего звена, - Колледж государственной службы (Civil Services College), основанный в 1970 г. Лекции проводятся по программам подготовки будущих руководителей. Успешное окончание подобной программы дает право получить квалификацию, необходимую для продвижения вплоть до 3 класса. Также имеются специальные программы повышения квалификации для руководителей 4–7 классов.

Специалисты, занимающие руководящие посты 1–2 класса, посещают разработанные для них «мастер - классы», посвященные тем программам, которые они сейчас курируют. Следует заметить, что в Великобритании обучение кадров считается приоритетным направлением. Поэтому существует широкая система практических занятий, образовательных курсов и конференций, организуемые различными ведомствами и министерствами, в уставе которых есть упоминание об ответственности за обучение кадрового состава. Все ведомства разрабатывают свои программы подготовки кадрового резерва учитывая планирование его дальнейшего применения и мониторинг потребностей в обучении персонала [4].

В Российской Федерации, наоборот, весьма развиты традиции централизации, чтобы надеяться на инициативы федеральных и, тем более, государственных и региональных ведомств в организации специальных образовательных учебных программ и семинаров. Кроме того, в Великобритании, при кажущемся разнообразии программ подготовки госслужащих, имеется четкая система контроля качества полученного образования. Во-вторых, традиционно отличающая англосаксонский подход, правовая подготовка, базируется на совершенно иной правовой традиции.

Основу эффективной кадровой деятельности в разных странах мира составляет взвешенная политика управления человеческими ресурсами. В течение последних 15 лет под человеческими ресурсами чаще всего понимают трудовые ресурсы, кадры. Соответственно, традиционные названия "отдел кадров" или "кадровая служба" сменились на "отделы управления человеческими ресурсами". В связи с этими изменениями переосмысливается роль и место личности на государственной службе как идея "отношений среди людей", и зачастую зарубежными исследователями упоминается необходимость активизации "социального фактора".

Система организации кадровой политики в Японии является важным фактором социально-экономического прогресса страны. В основе обеспечения государственной службы профессиональными кадрами в этой стране лежит "принцип заслуг". Работа кадровых служб по поиску нужных специалистов ведется в высших учебных заведениях, где выявляются студенты с определенными способностями, привлекаемые впоследствии на государственную службу с целью обеспечения успеха в развитии учреждения [5].

С теоретической и практической стороны интересна система ротации государственных служащих Китая. Ротацией считается перевод на другую должность, должностное перемещение, назначение на замещение и откомандирование для закалки. Предусматривается наличие вакантных мест в государственных органах всех уровней для принятия сотрудников в случае их перевода, перемещения и назначения.

Анализ зарубежного опыта показывает, что реформирование кадровой политики в государственных органах Казахстана нужно осуществлять поэтапно. Этапы должны включать в себя:

- разработку концепции организации кадровой политики;
- разработку на основе концепции программы организации кадровой политики с учетом казахстанской специфики;
- проведение апробации различных моделей организации кадровой политики в виде пилотных проектов;
- разработку нормативных правовых актов по результатам пилотных проектов.

Следовательно, в основе реформирования кадровой политики важно получить модель, которая будет ориентирована на признание важности человеческого фактора и проведение эффективной кадровой политики, что является ключевым фактором ее профессионализации.

Библиографический список:

1. Абилямажинов Т.Т. Некоторые теоретические аспекты вопросов исследования факторов трудовой мотивации государственных служащих» // Вестник Карагандинского университета. Секция Экономика. – 2017. – №3(87). – С. 193-201.
2. Мескон М., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. – М.: Дело, 1997. – 493 с.
3. Добровинский А.П. Управление персоналом в организации: учебное пособие – Изд. 2-е, перер. и доп. / Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2013. – 500 с.
4. Incentive Systems: Incentives, Motivation, and Development Performance: working draft / UNDP. – Singapore, 2016. - №8. – 25 p.
5. Ryan R.M., Deci E.L. Intrinsic and extrinsic motivations: Classic definitions and new directions // Contemporary educational psychology. – 2000. – Vol. 25, №1. – P. 54-67. 8 Staats E.B. Public service and the public interest // Public Administration Review. – 1988. – Vol. 48, №2. – P. 601-605.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ИНДУСТРИАЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ТУ СЯСАТЫ

Кожаметов Д.С., Қазақ технология және бизнес университеті, магистр

Резюме: В статье рассмотрены вопросы, касающиеся промышленно-инновационной политики развития экономики Казахстана.

Summary: In this article, the most promising innovative innovation policies in the economy of Kazakhstan.

Қазақстанда инновациялық үрдістер 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды – инновациялық даму стратегиясы қабылданғаннан бастап қана дами бастады. Инновациялық үрдістерді талдау елде инновацияны дамытуға жеткілікті түрде жағдай жасалмағанын көрсетеді. Қабылданған бағдарламалар мен мемлекеттік қолдаудың аясында бірнеше жобалар қаржыландырылып, өндіріске енгізілді.

Қазақстанда ең алғашқы үдемелі индустрияландырудың қажеттілігі жөнінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жариялады. Бұл Жолдауға сәйкес, үдемелі индустрияландыру — бұл жаңа салаларды қалыптастыру үдерісі, сондай-ақ экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын инновацияларды және жоғары технологияларды енгізу негізінде дәстүрлі салалардың дамуы [1].

Индустриялық саясат дегеніміз мемлекеттің бәсекеге түсуге қабілетті және тиімді ұлттық өнеркәсіпті қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасауға және қолдау көрсетуге бағытталған шаралар кешенін білдіреді. Ал инновация дегеніміз мемлекеттің халық шаруашылығын жаңа озық, заманауи техникамен, технологиямен қамтамасыз етуді көрсетеді. Еліміздің экономикасын индустриялық- инновациялық дамыту мақсатында жүргізіліп жатқан шаралар жетерлік. Ол экономиканың барлық саласын қамтиды.

Экономиканың шикізаттық бағытынан оны өндіру, әртараптандыру бағытына ойысуының алғашқы қадамдары 2003 жылғы үкімет қабылдаған 2015 жылға дейінгі елді индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясынан басталды. Ол екі өзекті міндетті – экономиканы индустрияландыруды және индустрияландыруды инновациялық арнаға бағыттауды көздеді. Бірінші бағытта өңдеу секторы, оның ішкі нарықтағы және қазақстандық экспорттағы үлесі басым болды[2].

Стратегия үш кезеңге бөлінді: 1 кезең – 2003-2005 жылдар; 2 кезең – 2006-2010 жылдар; 3 кезең – 2011-2015 жылдар.

Бірінші кезеңде (2003-2005 жылдар) одан әрі технологиялық дамудың жүйелік мәселелері шешілді. Заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуге, салаларды дамытудың негізгі бағдарламаларын қалыптастыруға қол жеткізілді.

Екінші кезеңде – 2006-2010 жылдарда өнеркәсіпті жаңарту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру және экономиканы әртараптандыру міндеті қойылды. Бұл бағытты іске асырудың құралдары мен тетіктері «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшысы» бағдарламасында көрініс тапты.

2009 жыл Қазақстанды индустриялық дамытудың жаңа кезеңі болды. Дағдарыс экономикадағы белгілі бір проблемаларды қалқытып шығарды, сондықтан да Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» ХДП кезектен тыс XII съезінде Үкіметке дағдарыстан кейінгі кезеңдегі дамуға бағытталған 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді стратегияны жасауды тапсырды. Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру екі бесжылдық кезеңге бөлінеді. Маңызды бағыттар бойынша, барлығы бірнеше мемлекеттік бағдарламалар ғана жасалады, оларда даму мақсаттары мен міндеттері бес жылға нақтыланып отырылады. Сонымен қатар, салалық бағдарламалар, шеберлік-жоспарлары жасалады. Дәйектілігі мен сабақтастығын сақтау мақсатында мемлекеттік бағдарлама мен салалық бағдарламалар бұрын қабылданған индустриялық-инновациялық даму стратегиясымен, кластерлік бастамалармен, «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшысы» бағдарламасымен, көлік стратегиясымен және индустрияландыру саласындағы басқа да бағдарламалық құжаттармен ұштастырылады. Индустриялық-инновациялық жеделдете даму – бұдан көп бұрын басталып, бүгінгі күнге дейін ұласып отырған мемлекеттік экономикалық саясаттың жалғасы.

Қазақстан индустриясы халық шаруашылығының индустриализация деңгейін, егеменді ел экономикасының нақтылығы мен перспективасын, қазіргі әлемдік шаруашылықтағы орны мен рөлін ақтайтын басты фактор болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанда үлкен руда қорлары, минералды шикізат, отын-энергетикалық ресурстар, құнды және сирек кездесетін жер металдар қоры бар, сондай-ақ, негізінен, өнімі шетелдерге жіберілетін пайдалы қазбаларды табудың және өндеудің күшті индустриясы бар.

Алайда, Қазақстанда машина құрылысының көп профильді жаңа базасы, жоғары сапалы дайын тауарлар өндіру және іс жүзінде ғылыми-техникалық күрделі тауарлар өндіру саласы жоқ, халық тұтыну тауарларының индустриясы нашар дамыған, химиялық индустрия, мұнай, газ және көмірсутек шикізаттарды өңдеу потенциалы жеткілікті түрде қолданылмайды.

Жаңа индустрияландыру саясаты ауқымында мына басымдықтар белгіленді[3]:

Бірінші. Бұл – агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу. 2015 жылға дейін экспорттың жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін 8 пайызға жеткізу міндеті қойылып отыр. Аталған және басқа да жобалардың есебінен агроөнеркәсіп кешенінің жалпы

қосылған құны таяу уақыттарда 16 пайызға дейін ұлғайтылып, 10 мыңнан астам жұмыс орны ашылуы тиіс.

Екінші. Құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту. 2015 жылға қарай ішкі өндіріс есебінен нарықтың 80 пайыздан астам қажетін қанағаттандыру көзделіп отыр. Құрылыс кешенінің жалпы қосылған құны кемінде 76 пайызға арттырылатын болады.

Үшінші. Мұнай өндеуді және мұнай-газ секторының инфрақұрылымын дамыту. 2014 жылға қарай отандық мұнай өңдеу зауыттары жоғары сапалы мұнай өнімдері – бензин мен авиакеросинге ішкі қажеттілікті толық қанағаттандыруы тиіс. Отын-энергетика кешеніндегі жалпы қосылған құн кемінде 30 пайызға артпақ.

Төртінші. Металлургияны және дайын металл өнімдері өндірісін дамыту. 2015 жылға қарай металлургия өнеркәсібінің өнімдері өндірісі мен экспорты көлемін екі есе арттыру міндеті қойылып отыр. Металлургия өнеркәсібінде тереңдете өндеуді және жаңадан қайта балқыту есебінен жалпы қосылған құн кемінде 107 пайызға өсуі тиіс.

Бесінші. Химия, фармацевтикалық және қорғаныс өнеркәсібін шапшаң дамыту. 2014 жылға дейін отандық өндіріс есебінен дәрілік препараттарды ішкі тұтыну 50 пайыздан асып түсуі қамтамасыз етілуі тиіс.

Алтыншы. Бұл – таза энергетиканы қоса алғанда жалпы энергетиканы дамыту. Елдің электр-энергиясы жөніндегі ағымдағы және келешектегі қажеттілігі жабылуы тиіс. 2015 жылға қарай экономиканың энергия сыйымдылығы 10 пайызға төмендеуі тиіс.

Жетінші. Көліктік және телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту. Барлық инфрақұрылымдық салаларды дамыту жөніндегі жоспарларды жүзеге асыру жалпы қосылған құнның 63 пайыз өсімін қамтамасыз етуі тиіс.

Қазіргі таңда кез келген елдің экономикасының дамуы, халықтың рухани және материалдық игіліктерінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің, мәдениетінің тұрақты дамуы-набайланысты екені шындық. Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдердің көшбасшылығына ұмтылуы - заңды құбылыс. Өйткені, еліміздің экономикалық дамуы мен қоғамдағы саяси тұрақтылық, демократияның дамуы оған мүмкіндік беріп отыр.

XXI ғасыр - білімнің, ақпараттың, жаңа технологияның өрістеу ғасыры. Білімнің, ғылымның бәсекеге қабілеттілігі бұл күнде көптеген мемлекеттер үшін көкейкесті мәселе болып отыр. Озық ғылыми-техникалық инфрақұрылымсыз және кәсіби шеберлігі жоғары білімді кадрларсыз, жаһандану талаптарына сәйкес даму мүмкін емес. Осы мақсатта отандық ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім мен ғылымды халықаралық деңгейге көтеру.

Ал Қазақстандық өндірушілерге ғылыми эзірлемелерді нарықтық тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі жетпейді, менеджмент, маркетинг және талдау саласындағы жоғары білікті мамандар жеткіліксіз. Осыған байланысты қазақстандық мамандарды жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу институттары мен компанияларына тағылымдамаға жіберу және отандық кадрлар даярлау үшін республикаға жоғары білікті шетел мамандарын тарту тәжірибеге енгізіліп жатыр.

Қазақстандағы ғылымның қазіргі таңдағы жағдайы аяқталған ғылыми эзірлемелер мен қажетсіз өндірістер санының көптігімен сипатталады. Бұл - айтарлықтай үлкен әлеует және оны пайдалану инновациялық қызметті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Зияткерлік меншікті пайдалану мен құқықтарын қорғау инновациялық қызметті дамытудың маңызды факторы болып табылады. Құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен мүдделерінің теңдестіру есебінен зияткерлік меншіктің тиімді шаруашылық айналымы зияткерлік меншік жемісіне сұраныс пен ұсыныс бірлігін, ғылыми-техникалық зерттеулерді дамытуды, оларды өнеркәсіпте іске асыруды, бәсекеге қабілетті жаңа тауарлар мен қызмет көрсету өндірісі мен тұтынуды қамтамасыз ете алады.

Қазақстанда пайдалы қазбалардың ірі қорларының болуы оның салыстырмалы экономикалық артықшылығы болып табылатындықтан, ол қазіргі уақытта классикалық экономика сценарийі бойынша дамуда. Ал индустриалдық дамыған елдерде экономиканың нақтылы секторы кәсіпкерлікті мемлекеттік деңгейде дамыту мақсатымен индустриялық-инновациялық іс-әрекеттерді жандандыру мәселелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, кез-келген елдегі индустриялық-инновациялық

белсенділіктің негізгі қозғаушы күші жоғары технологиялармен қаншалықты қамтамасыз етілетіндігімен анықталады. Индустриялық-инновациялық дамытуды жүзеге асыру үшін кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қаржыландыру және қорландыру көздерін жанарту және дамыту мәселелерін қарастыру қажет.

Өнеркәсіптің шикізат салаларына шетелдік инвестицияларды тарту және қаржы саласында құрылымдық-институционалдық өзгерістерді жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік саясаттың жүргізілуіне байланысты Қазақстан экономикасының дамуында ілгерілеу байқалуда, ұзақ мерзімді кезеңде индустриялық сервистік-технологиялық даму сатысына өтуге мүмкіндік беретін қаржы ресурстары жинақталуда.

Әлемдік экономикадағы құрылымдық өзгерістер жаһандану процесінің белсенділігіне қолайлы жағдайлар туғызды, ол елдердің дамуына әсер етуші факторлар мен жағдайлардың түбегейлі өзгеруіне және осы мемлекеттердің ұлттық үлестің қысқарып, ұлтаралық үлестің өсуіне әкелді. Соған байланысты индустриялық-инновациялық маңызды жобалары бар кәсіпорындар ашу, сапалы өнім шығару еліміздің экономикалық жағдайына оң әсерін тигізеді.

Библиографиялық тізім:

1. Мемлекет басшысының "Қазақстан-2050" стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.
2. 2003 – 2015 жж. Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 желтоқсандағы № 1096 Жарлығы.
3. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығы.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ПАРАДИГМАСЫ РЕТІНДЕ

Мұстафаев Қ.С., э.ғ.к., Қазақ технология және бизнес университеті
Қасымова С.Б., аға оқытушы, Қазақ технология және бизнес университеті

Резюме: В статье рассмотрены теоретические основы экономического роста на принципах «зеленой» экономики. Определены условия, способствующие переходу к «зеленому» развитию. Выделены финансовые инструменты, стимулирующие инвестиции в экологически безопасную деятельность. Описан зарубежный и казахстанский опыт разработки и реализации стратегий формирования «зеленой» экономики.

Summary: The article deals with the theoretical foundations of economic growth based on the principles of "green" economy. The conditions that contribute to the transition to "green" development are defined. Financial instruments that encourage investment in environmentally safe activities are highlighted. Foreign and Kazakh experience in developing and implementing strategies for creating a "green" economy is described.

Әлемдік дағдарыс техногендік түрдегі экономикалық өсу моделінің өміршеңдігін айқын көрсетті, оның негізгі белгілері мыналар болып табылады: табиғи ресурстардың жаңартылмайтын түрлерін тез және сарқып пайдалану; қалпына келтірілетін ресурстарды оларды қалпына келтіру мен қалпына келтіру мүмкіндіктерінен асатын қарқынмен пайдалану; табиғи ассимиляциялық қабілеттерден тыс ластаушы заттар мен қалдықтардың үлкен көлемін жинақтау. Мұндай экономикалық жүйе табиғи ресурстарды ысырап пайдалануды болжайды, экологиялық талаптарды және экономикалық белсенділіктің теріс салдарын – адам денсаулығына зиян және қоршаған ортаның тозуын елемейді.

Транспортные рабочие, в особенности железнодорожники, в 20-х годах играли видную роль также в профсоюзом движения республики. Они составляли наибольшую по численности профсоюзную организацию: на 1 июня 1926 г. в ней состояло 20669 членов, в то время как профсоюзы промышленных организаций» насчитывали 18343. Профсоюз железнодорожников Казахстана отличался не только многочисленностью, но и высокой концент-рацией своих членов в местных организациях, что вытекало из уровня сосредоточения железнодорожников по крупным станциями, мастерским и депо. Такое положение наблюдалось почти во всех губерниях Казахстана, где имелись железнодорожные линии, в особенности на ташкентской магистрали. Так, на 1 октября 1924 г. в оренбургском учпрофсоже было 7867 членов, Актюбинском – 1514, Челкарском – 1624, Казалинском – 1425, Перовском – 1220, Туркестанском – 1139, Аулие-Атинском – 613 и т.д. Петропавловский меском железнодорожников объединял 12085 человек, Павлодарский – 300.

Таким образом, в восстановительный период происходил процесс консоли-дации кадров железнодорожников – ведущегоотряда рабочего Казахстана. Были сделаны первые шаги по подготовке квалифи-цированных национальных кадров рабочих на железнодорожном транспорте, развитию сети профессионально-технического образования. Создавались условия для ускорения процесса формирования рабочих кадров железнодорож-ников – составной части советского рабочего класса.

Библиографический список:

1. ЦПА ИМЛ. ф. 122, оп. 1, ед. хр. 47.
2. Б.П. Орлов. Развитие транспорта (1917-1962 гг.). М., 1963, стр. 43, 44.
3. Железнодорожный транспорт СССР в документах Коммунистической партии и Советского правительства. Москва, Трансжелдориздат, 1957, стр. 78-79.
4. Б.П. Орлов. Развитие транспорта (1917-1962 гг.). М., 1963, стр. 114, 120.
5. ЦГАНХ, ф. 1884, оп. 80, д. 110, лл. 3, 28.
6. ЦГАОР СССР, ф. 5474, оп. 5, ед. хр. 21, л. 29.

ӨЗГЕ ТІЛДІ ТОПТАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰЗЫРЕТ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА
МӘТІН ТАҢДАУ МӘСЕЛЕСІ

Оразғалиева Л.М., к.ф.н., доцент, Қазақ технология және бизнес университеті

Резюме: В статье рассматривается проблема отбора текста при компетентностно-ориентированном обучении казахского языка в группах с неказахским языком обучения и дифференцируются требования, которые предъявляются к тексту.

Summary: The article discusses the text selection problem in a competently oriented teaching of Kazakh language in groups with a non-Kazakh language of instruction and differentiates the requirements for the text.

Білім беру жүйесі оқу пәндері, соның ішінде тілдік пәндерді оқытуға қоғамда өтетін өзгерістер бірден әсер етеді. Біздің елімізде соңғы онжылдықта болып жатқан әлеуметтік және экономикалық құрылымдағы өзгерістер білім беру саласында да елеулі өзгерістерге әкелді. Бұрын білім беру үдерісінде оқыту-тәртіптік, авторитарлы-ақпараттық амалдар қолданылған. Енді ол тұлғалық-бағытталған амалға орнын берді, ол өз алдына, әр студентті толық дамытуға, өзін-өзі тану мен өз орынын табуына бағытталған тұлғаға бағытталған амалды білдіреді. Қоғамдағы құндылық бағыттарының өзгеруі ең үлкен құндылық ретінде ерікті, дамыған және білімді тұлғаның танылуына әкелді. Ақпараттық қоғамға өту тұлғаның толық дамуын, соның ішінде оның коммуникациялық қабілеттерінің болуын талап етеді. Университет түлегі осы үшін қажетті білім, біліктілігіне ие және оқу, еңбек, эстетикалық, зерттеушілік әрекет түрлерін жүзеге асыра білу керек. Сонымен қатар оның сыни ойлау қабілеті, шығармашылық қызмет тәжірибесі болу керек, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана біліп, тұлғааралық және мәдениетаралық серіктестікке ел ішінде де, халықаралық деңгейде де дайын болу керек.

Сәйкесінше білім беруде құзыреттілік тәсілі қолданылады. Бұл тәсіл білім берудің тәжірибелік бағыттылығының елеулі нығаю ыңқамтамасыз етеді және білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Осылайша, құзыреттілік амалы тұлғалық-бағытталған амалмен байланысты болады. Осыған байланысты барлық оқыту үдерісі білім алушының тұлғасы, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескерумен құрылады.

Оқу мақсаттары қазақ тілін оқытудың барлық жүйесінің мазмұны мен қағидаларын, сонымен қатар білім алушының қызметін, яғни әр нақты тарихи кезең бойынша оқыту әдістері мен технологияларын анықтайтын орталық компоненті ретінде танылады [1,7]. Қазақ тілі әрекетшіл оқу пәні ретінде қазақ тіліндегі коммуникациялық құзыреттіліктің бес құраушысын қалыптастыруға бағытталған: - тілдік (негізгі тілдік бірліктерді игеру: әріп пен дыбыстардан тұтас мәтінге дейін және оларды қолдану ережелері); - сөйлеу (қазақ тілінде сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерін игеру білімді, елтану және жалпы мәдениеттік білімді, білік пен дағдыны игеру); компенсаторлық (әрекетті жүзеге асыру біліктілігін игеру, яғни тілдік құралдардың шектеулі көлемі бола тұра қарым-қатынас жасау, мысалы, лексикалық құралдардың тапшылығы кезінде лексикалық алмастыруды пайдалану немесе грамматикалық қиындықтар болған кезде перифразды қолдана білу); - оқу-танымдық (жалпы білімдік және арнайы білімдік дағдыны игеру, мысалы, таңдаулы аударма, мәнмәтінге екпін жасаумен тілдік таным және т.б. Мәтін оқытуда көзбен көріп (оқылым) және есту арқылы (тыңдалым) және сөз тудыру өнімі (сөйлеу, хат жазу) нысанасы ретінде шығады. Ол мәтіндерді сұрыптаудың ерекше маңыздылығымен байланысты. Мәтін білім берудегі жаңа әдістерге сай болу керек. Оқуды үйрену тиімділігі көп жағдайда дұрыс таңдау мен оқу материалын дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Бұл міндетті дұрыс шешу үшін бірқатар факторларды назарға алу керек. Мәтіндердің мазмұндық жағына жүгінейік.

Бірінші талап – мәтіннің танымдық құндылығы. Оқуға арналған мәтін білім алушының нақты білімін толықтыруға септігін тигізіп, студенттің құндылық бағыттарын қалыптастыру керек. Кез келген кезеңдегі міндетті талап – мәтіннің білім алушылардың қызығушылықтарына сай болуы. Оқуға үйретудің сәттілігі тікелей ұсынылған мәтіндер білім алушылар үшін қаншалықты маңызды екеніне байланысты. Тек осы жағдайда ғана қызығушылық, содан кейін әрекет уәжі туындайды. Әр жастағы топ үшін белгілі мәтіндік мазмұнға қызығушылық таныту тән. Мысалы, мектеп жасына ертегілер, сюжеттің шытырмандығына құрылуы маңызды (юмористік, детектив, әзіл-сықақ, қиял-ғажайып), ал жоғары оқу орынында ой өрбітуге түрткі болатын проблемалық мәтіндерге қызығушылық танытады (моральдық нормалар, адами құндылықтар, қоғам, саясат, экономика туралы). Мәтін мазмұнына қойылған маңызды талап ретінде олардың мәдени-танымдық

құндылығын тану керек. Мәтін білім алушылар үшін халықтың мәдениетімен танысудың негізгі құралы. Білім алудың бастапқы кезеңінде мәтіндер білім алушыларға меңгерілетін тілдің мәдениеті саласынан хабардар ету керек: отбасылық тұрмыс ерекшеліктері, дәстүрлері, дүниетанымы және т.с.с.

Оқуға арналған мәтіндердің әлеуметтік-мәдени мазмұны студенттердің жас мөлшеріне нақты бағытталуы керек. Оқудың әр кезеңінде мәдени тақырып студенттің күнделікті өміріне, жас мөлшерлік қызығушылықтарына, жас мөлшерлік қызығушылықтары ерекшеліктерінің аясына шоғырлануы керек. Ол жастарды оқу үдерісіне эмоционалды тарту мүмкіндігін береді. Оқыту барысында әлеуметтік-мәдени тақырып қазақ халқының мәдени мұрасына көп көңіл бөлу керек. Соңғы жылдары мәтін материалын таңдауға қатысты қазақ тілінде оқуға үйрету әдістемесінде оқудың әр кезеңінде қабылданған мәтін түрлері туралы мәселе көп қарастырылады. Бұл салада келесідей мәтіндер ерекшеленеді: көркем әдебиет, публицистикалық және ғылыми-көпшілік, эпистолярлық, функционалдық немесе прагматикалық. Соңғыларына шынайы коммуникация үшін құрылған және өзге түрлерінен бөлек ерекшелігі бар мәтін түрлері жатады. Мәтіндер түрлі «оқу әлеуетіне» ие: а) оқуға үйрету тұрғысында; б) сөйлеу және жазу қабілеттерін дамыту. Мысалы, ізденімдік оқылымға үйрету қарапайым және прагматикалық мәтіндердің материалында жүргізу шынайы екені белгілі. «Ізденімдік оқылым – берілген материалдың (текст, шығарма, кітап т.б.) автор өзіне керекті фактіні, хабарды, сілтемені, көрсеткішті т.б. іздеп тауып, пайдалана білу. Біріншіден, мұндай оқу жылдамдықты қалайды, екіншіден, әркім көлемді текстен өз қажетін таңдап алуға мүмкіндік беретін тапқырлықты қажетсінеді» [2.280].

Прагматикалық мәтіндерге графикалар, диаграммалар, сызбалар (кластер), кестелер, географиялық карталар мен өңірлік карта, үй-жай, аймақ, ғимарат жоспары, кіру билеттері, көлік қозғалысының кестесі, сайт картасы, жарнама мәтіндер жатады. Прагматикалық мәтіндермен жұмыс істеудің игерілмеген тұстары көп. Прагматикалық мәтіндер білім алушыларды оқуға үйретуде дағды мен білікті қалыптастыру үшін толыққанды материал ретінде қарастырылмайды, көбінесе оқулықта бар әлеуметтік-мәдени ақпаратқа көрнекілік ретінде қызмет етеді. Күнделікті тұрмыстық аяда мәтіндерді қолдана білу әр заманауи адам үшін керек. Қазақ тілі сабақтары, бұл жағдайда, білім алушы құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, білім алушылардың прагматикалық мәтіндерді оқу арқылы оқу дағдысы мен білігін қалыптастыру бойынша жұмыс жасау арқылы әлеуметтендіреді. Мысалы, ізденіп оқуға үйрету прагматикалық мәтіндер материалы негізінде қарапайым әрі шынайы екені белгілі. Бұл жағдайдың «шынайылығын» қамтамасыз етеді. Көзбен көріп оқуға үйрету газет пен журнал жарияланымдары, ғаламтор мәтіндеріне негізделген. [3.18].

Қазақ тілін оқыту кезінде оқу материалы ретінде көркем шығармалардың үзінділері және көркем сөздік мәтіндер қолданылады. Мәтіннің осы түрлерінен бөлек білім алушылар функционалдық мәтіндердің (хабарландыру, қызметтік хат және т.б.) күрделі емес типтерін (тиісті стратегияларды қолданумен), сонымен қатар жеке хаттарды оқи алу керек, біртіндеп мәтіндердің тізіміне күрделі емес публицистика мен өзге прагматикалық мәтіндер енеді. Мәтін түрлерінің максималды түрленімі оқытудың жоғары сатысында қол жеткізіледі.

Библиографиялық тізім:

1. Хуторской А. В. Технология проектирования ключевых и предметных компетенций. Инновации в общеобразовательной школе. Методы обучения // Ғылыми еңбектер жинағы/ А. В. Хуторской редакциясында.-2006.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.- Алматы: Ан-Арыс, 2009.- 368 б.
3. Шаханова Р. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. ПФД дисс...автореф. 2002.

БҰҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ

Оспанова Г., Қазақ технология және бизнес университеті, 1 курс
Ғылыми жетекшісі – *Камиева Г.К.*, педагогика ғыл-ң к., асс.профессор

Резюме: Влияние средство массовой информации на сознание молодежи, его позитивное и негативное влияние на казахстанскую молодежь, а также на медиа и молодежные связи.

Summary: The influence of the media on the youth consciousness and its positive and negative impact on Kazakhstani youth, as well as on media and youth relations.

XXI ғасыр ақпарат заманына айналып, бүгінгі күннің ең басты қазынасы - ақпарат болып отыр. Жаһандық дамудың құрамдас бөлігіне айналған ақпараттық құралдар қазіргі қоғамда ерекше басымдылыққа ие. Қазіргі таңда ғаламшарымызды толықтай жаулаған технология жетістіктері адамдардың өзара ақпарат алмасуына жағдай жасап, үлкен жетістікке жетіп отыр. Бұл қоғамның басты күші болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік топтарға әсер етіп, көзқарастың әр түрлі типте болуына жағдай жасауда.

Қай кезеңде болмасын жастар мемлекеттің, тіпті жалпы қоғамның қозғаушы күші және негізі. Озық ойлы, жаңалыққа құштар жас буын әрқашанда мемлекеттің тірегі болады. Қазіргі заман ғылымның, технологияның қарыштап дамыған кезеңі десек қателеспейміз. Қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты жастар да өзгереді. Технологияның дамуымен қатар бұқаралық мәдениетте кең қанат жаюда. Қазіргі таңда жастар мен бұқаралық мәдениет салалары бір-бірімен тығыз байланыста. Бұл жердегі бұқаралық мәдениет салалары дегеніміз теледидар, интернет және т.б. Осы аталып кеткен бұқаралық мәдениет салалары қазіргі таңда жастарды тәрбиелеуде десек қателеспейміз. БАҚ дамуының жоғары дәрежеге жеткендігінің белгісі, бүгінгі күні 5-6 жастағы балалардың интернетті қолдануы болып табылады. Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең-бесігіңді түзе» деген сөзінде үлкен мән жатыр, яғни, қазіргі таңдағы қазақстандық жастардың дүниетанымын және рухани көзқарасын дұрыс жолға салу өте өзекті мәселе болмақ.

Мемлекетіміздің басты саяси бағыттарының бірі – жастар саясаты. Қазақстандық жастардың өркендеуі мен дамуы әрқашан мемлекет қолдауы арқылы жүзеге асырылады. Жастарды тек қана білім тұрғысынан алға жетелемей, рухани мәдениетін және байлығын де арттыру өте маңызды. Мемлекет межелеген ұлы мақсаттарға жету үшін қазақстандық жастардың бойындағы асыл қасиеттерді дамыту керек. Осы мақсатта Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің кезекті халыққа жолдауында: «Біз Қазақстандық жастардың бойындағы рухани құндылықтарын және еліне деген сүйіспеншіліктерін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын. Елбасымыз осы орайда жастарды тәрбиелеуге ықпал ететін коммуникация құралдарына ерекше көңіл бөлген. Ең алдымен, жастарды патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу керек. Осы орайда теледидардың алатын орны ерекше. Себебі, теледидар-бұқаралық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Н. Назарбаев өзінің «Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты жолдауында жастар саясатының басым бағыттарының бірі патриотизмді арттыру екендігін алға тартты [1]. Осы мақсатқа жету үшін телевизиялық коммуникацияны кең ауқымда пайдалану керектігін баса айтты. Нақтылап айтсақ, ұлттық сананы қалыптастыратын және отанға деген сүйіспеншілікті арттыратын телеарналардың, бағдарламалардың санын арттыру және де келешек ұрпақтың ана тіліне деген жанашырлығын күшейту мақсатында телеарналарды қазақ тілінде хабар таратуын қадағалау. Бұл жолда көптеген жұмыстар атқарылды. Оның айқын дәлелі, тек қазақ тілінде хабар тарататын «Мәдениет», «Білім» телеарналары өз жұмысын бастады. Сонымен қатар «Қазақстан» ұлттық телеарнасы толығымен қазақ тілінде хабар таратушы арнаға айналды. Бұл жұмыстар келешекте өз жемісін беретініне сенімдіміз.

XXI ғасыр ғаламтордың қарыштап дамыған заманы. Ақпарат алмасу, жұмыс істеу, қарым-қатынас орнату және т.б. іс әрекеттердің барлығы интернет арқылы жүзеге асырылуда. Интернеттің дамығанына 10 жылдан астам ғана уақыт болса, ғаламторды қолданбайтын адамдарды табу өте қиын. Статистикаға сүйенетін болсақ, жер бетіндегі жастардың 57% бетпе-бет тілдескеннен гөрі, әлеуметтік желілер арқылы қарым-қатынас орнатқанды жөн көреді [2]. Бұл ғаламтор жастардың сенімді серігіне айналғандығын көрсетеді. Қазақстандық жастардың да ғаламторды, әлеуметтік желілерді жиі пайдаланатыны барлығымызға белгілі. Сондықтан, жастар бойында ұлттық сананы, отансүйгіштікті, ана тілімізге және ұлттық құндылықтарымызға деген құрметті қалыптастыру үшін әлеуметтік желілерді де пайдалануымыз керек. Елбасымыз өзінің жастар саясаты жайлы тұжырымдамасында әлеуметтік желілерді жастарды бір орталыққа шоғырландыру құралы ретінде қолдану керектігін атап көрсетті.

Еліміздің ертеңі жастардың қолында. Жас буын әрқашан прогресс үстінде болады және заман ағымына қарай дамиды. Осы орайда қазақстандық жастардың бойында асыл қасиеттерді, рухани құндылықтарды және патриотизмді қалыптастыру кезек күттірмейтін жұмыс. Сондықтан, бұқаралық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын теледидар, интернет және т.б. құралдарды дұрыс мақсатта пайдалану еліміздің ертеңіне алаңсыз болуымызға мүмкіндік береді.

Бізді қоршаған ортада болып жататын күнделікті құбыластардың, заттардың пайдасы мен зиянынан бастап, олардың қалай пайда болуларының өзі түрліше болып келеді. Бұл кез-келген дүниеге объективті тұрғыда қарау керектігін аңғартады. Философия ғылымының өзі дүниенің пайда болуын онтологиялық, гносеологиялық, теоцентрлік, космоцентрлік түсініктерге сүйене отырып

жан-жақты қарастырады, яғни, көптеген болжамдар мен түсініктерді бір ортаға жинай отырып, қоршаған ортаны эклектикалық жолмен тану әр нәрсенің сан қырынан ашады дегенді білдіреді. Бүгінгі таңда адамзат баласы сыни тұрғыда, жан-жақты ойлау арқылы көптеген жетістіктерге жетті және өздерінің болмыстары мен өмір сүру үрдістерін түбегейлі өзгертті. Қазіргі таңда адам баласы технологияға көп көңіл бөле отырып, оны жан-жақты дамытуда. Айшылық алыс жерлерден көзді ашып жұмғанша хабар алып, бір құрлық пен екінші құрлықты байланыстыруы адам баласының ұлы жетістіктерінің бірі десек артық айтпаймыз. Соның бірі – әлемді шырмаған ғаламтор жүйесі.

Бүгінгі таңда ғаламторды пайдаланбайтын адам кем де кем. Дүние жүзіндегі адамдардың 85% ғаламторды пайдаланады. Пайда болғанына аз ғана уақыт болса да, ол бүгінгі күнде адамзат баласының басты көмекшісіне және құралына айналды. Осы тақырыптағы сауалнамада ғаламторды қолданушылардың 75% 15-44 жас аралығындағы адамдар екендігі анықталды. Бұл арқылы бүгінгі таңдағы интернет пайдаланушылардың басым бөлігі жастар екеніне көз жеткіземіз. Бұқаралық мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналған ғаламторды да философиялық, логикалық тұрғыда жан-жақты қарап, оның пайдасы мен зиянын айқындау қазіргі күнгі өзекті болып табылады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ғаламтордың пайдасы ұшан-теңіз. Оның басты ерекшелігі жылдам хабар алмасу және тасымалдау болып табылады. Әлемде болып жатқан жаңалықтар осы жүйе арқылы таралуда. Себебі, бұл жүйе барлығына қолжетімді болып табылады. Енді, бұл жағдайға сыни тұрғыда қарасақ ғаламтордың зияны да жеткілікті екенін аңғаруға болады. Ғаламтор позициясының алдыңғы орындарға шығуы қазақстандық жастарға да әсер етіп, кең көлемдегі популизацияға алып келді. Объективтік тұрғыдан қарастырсақ, ғаламтор жастардың ой-санасының, дүниетанымының өзгеруіне әкеліп соқтыруда.

Қорытындылай келе, тарихын қағаз емес тасқа қашап жазған, сан ғасырлар тағдыр тепкісін көріп, бұл күндері қыраны көкте самғаған, тұлпары төрде ойнақтаған Қазақ елі әлем мемлекеттерімен қатар дамып, жастар санасы ұлттық бағытта қалыптасып, бүгінгі күннің басты жетістігіне айналған медиа жүйесінің болашағымызды жарқын жаққа жетелейтіндігіне кәміл сенеміз.

Библиографиялық тізім:

1. Қазақстан-2020: Болашаққа жол//adilet.zan.kz
2. Попов А. Интернет в цифрах: мировая статистика//habrahabr.ru
3. Бисмильдина Д. Ресми телехабарлар тілі. Астана, 2010. -213 б.

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ. ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА ШОЛУ

Сембаева Б.П., Төле би атындағы №8 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің І деңгейлі мұғалімі, Тараз қ.

Резюме: В статье содержатся задания для итоговой оценки четверти. Ученики 8 класса были подготовлены и исследованы в соответствии с их возрастными характеристиками. Результаты полностью представлены.

Summary: The article contains tasks for summative assessment for the term. Grade 8 students have been prepared and tailored to their specific needs, and their results are detailed.

Кіріспе. Мамандық - қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандықты таңдау үшін, адам өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Өз - өзіне «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоюы керек. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, сүйену керек. Сондай-ақ өз мамандығының сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі. Өзінің сұранысын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшыны атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, экономиканы басқару мамандықтары жатады [1].

Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине, таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді [2].

Мамандар болжамы бойынша, болашақта инженер мамандарға көбірек сұраныс артады. Өйткені қазір еңбек нарығында кәсіби-техникалық мамандарға, инженер-технолог мамандарға өткір

тапшылық сезіледі. Екінші орында IT-технолог, бағдарламашылар, веб-дизайнерлер екен. Болашақта жоғары сұранысқа ие болатын мамандықтардың бірі – нанотехнологиямен байланысты мамандықтар [3]. Себебі нанотехнология барлық салаларды қамтиды: медицина, білім беру, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, ғарыш технологиялары және т.б. Ал аспазшы, тігінші, автомеханик, құрылысшы, сантехник, токарь, дәрігер, ұстаз және тағы басқа мамандар үнемі сұраныстағы мамандар болады.

Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 мың адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12% -і қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан өздерің сияқты жас мемлекет, сондықтан біздің болашағымыз да жастар», -деп тегіннен–тегін айтқан жоқ. Мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде болғандықтан, біз білімді, бәсекеге қабілетті болуымыз үшін өз мамандықтарымызды дұрыс таңдап, дұрыс игеріп, өмірден өз орындарымызды дұрыс таба білуіміз керек!

Мамандық таңдау – ол өмірлік таңдау. Өзінің қай салада қабілеттілігінің бар екенін 40 жасқа келгенде біліп, қайтадан мансабыңның іргетасын салмас үшін қазірден бастап дұрыс шешім қабылдаған жөн. Болашақта үлкен мамандық иесі болатынын армандамайтын бала болмайды. Алғашқы кезде біздің ойымызда «Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін мамандықты қалай таңдауға болады?» деген сұрақ болды. Бірақ әркім өзі ұнатқан мамандығына оқуға түседі [4].

Менің таңдаған мамандығым – байланысшы болу. Қазіргі таңда байланыс саласы адамзаттың басты қажеттілігі болып табылады. Бұл салада жұмыс істейтіндердің міндеті – сапалы ақпарат жеткізу. Бүгінгі күні байланысшы мамандығын таңдауда қателеспегеніме сенімдімін. Бұл саланың ең басты ерекшелігі –қазіргі заман талабына сай мамандық. Осындай бірнеше мысалдар келтіре отырып, 1-кестеде тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арнайы тапсырмалар дайындалды.

Кесте 1

«Қазақ тілі» пәнінен 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым мен айтылым

Тапсырма

1. Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі кестені толтырыңыз.

Негізгі ойды анықтаңыз	Көтерілген мәселені болжаңыз

2. Мәтіндегі берілген сөздер бойынша ой тұжырымдаңыз, жұбыңызбен салыстырыңыз.

Инженер,технолог, веб-дизайнер, нанотехнология, медицина, автомеханик

3. Берілген сұрақтарға мәтін мазмұнына сүйеніп жауап беріңіз. Жауабыңызды жұбыңызбен бөлісіңіз.

1.Қазіргі таңда қандай мамандыққа тапшылық бар?

2.Қазіргі заманда қажеттілігі жоғары мамандықтарға қандай мамандықтарды жатқызуға болады?

Оқылым

Тапсырма

1 мәтін

Ғарышты игерудегі жетістіктер. Қазақстан үшін ғарыш саласының алар орны ерекше. Елімізде әлемдегі ең ірі «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан, әлем біздің ғарыш айлағымызды «Жердің бірінші ғарыштық айлағы» деп мойындайды. Ғарышқа адамзат алғаш рет 50 жыл бұрын біздің байтақ жерімізден аттанды [5].

Ғарыш әлемінің құпиялары ғылымның арқасында ашылып, адамзат игілігіне қолданыла бастады. Ғарыш саласындағы зымыран-тасығыштар, ғарыштық аппараттар мен спутниктер сияқты тағы да басқа күрделі әрі озық ақыл-ойды қажет ететін техникалардың барлығы да ғылымның жетістігі. Ғылым адамзатқа қанат бітірді, ғаламат істерге жетеледі, ғажайып жаңалықтар ашу тетігіне айналып, соның нәтижесінде адам ғарышқа қадам басты. Ғылымның одан әрі дамуымен қатар, Юрий Гагарин ғарышқа ұшқан 50 жылдан бері ғарышты зерттеу мен қолдануды дамыту саласында орасан зор жұмыстар жасалды. Мыңдаған ғылыми зерттеу жобалары жүзеге асырылды сурет-1.

Елбасымыз: «Тәуелсіздіктің әрбір жылының біз үшін мәні бөлек, маңызы айрықша», демекші, біз үшін де ғарыш саласын құруда бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктеріміздің маңызы зор. «Бастауы бар бұлақ ұзақ ағады», - деп дана халқымыз айтпақшы, біздің байтақ еліміздің дүниежүзілік ғарыштық нарықта өзінің орнын табуы үшін бар күш-жігерімізді аямауымыз қажет [6].



Сурет 1 Ғарыш әлемінің құпиялары мен біздің танымал ғарышкерлер

1. Екі мәтінді салыстырыңыз.

Мәтіндердің тақырыбы	
1-мәтін	2-мәтін
Мәтіндердің түрлері	
1-мәтін	2-мәтін
Мәтіндердің стилі	
1-мәтін	2-мәтін
Мәтіндердің құрылымы	
1-мәтін	2-мәтін
Жанрлық ерекшеліктері	
1-мәтін	2-мәтін

2. Бірінші мәтіннің стильдік ерекшелігіне талдау жасаңыз; Қолданылған тілдік құралдар арқылы дәлелденіңіз.

Жазылым Тапсырма

Берілген екі тақырыптың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз, жазылымда сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлерін, есімді және етістікті сөз тіркестерін қолданыңыз.

1. Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең жауапты әрекет. Сіздіңше, мамандық таңдаудың маңызы қандай? Ойыңызға аргументтер келтіре отырып, эссе жазыңыз.

2. «Адамзаттың ғарышты игеру жетістіктері» тақырыбына баяндама жазу үшін, жанрлық және стильдік ерекшелігін ескеріп, тезис құрастырыңыз.

Ұзақтығы: 40 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 25 минут

Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі.

Балл саны: 30

Тапсырмалар түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 компоненттен тұрады: Біріншісі тыңдалым, айтылым және әдеби тіл нормаларын

Қорытынды. Қазақ тілі пәнінен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері арнайы дайындалған жоспар бойынша тапсырма жеке және жұппен орындалады. Оқушыларға 166-179 сөзден тұратын тақырыпқа қатысты мәтіндер беріліп, оқушылар мәтінді тыңдау барысында негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселені болжау кестесін толтырды. Терминдердің тілдегі қолданысын дәлелдеп, жұпта талқыға салды. Мәтін мазмұнына сүйеніп, перифраз түрінде берілген сұрақтарға жауап берді. Сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолданды.

Библиографиялық тізім:

1. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал. (2016)/ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиененованың редакциялауымен. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 46 б.
2. Оценивание учебных достижений учащихся. Өдістемелік нұсқаулық./ Құраст. Р.Х.Шакиров, А.А.Буркитова, О.И.Дудкина. – Б.: «Билим», 2012. – 80 б.
3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының деңгейлік бағдарламасы глоссарийі: оқу-әдістемелік құрал. - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012.
4. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау. ҚР білім және ғылым министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясы. – Астана, 2015.
5. 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыштық қызметті дамыту туралы Мемлекеттік Бағдарламаны бекіту туралы 25 қаңтар 2005 жылғы №1513 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы// Анықтамалық құқықтық жүйе ЮРИСТ, 22.02.2009ж.
6. Ж.Ш.Адамова, М.Б.Сүлейменов, С.Т.Тлеубай, М.А.Мукушева Оқу мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану. – Қарағанды, 2015.

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБУЧАЕМЫХ В СИСТЕМЕ ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Турсынбай А.С., Казахский университет технологии и бизнеса, магистрант 1 курса
Научный руководитель – *Сапарбаева С.С.*, к.э.н., ассоц. профессор

Түйін: Бұл мақала қазақстандық жоғарыдан кейінгі білім жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі – магистранттар дайындығына, соның ішінде – олардың зерттеу қызметін қалыптастыру және дамыту мәселесіне арналған.

Summary: This article highlights one of the most important aspects of the Kazakh system of post-graduate education - training of undergraduates, namely, the issue of formation and development of their research activities.

Во все времена знания представляли исключительную ценность для человечества. Особую актуальность они приобретают в условиях современного развития общества. Не случайно, на повестке дня большинства развитых государств главное место занимают вопросы совершенствования своих систем образования, приведения их в соответствие с требованиями времени.

Республика Казахстан на всех этапах своего становления и развития уделяет огромное внимание вопросам образования и науки. На сегодняшний день в государстве выстроена стройная система образования, включающая в себя уровни начальной школы, средней общеобразовательной школы, средне-специальных учебных заведений, высшего и послевузовского образования.

Однако время не стоит на месте, глобализационные вызовы современности диктуют свои условия, поэтому система образования должна своевременно реагировать на них и постоянно развиваться, осуществлять поиск новых решений проблем обучения и воспитания молодого поколения казахстанцев.

Выступая на пленарном заседании августовской конференции педагогов в 2019 году, Президент страны Касым-Жомарт Токаев указал на необходимость принятия комплексных мер по улучшению качества образования [1].

Одним из важных этапов системы образования является послевузовское образование, которое в настоящее время находится на пути решения задач обеспечения нового качества подготовки магистрантов, владеющих в совершенстве исследовательской деятельностью. Это обусловлено тем, что в современных условиях интегрирования нашей страны в мировое сообщество важнейшими качествами гармонично развивающейся личности становятся инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения.

Как известно, мировое развитие обладает безграничными возможностями, капиталом, идеями и ресурсами. В этой связи актуальным становится не просто получение и накопление новых знаний, а развитие способностей к саморазвитию, освоению новых навыков и умений адаптироваться к новым требованиям. В данном контексте исследовательская деятельность обучаемых в системе послевузовского образования выступает одним из главных условий формирования необходимых качеств.

Актуальность проблемы формирования и развития исследовательской направленности деятельности магистрантов обусловлена следующими обстоятельствами:

первое, современная парадигма образования ориентирована на функционирование в нем выпускника, способного к нестандартным решениям, в связи с чем исследовательская деятельность магистранта выступает средством обновления образовательной практики;

второе, гуманизация и гуманитаризация образования обуславливают направленность деятельности обучаемых, которая обеспечивает личности возможности самораскрытия;

третье, деятельность, как философская категория, является теоретической абстракцией человеческой практики и выступает как специфическая форма активного отношения человека к окружающему миру, содержание которой составляет ее целесообразное изменение или преобразование [2].

Как отмечает С.Л. Рубинштейн, специфическая особенность человеческой деятельности заключается в том, что она сознательна и целенаправленна, так как «в ней и через нее человек реализует свои цели, объективирует свои замыслы и идеи в преобразуемой им действительности, что в свою очередь, отражает сущность самого процесса исследования» [3].

Анализ теоретических основ понятия «исследовательская деятельность» позволил сделать вывод о неоднозначности его толкования различными авторами. Вместе с тем, объединяющим критерием является понимание того, что названная деятельность включает в себе ее осознанность субъектом, целенаправленность, познавательную направленность, ориентированную на получение знаний, обеспечивающих прогнозируемое изменение в какой-либо сфере общественной жизни.

В этой связи, на наш взгляд, наиболее содержательным является определение И.А. Зимней, которая под исследовательской деятельностью понимает «специфическую человеческую деятельность, регулируемую сознанием и активностью личности, направленную на удовлетворение познавательных, интеллектуальных потребностей, продуктом которой является новое знание, полученное в соответствии с поставленной целью и в соответствии с объективными законами и наличными обстоятельствами, определяющими реальность и достижимость цели» [4, с. 29].

В целом, анализ определений «исследовательской деятельности» позволяет выделить три основных подхода к их интерпретации: деятельностный, личностный и личностно-деятельностный.

Таким образом, исследовательская деятельность магистрантов рассматривается как интегральная характеристика, включающая знания основных компонентов этой деятельности и умения их реализовывать, устойчивое признание ее значимости для решения профессиональных задач.

В качестве основных критериев сформированности основных компонентов исследовательской деятельности магистрантов выступают: осознание профессиональной значимости исследовательской компетенции и потребности в ее освоении, самостоятельность и успешность в проявлении основных исследовательских умений при выполнении учебно-профессиональных заданий.

Педагогический смысл понятия «исследовательская деятельность» следует рассматривать как процесс усвоения и применения основных знаний (когнитивный компонент) и умений (технологический компонент) в области научной работы под влиянием внешних факторов и внутренних процессов развития личности.

Библиографический список:

- 1 Токаев назвал восемь проблем системы образования в Казахстане. – URL: <http://www.today.kz/news/kazakhstan/2019-08-16/781876> (дата обращения 12 января 2020 года).
- 2 Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. - М., 1980. - 335 с.
- 3 Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. - М., 1959. – 128 с.

4 Зимняя И.А., Шашенкова Е.А. Исследовательская работа как специфический вид человеческой деятельности. - М., 2001. - 170 с.

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАС

Зейнулла А.А., Әбдіғалиев Ж.Н., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Әлеуметтану» мамандығының 2-курс магистранттары
Ғылыми жетекші – *Салиқжанов Р.С.*, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент

Резюме: *Статья посвящена взаимоотношениям современного местного самоуправления и общественных организаций в социальном сообществе и его социальным аспектам.*

Summary: *The article is devoted to the relationship of modern local government and public organizations in the social community and its social aspects.*

Азаматтық қоғамды қалыптастыру процесінде әр түрлі проблемаларды кешені зерттеу мен шешу өте өзекті болады. Солардың ішінде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің оң дамуы шеңберінде қоғамдық бірлестіктердің мәнін, рөлін және орнын анықтау мәселелері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара іс-қимылды орнату мәселелері ерекше маңызға ие болады.

Бір жағынан, қоғамдық бірлестіктер жеке және ұжымдық мүдделерді қалыптастыруға ықпал етеді, ал екінші жағынан мүдделер негізінде мемлекетпен өзара қарым-қатынас орнатады. Осы қауымдастықтардың әрекеттері барысында өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару қалыптасады, бара бара жұртшылықтың мемлекеттік істерге араласу мәдениеті де қатысу бастау алаып, жалпы қоғам мүшелерінің саяси мәдениетінің жетіліп, жаңа құрылымдық элементтерінің пайда боғанын көреміз.

Саяси әлеуметтануда қоғамдық құрылымдардың дамыған жүйесі бар деп айту үшін халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының алуан түрлі мүдделерін анықтауға және оларды қоғамдық бірлестіктердің (азаматтық қоғам құрылымдары ретінде) және мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қимыл ретін анықтауға арналаған зерттеулер өткізіледі. Бұндай зерттеулер құқық әлеуметтанумен еншілес болып келеді. Мысалы, 1990 жылдардың басында азаматтық қоғамның әлеуметтік элементтері өзінің маңыздылығын әлі де жеткілікті сезіне алмағандықтан, осы институттарға қатысты заңнама жеткіліксіз болды. Оның ішінде коммерциялық емес қоғамдық ұйымдардың құқықтық мәртебесін реттейтін нормативтік актілер әр түрлі заңдар аясында немесе актілерінде шашыраңқы болып қалды.

Реттеудің негізгі тәсілі негізінен заңға тәуелді актілер болып табылады. Билік органдарының қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету белгілі бір ұйымдастырушылық шешімдерді талап етеді. Осы мақсатта түрлі деңгейдегі мемлекеттік билік органдарының құрылымында қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жөніндегі арнайы бөлімшелер құру процесі басталды.

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылының маңызды тетіктерінің бірі әлеуметтік әріптестік, яғни ынтымақтастық пен проблема үшін өзара жауапкершілікке негізделген әлеуметтік іс-әрекеттер болып табылады. Ондай жайт, мысалы, әлеуметтік серіктестік мемлекет пен азаматтық қоғам өкілдері бірлесіп жұмыс істей бастаған кезде пайда болады, өйткені, олардың әрқайсысы бұны өздеріне және жалпы қоғамға пайдалы екенін түсінеді. Әлеуметтік серіктестік өзара іс-қимыл жасайтын тараптардың әрқайсысының әлеуметтік мәселелерін шешуді іздеуге қызығушылығы сияқты талаптар құрылуы тиіс. Тараптардың бір бірінсіз, өз бетінше жеңе алмайтын мәселелерді шешуде күш-жігері мен мүмкіндіктерін біріктіру, даулы мәселелерді шешудегі ынтымақтастық, шынайы шешімдерді іздеуге ұмтылу қажет екенін түсіну, өзара қолайлы бақылау амалдарын сайлап және жеке дара мүдделерді есепке алу ортақ жетістікке жетуге жол ашады [1].

Әлеуметтік әріптестік мемлекеттің демократиялық қоғам мен азаматтық қоғамның өзара қарым-қатынасының жалпы сипатымен айқындалады. Осы тұрғыдан мемлекет қоғамдық биліктің саяси ұйымы ретінде азаматтық қоғамға қатысты екі функцияны атқарады: қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жүзеге асырады және әлеуметтік серіктестік шеңберінде азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық орнатады [2].

Мемлекет пен азаматтық қоғам ынтымақтастығы нысандарының алуан түрлілігі арасында әлеуметтік тапсырыс жүйесін енгізу және дамыту, азаматтық қоғам өкілдерінің мемлекеттік әлеуметтік саясатты қалыптастыруға белсенді қатысуы, азаматтық қоғам мамандарын мемлекет жобаларына сарапшылар ретінде тарту, немесе, керісінше, бірлескен акциялар және халықаралық жобаларға қатысу сияқты оңтайлы формаларын айтуға болады.

Олардың ішінде қазіргі таңда Қазақстанда табысты халықаралық тәжірибелер негізінде қоғамдық кеңестер азаматтық қоғам институты ретінде дамып келеді¹. «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР заңын қабылдау келесідей ұзақ мерзімді мәселелерді шешуге бағытталған болатын:

-біріншіден, мемлекеттік құрылымдар және лауазымды тұлғалардың шешім қабылдау процесінде қоғамдық бақылау тиімді институтын қамтамасыз ету және құру. Бұл ҚК жұмысына қатысу және мемлекеттік, қоғамдық істерге үлес қосу (мысалы, нормативтік-құқықтық актілер жобасын, бюджеттік бағдарламаларды талқылау) арқылы азаматтардың мемлекетке сенімін нығайтуды қамтамасыз етеді;

-екіншіден, жергілікті қауымдастық жиналыстарына жергілікті ҚК құзыреттілігін бере отырып, оның жұмысына халықты қатыстыру механизмі арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту;

-үшіншіден, қоғамдық бақылаудың түрлі формалары арқылы (қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама және т.б.) ҚК жұмысының тиімділігін күшейту;

-төртіншіден, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, әлеуметтік шиеленісті төмендету, азаматтардың саяси-құқықтық мәдениетін арттыру бойынша жұмыстарға халықты қатыстыру және құрылымдық сұхбат арқылы азаматтық қоғам өкілдерін әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге қатыстыру.

XX ғасырдың аяғындағы либералдық реформалар Қазақстандағы азаматтық қоғамның одан әрі даму бағытын белгіледі, сондай-ақ оның институттары мен мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипатын анықтады [3]. Азаматтық қоғамның мүдделерін ескере отырып қабылданған нормативтік құқықтық актілер, ең алдымен, нақты ынталандыру жасауға және азаматтық қоғамның әлеуметтік құрылымын жетілдіруге, олардың азаматтар мүддесіндегі және мемлекетпен өзара қарым-қатынастағы қызметі үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Қарастырылып отырған саладағы айқын прогрессивті қадамдарға қарамастан, бірқатар проблемалар бүгінгі күні де құқықтық реттеуден тыс қалып отыр. Олардың арасында-мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл тетігінің тиімділігін қамтамасыз ету, билік пен әлеуметтік құрылымдар әріптестігінің халықаралық тәжірибесін пайдалану және басқа да проблемалар бар.

Қоғамдық бірлестіктер ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың маңызды ресурсына ие. Қоғамдық бірлестіктердің ерекшелігі формалды емес ортада пайда бола отырып, олар адамды қоғамдық қатынастар жүйесіне қосуға және белсенді өмірлік позицияны қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар адам қызметінің түрлі салаларында болып жатқан процестер үшін әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық ерікті құрылымдар мен бастамалардың көп санының пайда болуы бүгінгі таңда оларды өзін-өзі қозғалудың, өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі ұйымдастырудың сапалы қасиеттеріне ие нақты әлеуметтік күш ретінде қарауға негіз береді. Қоғам көптеген субъектілердің бір мезгілде қатар өмір сүруінің арена болып табылады, олардың әрқайсысының қоғамдық процеске әсері де әртүрлі, олардың қоғам өміріндегі рөлі де әр түрлі. Өндірістің үстемдік тәсіліне сәйкес келетін қауымдастықтармен қатар, оған әрдайым осы жағдайларға жауап бермейтін, бірақ әрдайым қоғамның қажетті элементі болған әлеуметтік ұжымдар қатысты.

Қорытынды ретінде билік пен қоғамның өзара қарым-қатынасын ұйымдастырудың ең маңыздысы қоғам мүшелерінің бостандықтары мен мүдделерінің қорғалуы қажет екенін айтамыз.

Библиографиялық тізім:

1. Дюсенова М.М. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды қалыптастыру мәселелері // Информационный бюллетень. - 2009. - № 1. 64 б.
2. Шоманов А.Ю. Қазақстандағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде азаматтық қоғам институттарының әлеуеті // Аналитикалық шолу. - 2010. - № 5.
3. <https://aqtobegazeti.kz/?p=38998>(дерек алынған күн 21.01.2020).

¹«Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын орындаудың практикалық сатысы аясында 2016 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңы (2 қараша 2015 ж., №383-V) (әрі қарай – «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР заңы).

CRITICAL THINKING AS WAY OF TEACHING STUDENTS

Akhaeva A.A., Lecturer, Master of Ecology, Kazakh University of Technology and Business
Koshkarov N.B., Professor of Department of Chemistry, Chemical Technology and Ecology
Kazakh University of Technology and Business

Резюме: В статье рассматривается развитие коммуникативных технологий в сфере высшего образования с целью повышения качества образовательных услуг. Проведен анализ процесса, предложены пути решения проблем в функционировании критического мышления.

Түйіндеме: Мақалада білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында жоғары білім беру саласында коммуникативтік технологияларды дамыту қарастырылады. Үдеріске талдау жүргізілді, сыни ойлау қызметіндегі проблемаларды шешу жолдары ұсынылды.

In accordance with the modern educational paradigm, the personality of both the listener and the teacher is put at the center of the educational activity of the university.

The information explosion, the development of new information technologies presents new requirements for education. Now, in addition to the bio, hydro, and atmosphere, there is also a certain infosphere - a single information shell of the Earth, which the Internet has become today. Using the Internet makes it possible to keep up with the entire civilized world, regardless of who lives where, provides new ways of interacting with the world through neotechnology. In this situation, the use of Internet technologies is becoming one of the most important factors for higher education to overcome the gap with other leading powers of the world and become a modern, advanced state.

The development of science and technology has now reached such a level that the student is not able to learn and remember everything necessary for his future work. Here the problem arises of a more economical selection of scientific knowledge in all subjects of study at a higher educational institution. And best of all, this is done if modern, innovative teaching methods are applied [1].

Man will have to live in complex dynamically changing conditions. This means that he must be armed, first of all, not with a system of once and for all learned knowledge, but with skill, ability to change, self-study.

In the World Declaration on Higher Education for the 21st Century, adopted at the UNESCO World Conference in Paris in 1998. It was noted: "Higher educational institutions should provide such education for students that educates well-informed and deeply motivated citizens in them, capable of critical thinking, analysis of social issues, finding and using solutions to problems facing society, and also to take on social responsibility."

In achieving these goals, "the teaching staff of higher education institutions should play an important role," the document says. The university, teachers should form a generation of personalities capable of building and developing the future society. The university not only educates, but also socializes students, develops students' ability to cultural self-organization and self-development. You can learn this through familiarization with culture - universal human experience. "Culture is not just an environment that grows and nourishes a person, but a person's effort to be a person," said philosopher M.K. Mamardashvili. Mastering the profession, the student simultaneously develops, therefore, as a person, since the learning process in a university is also a process of socialization of a person [3].

In the process of teaching, our lectures should not be a monologue, but a dialogue, seminars should be a discussion. Moreover, students need to give different points of view, not only their own, teaching and not to stupid other points of view, but to show them in all complexity and with all arguments, with all the pros and cons. Moreover, this or that point of view should be shown in its entirety, breadth, and it should be presented taking into account time and circumstances. For example, the same problem was solved at different times in different ways - in the Middle Ages, modern times and ours. This creates a three-dimensional vision.

This approach is facilitated by critical thinking. This term has been used in the pedagogical environment in the West for decades. For most teachers, "critical thinking" means thinking of a "higher order" - the highest in the sense that it is at the last, "highest" stage in the hierarchy of cognitive abilities [2].

Critical thinking is usually understood as logical thinking skills, with the help of which students get the opportunity to carefully read, conduct in-depth discussions and clearly, carefully express their thoughts in writing. The critical thinking methods develop in students an original point of view, the ability to justifiably prefer one idea to another, the ability to solve complex problems, argue reasonably, the need to work

together to develop a common opinion, evaluate different points of view, and also understand the extent to which our life experience affects our views and perceptions.

Заманауи танымдық сипаты барынша көнерген, қоғамдық бетбұрыстар желісіндегі актуальдылығы толығымен жойылып біткендігіне қарамастан, біздің малданып жүрген ғылыми тірек көздеріміздің басым көпшілігі кеңес заманындағы тұжырым-қағидалар. Шындығында тәуелсіздік рухындағы еркін ойлау тынысында туындап жатқан ғылыми жаңалықтар отандық ғылым индустриясының бағыт бағдарын тың арналарға бастап кеткен. Бірақ соған қарамастан бүгінгі білім беру салалары мен ғылымның арасындағы сабақтастық желінің үзіліп қалуына байланысты айналымға ендіріліп жатқан ғылыми жаңалықтар тек өз шеңберіндегі томаға тұйық күйінде қалып қоюда. Мәселен ұлтымыздың бас ақыны Абайдың рухани әлеміндегі Құнанбай бейнесіне қатысты көзқарас қазір мүлдем басқаша мазмұнға ие болған. Бұл мәселеге қатысты тарихи негізді ғылыми тұжырымдарға құрылған бірталай бағалы зерттеу еңбектерінің жарыққа шыққандығы көзі қарақты жұртшылыққа кеңінен мәлім. Оның нақты бір дәлелі ретінде 1995 жылы баспа бетін көрген Бейбіт Сапаралының «Құнанбай қажы» атты еңбегін атап көрсетуімізге де болады. Аталмыш еңбекте Құнанбайдың тектілік, азаматтық, қайраткерлік, ұлтжандылық, көрегенділік, білімдарлық қырлары жан-жақты ашылып көрсетілген. Абайдың тұлға ретінде қалыптасуындағы Құнанбайдың ролін жеріне жеткізе дәйектеп беретін тарихи негізді детальдар да жүйелілікпен баяндалған. Соған қарамастан біз Құнанбай мен Абай арақатынасындағы таным-түсінікте кеңестік идеологияның талабына орайластырыла орнықтырылған «Атаның баласы болма, адамзаттың баласы бол» деген жасанды ұғымның айналасын төңіректен шыға алар емеспіз[1,89]. Бұл біздің «Абай жолын» талдап-тану барысында басшылыққа алынып келген заманауи тұжырымдарымыздың бүгінге дейін жалғасын тауып отырған жаңғырығы. Бір мақала ауқымында мұндай ескірген сарынның сазында есіліп жатқан ұғым түсініктерді тізбелеп келтіре берудің реті жоқ. Одан гөрі мұндай олқылықтардың шешімін табудың ұтымды әдіс-тәсілдерін қарастырғанымыз әлдеқайда орынды болар деп санаймыз.

Өйткені жаһандану үрдістерінің жалпы әлемдік ой-сананы бір стандартқа бейімдеп бара жатқандығына байланысты дабыл бірталай елдерде көтеріліп жатыр. Солардың барлығында біртегіс мақұлданып отырған ортақ тұжырым бар. Тек ұлттық сананың темірдей тегеуріні ғана бұл жаһандану тасқынына бөгесін бола алатындығын тарихи тағдыры талай жылдар тұсауда болған түркі халықтары ғана емес, еуропа жұртшылығы да сөз етуде.

ХХІ ғасырдағы елдік дамуымыздың басты бағдары ретінде белгіленіп отырған «Рухани жаңғыру» идеясының мазмұнында осы зәрулікпен сабақтастықтың желісі терең аңғарылады. Демек

бұл мемлекеттік ауқымда қолға алынып жатқан жаңашылдық бастамасының орайында көптеген мәселелердің түйінін тарқатып алудың мүмкіндігі зор деп санауымызға негіз бар. Бірақ осы жерде «Бас жоғары жаралған, мойын төмен, қарашы дене біткен ретімен. Істің басы ретін танымақтық...» деп, Абай ұстазымыздың айтқанындай, жаңғыру бағытындағы ізденістерде біздің жадымызға сіңісті болып кеткен жат ұғым түсініктерді танымдылық пен талғампаздық тезінде қайта тергеп-тексеріп алуға баса ден қойғанымыз дұрыс сияқты.

Мысалы біздің отандық ғылым өндірісінде қарастырылатын материалдарға ұлттық сипаттағы сыншыл көзқарасты ұстану талабы кеңінен жолға қойылғаны орынды деп санаймыз. Себебі өзіміздің тарихи тұлғаларымыздың еңбектері түп тұқиянымен сыртқы жауларымыздың қолымен жойылып кетіп отырды. Сондықтан да тарихи негіздегі тірек көздеріне қол артуда біздің зерттеушілеріміз көбіне сырт елдерден келіп-кетіп жатқан жиһанкездердің, миссионерлердің қолжазбаларындағы деректерге, отарлаушы үкіметтің ресми құжаттарындағы мағлұматтарға жүгінуіне тура келеді. Әсіресе, қазақ даласын отарлау жүйесі ресми түрде күшіне енбес алдын, ұлттану бағытындағы барлау мақсатын көздеген зерттеу жұмыстары қарқынды түрде жүргізілді[2,78]. Осыған орай арнайы ұйымдар құрылып, әр саладағы білікті мамандар даярланды. Түптеп келгенде ғалымдық болмыстың шынайы белгісі мүддеге байланысты айқындалатындығы Абайдың отыз сегізінші қара сөзіндегі «Ғылым – алланың бір сипаты...» деген сөзімен дәйектелсе керек. Себебі Ұлы Жаратушының құдыретімен бірыңғай ғылыми жүйеге негізделіп құрылған жаратылыс заңдылықтары барша адамзат қауымының ортақ игілігіне арналған. Сол арқылы Ұлы Жаратушының жалпы адамзатына деген махаббаты сипатталған. Демек жаратылыс иесі, яғни әрбір саналы адамға өзінің Түп Иесіне ұқсауға талпыну парыз екендігі осыдан-ақ айқындалып тұр. Абайдың айтатын «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейтін гуманистік тенденцияға негізделген принцип де осыған саяды. Олай болса кез келген ғалым, мейлі ол қандай да бір әлеуметтік ортаның, қайбір ұлттың, қандай нәсілдің өкілі болмасын бір ғана мүдде, яғни жалпыадамзат қоғамының игілігіне негізделген позицияны ұстануы шарт. Шынайы ғалымдық мүдде рулық, ұлттық, нәсілшілдік санадан тыс, жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген принциптерімен айрықшаланбақ. Сондайлар ғана ғалым деген құрметті атқа лайық.

Осындай мәселелерге байланысты біз ұлттық руханиятымызда өзіндік пікір-көзқарастарымен із тастағандардың барлығын тегіс ғалым деп атай бермеуіміз керек. Бұл орайда, әсіресе халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілері, түркология, шығыстану, тілтану, тарих, мәдениет т.б салаларына қатысты жазба дүниелер қалдырған ориенталист-зерттеушілердің басым көпшілігі ғалым деп аталып жүргендігін атап көрсеткіміз келеді. Ал дұрысында ондайларды ғалым деп емес, оқымысты деуді әдетке айналдырғанымыз әділ. Оқыған, сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу, ғылыми ойлау шеберлігімен танылғандардың барлығын бірдей ғалым деп атауға келе бермейтіндігіне Абайдағы *нұрлы және суық ақыл* ұғымдарын да дәлел ретінде келтіруімізге болады. Мысалы *суық ақыл* деңгейіндегілер де ғылыми тұрғыдан ойлау шеберлігіне жүйрік болып келуі ғажап емес. Атап айтқанда автомат Калашников, пистолет Макарова дейтін қару-жарақ маркалардың авторларын алайық. Ол екеуі де нағыз оқымыстылар. Олар талмай оқып, ізденудің арқасында өнертабыстың жаңа үлгілерін ойлап таба білді. Бірақ олардың ойлап тапқан өнімдері қандай мақсатқа жұмсалып, қызмет ететіндігі айтпаса да түсінікті. Егер осы авторлар өздері көтерілген ақыл деңгейіндегі білім биігінен әрі асып, жүрек деңгейіндегі ілім деңгейіне қол жеткізген жағдайда әлгіндей өнім түрлерін ойлап табуға аттап бара алмас еді. Өкінішке орай олар барды. Себебі олар жүрек деңгейіндегі ілім биігіне көтеріле алмағанымен, ақыл деңгейіндегі білім биігін бағындырған оқымыстылар болатын. Суық ақылдың жемісі деген осы. Нәтижесінде Алланың қош көрмейтін, ізгілікке қарсы амалдар жасалынды. Оқымысты деп осындайларды айтуымызға болады. Олай болса қазақты бодан етудің жолында зерттеулер жүргізіп, соған байланысты еңбектер жазғандардың барлығы бәлкім олардың өз мемлекетінің ұстанған саясаты тұрғысынан қарағанда ғалым болып саналғанымен, қазақ халқы үшін ғалым емес, жәй ғана оқымысты. Есесіне заман ағысындағы, қоғамдық қатынастар айналымындағы өзгерістерді туындатқан XX ғасыр басындағы ұлтымыздың қамын жеген зиялыларымызды «қазақ оқымыстылары» деп атаудың жөні жоқ. Өйткені оларды оқымысты деп атау арқылы, ол кезге дейін қазақта оқыған-сауатты адамдар болмаған деген түсініктің қалыптасуына түрткі саламыз. Мысалы кейбір кітаптарда «Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек сынды қазақ оқымыстылары ...» деп жазылған. Шындығында бұлар білімдерін туған халқының ұлттық мүддесіне арнай білген ізгі ниетті жандар. Сондықтан да біз оларды тек қана ғалымдарымыз, зиялыларымыз деп атауымыз қажет[3, 76].

Сонымен қатар сөздік қорымызда кейіннен пайда болған *оқу-ағарту* деген сөз тіркесін де қолданыстан алып тастауымыз керек. Себебі бұл *ағарту* деген сөздің өзі сауатсыздық, білімсіздік, қараңғылық ұғымдарының қатысын сезіндіреді. XX ғасырдағы коммунистердің культіне айналған

бұл ұғым қоғамды кеңінен жайлаған сауатсыздыққа қарсы күрес мағынасында қолданысқа енген. Ал шындығында қазақ ешқашан сауатсыздыққа жол бермеген. Тек коммунистік заманға дейінгі білім жүйесінде ескіше, яғни қадим үлгісінде оқып-білім алу жүйесін ұстанған. Ал оқу-ағарту деген тіркесті қолдану арқылы бүгінгі жас ұрпақтың санасына онсыз де сіңіріліп келе жатқан «өткен замандардағы қазақтың білім-ғылымнан кенжелеп қалған сауатсыздық жағдайын» әрі қарата насихаттағандай болып сезіледі[4,89].

Сол сияқты бүгінде педагог, мұғалім, ұстаз, оқытушы, тренер, коучер деп әр алуан үлгіде таралып бара жатқан білім беру саласындағы мамандық иелеріне қатысты атау сөз де өзінің ұлттық мәнін жоғалта бастады. Сондықтан қазақтың ұлттық мазмұнға құрылған ұстаз сөзін осы мамандық иелеріне қатысты ресми атауға айналдыруымыз қажет. Ұстаз – ол өзгені тәрбиелеуден бұрын ең алдымен өзінің тәрбиеленуін білген, рухани кемелденудің жолында талмай ізденгіш және бойына жинаған ізгі қасиеттерімен шәкірттеріне үлгі бола білетін көркем болмысты тұлға деген ұғымды беретін сөз. Қорыта келе сананы жаңғыртудың төл бастауы күнделікті қолданыста жүретін қарапайым ұғым түсініктердің мән мағынасына жете көңіл бөлуден басталады.

Библиографиялық тізім:

1. Абай. Қалың елім, қазағым... Алматы: Атамұра, 2002ж.
2. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991ж.
3. Ф.Ш.Оразбаева Тілдік ком
4. муникацияның негіздері. Алматы, 1995ж
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: 1 ДК –ПРО редакциялық – Баспа орталығы, 2018 ж.

ӘЛЕУМЕТШІЛДІК – АДАМ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ӨЗЕГІ

Мұхамбетжан А.Ж., Қазақ технология және бизнес университетінің профессоры, ф.с.ғ.к.

Резюме: В статье обосновывается статус социальных качеств как фундаментальной характеристики человека.

Summary: This article substantiates the status of social qualities as a fundamental character a personality.

Әлеуметтік болмыс үшін қажет түбегейлі шарттардың бірі – тұтас қоғамның да, әртүрлі қауымдастықтар мен жеке тұлғаның да өмірінің мәнін, мақсат-мүддесін айқындап, олардың жүзеге асуына тікелей әсер ететін, баршаға ортақ құндылықтардың болуы. Әлеуметтік болмыстың үздіксіз үдерісіне сәйкес осындай сипаттағы «базалық құндылықтарды» мезгіл-мезгіл анықтап, айқындап алмайынша, қайшылыққа толы өмір көшін түзу жолмен оздыру қиын екендігі баршаға аян ақиқат.

Біздің пайымдауымызша осындай құндылықтардың бірі де бірегейі - әлеуметтік сапа, қадір-қасиеттер. Жалпыфилософиялық тұрғыда тілдегі, ойдағы, кәдімгі таным мен ғылыми танымдағы «сапа», «қасиет», «қадір», «қадір-қасиет» сөздері, ұғымдары мен «качество», «свойство», «достоинство», «признак» сөздері мен ұғымдарының арасында белгілі бір дәрежеде сәйкестік те, айырмашылық та бар. Бұған әлеуметтік деген нақтылықты енгізетін болсақ, осы айтылғандардың барлығының қосымша сипаттамаларды иеленіп, одан сайын күрделене түсетіндігі туындайды.

Бұл ретте, алдымен әлеуметтік сапалардың, қадір-қасиеттердің құндылық тұрғысынан алғанда базалық, негізгі сипаттағы түрлері ерекшеленуі тиіс. Түптеп келгенде, қоғамдық өмірді реттеуге, басқаруға, ұйымдастаруға мүдделі қандай да болмасын нақты қадам осы сапалық көрсеткіштерге мейлінше сәйкес бағытта жасалуы тиіс. Қандай да болмасын заман, адамзат ұрпақтары өз мезгілінде өздері ұстанар, тұтынар, баршаға ортақ, әмбебап құндылықтарын сұрыптауға, орнықтыруға ұмтылған. Жан-жақты талданып, зерделеніп сұрыпталған құндылықтар әлеуметтік субъектілердің баршасына ортақ, бірдей жауапкершілік жүктейтін әлеуметтік нормаларға, бұлжымас қағидаттарға айналған. Кез келген қоғамдық құрылыс аумағында мұндай қағидалар саясат тұрғысынан небір қитұрқылықтың әсерін сезініп, зардабын шеккенімен, өзінің бүкіладамзаттық мәнін, сапасын белгілі бір дәрежеде сақтай білген. Мұның басты себебі бұл құндылықтардың қауымдық, әлеуметтік табиғатында, адамзатты ірітуге емес ұйытуға, бөлшектенуге емес бүтіндікке шақыра алар дәрмені мен пәрменінде.

Біздің пайымдауымызша осындай құндылықтардың ішіндегі бірі де бірегейі – **әлеуметшілдік**. Бұл қадір-қасиеттің қоғам, адам және мемлекет үшін айырықша маңыздылығын кезінде ұлт

ұстаздары өз еңбектерінде атап көрсеткен-ді. Мәселен, Әл-Фараби қайырымды қала басшысының қадір-қасиеттерінің ішінде қанағатшылдық, шыншылдық, кеңпейілділік, әділетшілдік және сабырлылыққа ерекше мән береді. Ұлы Абай өсиет еткен «бес асыл істің» екеуінің (Қанағат, Рақым), сол сияқты хакім атамның иманигүл іліміндегі үш сүюдің (Алланы, Адамзатты, Әділетті сүю), немесе Ж.Баласағұнның «Құтты білігіндегі» негізгі төрт кейіпкердің екеуінің (Күнтуды (Әділ), Одғұрмыш (Қанағат) атауларының өзі әлеуметшілдіктің адам үшін де, қоғам үшін де ерекше маңыздылығын айшықтап тұр. Қайырымдылық хадисінде айтылғандай: «Адамның жақсысы - өзгелерге пайдасы тигені».

Бұл тұжырымды бүгінгі егемен еліміздегі қоғамдық пікірді зерттеу нәтижелері де растайды. «Егемен Қазақстанның» өз оқушыларына қойған «Сіз Парламент депутатына қандай қасиеттер тән болуы керек деп ойлайсыз?» деген сұрағына алынған жауаптар мына тәріздес боп келеді: «...өзін өзгелерге сыйлата білетін адам», «**халықтың** қамын ойлайтын адам», «өз мүддесінен **халық** талабын жоғары қоя білу», «**азаматтық** позиция, күрескерлік», «**халық қалаулысы** атағына сай болу» т.с.с. кете береді [1]. Сұралғандардың барлығы да **көпшілікті** әлеуметтік қасиеттердің ішіндегі ең құндыларының, маңыздыларының қатарында атап, адамшылықтың мән-мағынасын әлеуметшілдікке теңгеріп отыр. Мұның өзі көпшілікті **тарихи** тұрғыдан ғана емес, **логикалық** тұрғыдан да жеке тұлғаның түбегейлі айшықты сипаты ретінде тану қажеттілігін растайды. Демек, **әлеуметшілдік** қоғамды әу бастан қалыптастырып, біріктірген ұйытқы ғана емес, сонымен бірге оның кейінгі болмысын, даму кезеңдерін қамтамасыз етіп, келешектегі өміршендігіне де жол ашатын абсолюттік сипаттағы қадір-қасиет.

Әлеуметшілдікке маңыздылығы жөнінен сабақтас қадір-қасиеттер деп **мемлекеттілік** пен **мемлекетшілдікті** атауға болады. Бұл ретте «Егер, мемлекеттілік – саясатымыздың негізгі және басты мақсаты болса, қоғамдық іс-әрекетіміздің өлшемі - мемлекетшілдік болуы тиіс... **Мемлекетшілдік – ол қандай жағдай болмасын, ортақ мүддені, мемлекеттік мүддені бәрінен жоғары қоя!**» - деп дұрыс айтылып жүр [2]. Біздің пайымдауымызша мемлекеттілік – социум сипаттамасы, мемлекетшілдік – субъект сипаттамасы. Осыған орай алғашқысы тұтас қоғамның, яғни жалпылама субъектінің әлеуметтік сапасының көрсеткіші болса, соңғысы нақты, жеке субъектінің әлеуметтік қадір-қасиетінің көрсеткіші. Сонымен бірге, әлеуметшілдіктің тарихи да, логикалық та тұрғыдан мемлекеттілік пен мемлекетшілдіктен бұрын қалыптасып, қоғам мен қауымдастықтардың, адамның базалық құндылықтарына айналғандығын ескерген жөн.

Қоғамның, халықтың, жеке тұлғаның әлеуметтік сипаттарының ішінде аталмыш субъектілердің тұтастығын, үйлесімділігін, бірлігін қамтамасыз етуге қызмет ететін қадір-қасиеттердің алатын орны ерекше. Түптеп келгенде, әлеуметтік формалардың болмысын, олардың даму барысын реттеп, бағыттап отыратын қандай да болмасын басқару орындарының негізгі мақсаты қоғамда осы құндылықтардың салтанат құруына жол ашу. Түпкі мүдде - елді іріту емес, оны ұйыту.

Алайда, мүдделері сәйкесе бермейтін әлеуметтік топтардан тұратын қоғамда бұл ортақ мақсаттың үнемі өз жақтастарын таба беруі екіталай. Әлеуметтік формалардың қайшылықтығы қайшылықты әлеуметтік болмыс пен қайшылықты мүдделерді туындатады. Өз кезегінде соңғысы белгілі бір тарихи субъектінің өздері ұстанып отырған мүдделерін қорғап, оларды дамытуға бағытталған іс-әрекетінің барысында әлеуметтік қадір-қасиеттердің қайшылықтығын туындатады. Сондықтан да қандай да болмасын қоғамды, әлеуметтік ортаны, жүйені **адам** мен оның **іс-әрекетінің әртүрлі нәтижелеріне** табиғи, атрибутивті, қарама-қарсы мағынадағы, бағыттағы, нышандағы сапалық сипаттарсыз елестету мүмкін емес. Әлеуметтік талдаудың, зерделеу мен зерттеудің толымдылығы, жүйелілігі, ғылымилығы осы тәріздес қайшылықтарға толы қоғам болмысын диалектикалық тұрғыдан сипаттап түсіндіруде.

Әлеуметтік формалардың сапалық сипаттарының қайшылықтығы әртүрлі құбылыстарда, жағдайларда көрініс табады. Қоғам өмірінің негізгі салаларының болмысын, олардың даму үдерісін анықтау, бағалау барысында олардың өздеріне тән объективті қайшылықтардың мәні мен мазмұны ескерілуі тиіс. Сонымен бірге, мұнда белгілі бір әлеуметтік топтардың, саяси құрылымдардың, меншік, билік иелерінің мүдделерін қору, қорғау, тықпалау мақсатында қолданылатын әлеуметтік мәні теріс сапалық сипаттар да бой көрсетеді. Мәселен, қоғамның белгілі бір даму кезеңінде билік иелері, үстем тап өкілдері, партиялар тарапынан көрініс табатын халыққа, қалың бұқараға деген сенімсіздік – тарихтың қозғаушы күшінің әлеуметтік сапасына деген сенімсіздік. Одан түптің түбінде халықты алдарқату, көңілін аулау, онымен ойнау, арбау-алдау, менсінбеу, опасыздық жасау, сату, оның жауына айналып, ашық та астыртын әлеуметтік, ұлттық, азаматтық қадір-қасиеттеріне қастандық жасау тәрізді сатылап жасалатын азғын пиғыл мен іс-әрекет туындайды.

Мұндай идеология шеңберінде халықтың әлеуметтік сапасының төмендігі мен шикілігінің негізгі себебі оның өзінен іздестіріледі. Билік басындағылардың жауапкершілігі өз дәрежесінде қарастырылмайды. Озық, өміршең халық данышпандылығының тәрбиелік мәні төмендетіледі. Сөйтіп, халықтық психология құндылықтарының әлеуметтік мән-мағынасы, қадірі төмендейді, үлгілік пәрмені бәсеңдейді, **ұғымнан** ешкім мойындамайтын, қажетсінбейтін даурықпа **сөзге** айналады. Мұндай жағдайда қандай да болмасын саяси мәлімдеме, бағдарлама шыншылдығын жоғалтады, тындарманы мен оқырманын алдарқатып қана қоймайды, әлеуметтік топты да жұбарқатып, есек дәмеге бой алдыруына жол ашады.

Жеке адамның әлеуметтік қасиеттерінің қоғамдық құбылыстарға, әлеуметтік формаларға әсері оның **билік және меншікпен** қаншалықты жақындығына тікелей байланысты. Өз қасиеттерінің пәрменін жалаң субъективтілік тұрғыдан бағалап пайымдау - әрдайым ақиқат аулынан алыстатып, бұрмалаушылық пен терістеушілікке жетелейді, ұрындырады.

«Шындап келгенде, нағыз өркениеттілік мемлекеттің дәулетімен де, сәулетімен де емес, ең алдымен сол ел тәрбиелеп өсірген **адамның кісілік келбетімен** (астын сызған біз – М.А.) өлшенуге тиісті» [3]. Өз кезегінде адамның кісілік келбетінің өзегі оның әлеуметтік қадір-қасиеттерінде. Ал бұл қасиеттер оның көпшілдік таңдауына, жан-күйіне, санасына, іс-әрекетіне, тұтастай ұстанымына тікелей байланысты. Соларды құрайды және солар арқылы өздері де нақтыланады, қалыптасады, жетіледі, дамиды. Әлеуметтік қадір-қасиеттер әрбір тұлғаның әлеуметшілдік деңгейін айқындайды, нақтылайды.

Осыған сәйкес қоғамтану мен адамтануда жеке тұлғаның құндылығы оның әлеуметтену деңгейімен өлшенетіндігін бұлжымас қағида, заңғар заңдылық дәрежесіне көтеру керек. Тиісінше әлеуметтік сапалық сипаттамаларды сараптау, түйіндеу, сұрыптау, топтау, барысында олардың әлеуметтік тұрғыдан айқындалатын салмағын ескерген, басшылыққа алған жөн. Бұл ретте идеал, теориялық үлгі, эталондық тұрғысы бар сипаттамалар бір төбе оқшаулануы, ерекшеленуі мүмкін. Бұл түрі (форма) жағынан. Мазмұны жағынан мұндай қасиеттер әлеуметшілік пен жеке тұлғалық нысандардың тоғысу шеңберінен, аясынан табылуы, анықталуы, айқындалуы, қалыптасуы, уағыздалуы мүмкін. Яғни, неғұрлым аралық статусы дөп басылып, діндеген деңгейде дәлелденсе, олардың тек жалаң теориялық тұжырым ғана болып қоймай, практикалық іс-әрекеттің бағдар-шамы, бағдарламасына айналу мүмкіндігі артады. Бұл - әлеуметтік сапалардың екінші бір тобын құрайды.

Шынайы әлеуметтік қадір-қасиеттердің жеке адамның кісілік келбетін, азаматтық ұстанымын қалыптастыра отырып, тұтас қоғамның ілгерілеуіне қаншалықты игі әсері барлығын кезінде Алаш зиялылары да дөп басып айтып кеткен. «Алаш» партиясының мүшесіне тән болуға тиіс қасиеттер жөнінде олар былай деген: бұл партияға «кіндік комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын, «Алаш» партиясының программасын жақтырып, жөн көрген, программадағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық, туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, «Алаш» жолынан ауып, айтысып-тартысуға жарамайтын, ауырлық келсе бұлт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. «Алаш» партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн» [4].

Көріп отырмыз, мұнда жеке тұлғаның бет-пердесін, қоғамдық келбетін айқындайтын айшықты белгілер сұрыпталған. Рет-ретімен санамалап берсек, олар мыналар: Тәртіптілік, ыхыластық, іскерлік, табандылық, шыншылдық, принципшілдік, көпшілдік, жомарттық, әділдік, турашылдық, шынайылық, бірсөзділік, беріктілік, күрескерлік, жүректілік, тұрақтылық. Бұл белгілердің шартта атап көрсетілген негізгі бір сипаты олардың болмыстық табиғатына байланысты. Партия көсемдерінің пайымдауынша, тұлғаның аталған белгілерінің оның сезімі мен пайымында, тіпті зердесінде де қонақтауы жеткіліксіз. Ең бастысы, олар «Алаш» партиясы мүшесінің жүрегін жаулап алуы тиіс. Сонда ғана өзінің әрбір мүшесінің халқына адал, берекелі, жанқиярлық тірлігі мен қызметі арқылы егемен ел көшін бастаушы жетекші партияға айналу мүмкіндігі туатындығы жақсы түсінілген.

Аталмыш қасиеттер өз қадірін бүгін де жоғалтқан жоқ. Дәлірек ашып айтсақ, осындай қасиеттердің «Алаш» аласталғаннан кейінгі дәуірде де не белгілі бір партия мүшелерінің басым көпшілігінің, не тұтас таптың, халықтың басым бөлігінің басыбайлы басты сипаттамаларына айнала алмауы, тарихтан белгілі қиындықтар мен қияметтерге, зорлық пен қорлыққа, тоқырау мен тоғышарлыққа әкеліп ұрындырды. Тарих тағылымы бүгінгі қоғамымыз субъектілерінің өткеннен дұрыс сабақ алып, кеткен қателіктерді қайталамауға шақырады. Бұл – дамудың жаңа кезеңіне аяқ басқан Қазақстан үшін өте маңызды мәселе.

Библиографический список:

1. Егемен Қазақстан, 5.03.2004.
2. Карин Е. Мемлекеттілік және мемлекетшілдік- www.zhasalash.kz/article/5112-erlan-qarin-mem-lekettilik-zhane-memleketshildik, 15.10.2019.
3. Замана зиялылар зердесінде. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевпен сұбхат. - Егемен Қазақстан, 23.10.2004.
4. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. 2-том, «Алаш» баспасы, Алматы, 2005, 15б.

Мазмұны Содержание

1 секция

Азық-түлік және қайта өңдеу өнеркәсібінің инновациялары мен қазіргі үрдістері

Инновации и современные тенденции развития пищевой и перерабатывающей отраслей

1	Нуржаува Н. М., Халиди К.А., Идрисова С.Ж., Бектурганова А.А. АКТУАЛЬНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРОБИОТИКОВ В ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТАХ.....	3
2	Болсхан Б.С., Омаралиева А.М. СҮЗБЕ ДЕСЕРТІ ӨНДІРІСІ ҮШІН КАРОТИНДІК ҚҰРАМДАС ШИКІЗАТ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ	5
3	Сами Ж., Омаралиева А.М. ЭКСТРУДИРЛЕНГЕН ЖАСЫМЫҚ ҰНДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ШҮЖЫҚ ӨНІМДЕРІ АҚУЫЗДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС КӨЗІ РЕТІНДЕ.....	7
4	Жүніс А.С., Омаралиева А.М. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МАҚСАТТАҒЫ СҮЗБЕ ДЕСЕРТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӨЗІРЛЕУ.....	9
5	Татибаев Б.З., Дюсенбаев Н.М. ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	11
6	Садыкова Д.Т., Агедилова М.Т. ИССЛЕДОВАНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ ЗУБНОЙ ПАСТЫ СЕРИИ «DR. KID», ПРОИЗВОДИМОЙ КОМПАНИЕЙ «GOLD HERBS KZ»	13
7	Тастыбай Г., Нұрхамит Т., Агедилова М.Т. ТОВАРОВЕДНАЯ ОЦЕНКА ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ЗУБНЫХ ПАСТ.....	16
8	Жиеней А., Турабаева А.Е., Мұқанова Қ.А. АСТЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР РЕТІНДЕ ГИДРОПОНДЫҚ ӘДІСПЕН КҮРІШ ӨСІРУДІҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	19
9	Камильев Т.Р., Ақжолтаева Ш.Н. ҚҰРҒАҚ БИЕ СҮТІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ.....	21
10	Садыкова Д.Т., Мырзаханов Н.Н. РОЛЬ ИНФОРМАЦИИ В РАЗВИТИИ СОВРЕМЕННОЙ БИОТЕХНОЛОГИИ.....	24
11	Шупанова А.Н., Мусина А.М., Есиркеп Г.Е. КОМПОЗИТТІ ГЛЮТЕНСІЗ ҰННАН ЖАСАЛҒАН КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕРДІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ.....	26
12	Мағзомова Л.Т., Асқарова Н.А., Есиркеп Г.Е. МЕКТЕПТЕГІ ТАМАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	28
13	Бакытова А., Туреханова Г.И., Аубакирова А.К. АНАЛИЗ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ СИСТЕМЫ КАЧЕСТВА С ПРИНЦИПАМИ ХАССП В ОБЩЕСТВЕННОМ ПИТАНИИ.....	30
14	Семиханқызы Ә., Жағалбайұлы Ә.Н., Карманова Г.К. ВОЗМОЖНОСТИ СТАНДАРТА ISO 45001:2018 ДЛЯ КАЗАХСТАНСКИХ ПРЕДПРИЯТИИ.....	32

2 секция

Бейорганикалық және органикалық заттардың химиясы мен технологиясы және олардың қалдықтарын өңдеу

Химия и технология органических, неорганических веществ и переработка их отходов

1	Бисембаев Д., Мамытова Н.С., Колпек А.К. ГИДРОБИОЛОГИЧЕСКОЕ И ГИДРОХИМИЧЕСКОЕ ИЗУЧЕНИЕ ПЛАНКТОННОГО СООБЩЕСТВА ОЗЕРА МАЙБАЛЫК.....	35
---	--	----

2	Баймаганбетова Г.К., Искакова Ж.Б., Колпек А. МЕТОДЫ РАЗДЕЛЕНИЯ УГЛЕВОДОРОДНОГО ГАЗА.....	39
3	Мухамедина С.К., Джалмаханбетова Р.И. ШИКІЗАТ КӨЗІНДЕГІ БЕЛСЕНДІ КОСЫЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТИПТЕРІ ЖӘНЕ БӨЛШП АЛУ ӘДІСТЕРІ.....	41
4	Салықжанова Г., Князова А.К. ҚАЛДЫҚ ЗАТТАРҒА ЕКІНШІ ӨМІР СЫЙЛАУ.....	43
5	Сулейменов Д.Ж., Сафаров Р.З., Колпек А., Тултабаев М.Ш., Жуманова Ү.Т. МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРДЫ ЖИНАУДАН КЕЙІНГІ ӨНДЕУДІ ТАЛДАУ.....	44
6	Дюсекеева А.Т., Султанова Л.М., Кутжанова К.Ж., Омарова С.С., Казтаева С.Х. КВАНТОВО-ХИМИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ПРОТОЛИТИЧЕСКОЙ СПОСОБНОСТИ ХИ- МИЧЕСКИХ СОЕДИНЕНИЙ.....	46
7	Боранбай М.М., Жұмабаева Ф., Байтуова Т.Т., Искакова Ж.Б. НИКЕЛЬ ИОНДАРЫ БАР ОРТАДА БИДАЙ ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ӨНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	49
8	Жатқанбаев Е.Е., Қаппасұлы Ә. ПОЛУЧЕНИЕ ЦЕЛЛЮЛОЗЫ ИЗ НЕ ДРЕВЕСНЫХ РАСТЕНИЙ.....	51
9	Жаркымбекова А., Тұрсынханов Е., Тұрарбек Б., Байтуова Т.Т., Искакова Ж.Б. УРЕАЗА ФЕРМЕНТИНІҢ САПАЛЫҚ АНЫҚТАУ ҚАСИЕТТЕРІН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	54

3 секция

Экология, қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі

Экология, защита окружающей среды и безопасность жизнедеятельности

1	Балатбаева Д., Сайлиханова М.Б. ГАЗИРОВАННЫЕ НАПИТКИ В ЖИЗНИ ШКОЛЬНИКОВ.....	57
2	Даубаева Б.С., Князова А.К. ТАЗА СУ - ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ КЕПШІ.....	60
3	Ансбаев А.М., Иварай А.Ы., Кыстаубаева З.Т. НҰРА ӨЗЕНІНІҢ ЛАСТАНУЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТУІ.....	62
4	Ниязов С.У. БАЙҚОҢЫР ҒАРЫШ АЙЛАҒЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ.....	64
5	Нұрғали Т. Е., Жадигеров Ж.Е., Ташқұл Ж.С., Карибаева М.К. ШАРШАУ ТУДЫРАТЫН ҚЫЗМЕТ ФАКТОРЛАРЫ.....	66

4 секция

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және автоматтандырылған басқару жүйелері

**Информационно-коммуникационные технологии и автоматизированные системы управле-
ния**

1	Айрих А.А., Жантурсын Д.С., Садуакасов Ж.Н., Аким Б.Б., Тулегулов А.Д., Юрков Н.К. ПРОГРАММНЫЕ СРЕДСТВА АУТЕНТИФИКАЦИИ ДЛЯ АВТОМАТИЗАЦИИ ПРЕДПРИЯТИЙ	69
2	Айрих А.А., Бекетова А.С., Гайнельянов Р.Р., Қаби Н.О., Тулегулов А.Д., Штеренхарц А. IT ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УПРАВЛЕНИЯ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ	70
3	Бакиева Е., Кульдабаева А., Абдраханова Р.К. ЗНАЧЕНИЕ ТРИГОНОМЕТРИИ В ЖИЗНИ ЧЕЛОВЕКА.....	72
4	Дюсембек А.Р., Сазанова Л.Б., Талғат Д., Джандарбекова Д. ПРИМЕНИТЕЛЬНО К ЗАДАНИЮ ЦЕНТРАЛЬНЫХ НЕЛИНЕЙНЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ ПЛОСКОСТИ И ПРОСТРАНСТВА.....	74

5	Карапсеитова А.С., Оразбаев Б.Б. ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ ДЛЯ ПОДДЕРЖКИ ПРОЦЕССОВ ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЙ В МЕСТНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНАХ.....	75
6	Жанділдинов А.Т., Оразбаев Б.Б. О МЕТОДАХ ИНФОРМАЦИОННО-КОМУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	77
7	Исмаилов А.Х., Буленов Б., Наурызбаева А.Н., Ахметқан О.А., Тулегулов А.Д. ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ПРОГРАММНЫЕ КОМПЛЕКСЫ АНАЛИЗА БОЛЬШИХ ДАННЫХ.....	79
8	Исмаилов А.Х., Еркінғали Ә.Б., Мәлік О.Ж., Балтабай А.А., Тулегулов А.Д., Санин А.Ф. ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ МЕТОДЫ ПОСТРОЕНИЯ БИЗНЕС-ПРОЦЕССОВ.....	81
9	Жумабаева М., Калдыбаева А., Мендыбай Г.К. ОБЛАСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ЛОГАРИФМОВ.....	83
10	Кәрімханова Ж.Б., Мухаммедия С.Е., Мажитова К.Ш., Исабек Н.О., Тулегулов А.Д. АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАНЫ ҚҰРУДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ОНЛАЙН КУРСТАРДЫҢ РОЛІ.....	84
11	Қазыбек И., Тулегулов А.Д. СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ И ИНСТРУМЕНТЫ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ПОЛИГРАФИЧЕСКОЙ ПРОДУКЦИИ.....	86
12	Мухаммедия С.Е., Мажитова К.Ш., Олжакеш М.К., Мәлік О.Ж., Тулегулов А.Д. ARDUINO ПЛАТФОРМАСЫНДА БАҒДАРЛАМАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	88
13	Хайрат Ж., Ергалиев Д.С. КӘСПОРЫННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚҰРУ КЕЗЕҢДЕРІ.....	90
14	Хайруллин Т.Р., Таджиман Т.Б., Ахметқан О.А., Аманжолов А.Т., Тулегулов А.Д. ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ IT ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ СУБЪЕКТОВ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА.....	92
15	Шевердиева И., Шамхалова А., Мендыбай Г.К. МАТЕМАТИКА В АРХИТЕКТУРЕ.....	94
16	Базарбаев М., Оразбаев Б.Б. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІН ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУПСІЗДІГІНІҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІН ЗЕРТТЕУ.....	96
17	Сұраншы Е.А., Таржибаева Б.Е. ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ.....	98

5 секция

Дизайн, жеңіл өнеркәсіптің технологиясы мен инновациясы

Дизайн, технологии и инновации в лёгкой промышленности

1	Агитаева К.А., Сауленова Ж.А., Сихынбекова М.О. ЧУДЕСА В МИРЕ ФРАКТАЛОВ.....	100
2	Акабекова Ж., Ахметбекова А., Нұрлан А., Бекзат А.Б. ПЕТРОГЛИФТЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КИІМ ТОПТАМАСЫН ЖОБАЛАУ.....	102
3	Әли Ж., Нусупходжаева А., Бекзат А.Б. СТИЛИЗАЦИЯ, ТРАНСФОРМАЦИЯ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП КИІМ ҮЛГІЛЕРІН ЖОБАЛАУ.....	104
4	Зейнекешов А.У., Байжанова Ж.Б. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНІҢ БЕДЕРІ.....	106
5	Кәріғұл А.С., Қожабергенова К.Д. ПЛАЦТЫ ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУ.....	108
6	Киселева Т.А. ЭВОЛЮЦИЯ СОВРЕМЕННОГО ДИЗАЙНА.....	110
7	Құсыман Қ.Е., Мусаханова М.А. ДӘСТҮРЛІ ШЫМ – ШИ ТОҚУ ӨНЕРІНІҢ ДАМУ МӘДЕНИ МҰРАСЫ.....	114

8	Сагандыкова М.Ш., Мухаметжанова Б.Е., Байжанова Ж.Б. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МАҢЫЗЫ.....	116
9	Семғалиев Ө.Е., Байжанова Ж.Б. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫ.....	117
10	Шаймардан К.Ж., Қожабергена К.Д. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПАЛТО АССОРТИМЕНТІНІҢ СӘН БАҒЫТЫН ТАЛДАУ.....	120
11	Днекешева А.С., Джакпарова Р.С., Джусупова-Парфилькина И.М. НЕТРАДИЦИОННЫЙ ГАРДЕРОБ.....	121
12	Уважанова А.Е., Джакпарова Р.С., Джусупова-Парфилькина И.М. «КОСПЛЕЙ» - КОСТЮМИРОВАННАЯ ИГРА ПЕРЕВОПЛОЩЕНИЯ.....	123
13	Джакпарова Р.С., Джусупова-Парфилькина И.М. УЧЕБНАЯ ИГРА «ДЛЯ ЧЕГО? ДЛЯ КОГО? ИЗ ЧЕГО?».....	125
14	Ыбрай Ә.Е., Байсары А.Е. ДИЗАЙН МЕН ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТЕГІ МОДЕРННІҢ КӨРІНІСІ. ҚОЛӨНЕРДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ӨНЕРКӘСІПКЕ ӘСЕРІ.....	127
15	Қожамқұл Д.Қ., Айтбаева Г.Қ. КИІЗ БАСУ ӨНЕРІНІҢ ЖАҢА ҚЫРЫ.....	129
16	Есләмбекова М.С., Айтбаева Г.Қ. ҚАЗАҚ БИІНІҢ ӘЗ ӨРНЕГІ – ҚАМАЖАЙ.....	130
17	Сексенбаева Г.У., Айтбаева Г.Қ. «ЕЛОРАДА ЖҮРЕГІНДЕ ҰЛЫ АБАЙ» КӨРКЕМДІК ШЕШІМ.....	132
18	Ноянова А.М., Ноянова А.М., Айтбаева Г.Қ. АЙТЫС КӨРІНІСІН ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК АРҚЫЛЫ СИПАТТАУ.....	134
19	Аймбетова А.Ш., Айтбаева Г.Қ. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ - ҰЛЫ ТҰЛҒАМЫЗДЫ ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ДӘРІПТЕУ.....	136
20	Базар А.Б., Айтбаева Г.Қ. КИІЗ БАСУ КӨШПЕНДІЛЕР МҰРАСЫ.....	137
21	Телегенов С.К., Ибраимова С. Ж. РАЗВИТИЕ ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ.....	139
22	Рустем А.М., Омарбекова М.Т. ЖШС «ЖАӨ-ТАРАЗ» ФАБРИКАСЫНЫҢ СҰРЫПТАУ ЦЕХЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ КИІМНІҢ ҚЫЗМЕТТІК ЖОБАЛАНУ ПРИНЦИПТЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	141
23	Қазанғап Т.М., Балтабаев М.С., Байтышев Г.А. БРЕНД - БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ УНИВЕРСИТЕТТІ ІЛГЕРІЛЕТУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК- МӘДЕНИ ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ.....	144

б секция

Сандық индустрияландыру жағдайындағы экономикалық ғылым мен білімнің интеграциясы

Интеграция экономической науки и образования в условиях цифровой индустриализации

1	Кабаш К., Бекмагамбетова Г.К. ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО ПРИ ФОРМИРОВАНИИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ КАДРОВ.....	146
2	Акашев Р.Д., Сартов У.К., Абдрахманова А.У. РАСЧЕТЫ С ДЕНЕЖНЫМИ ПОТОКАМИ.....	149
3	Akashova G., Ibraimova S.Zh. CLASSIFICATION OF TRANSPORT AND LOGISTICS SCHEMES IN FOREIGN COUNTRIES AND THE POSSIBILITY OF THEIR USE IN KAZAKHSTAN.....	151
4	Актаева Ж.А., Узакова Б.З. БІЛІМ БЕРУДЕГІ РІСКЕРС БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚОЛДАНУ МҰМКІНДІКТЕРІ....	154
5	Алписова М.Г., Ибраимова С.Ж. ЦИФРОВИЗАЦИЯ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ.....	156

6	Аман С.А., Сапарбаева С.С. ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И МЕХАНИЗМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	158
7	Арешев Ж.Ж., Ибраимова С.Ж., Кожевина О.В. МЕТОДЫ ПОВЫШЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.....	161
8	Асканова А.Б., Сапарбаева С.С. СТРАТЕГИЯ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ В ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ.....	163
9	Байбатчаев Д., Ибраимова С.Ж. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ В АКТУАРНОМ ОЦЕНИВАНИИ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЫ.....	165
10	Ергожин Н.Б., Нургалиева А.Ш. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ.....	168
11	Жузтаев М.Т., Ибраимова С.Ж. МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ОЦЕНКЕ УСТОЙЧИВОСТИ РАЗВИТИЯ РЕГИОНА..	170
12	Жумабеков М.М., Ибраимова С.Ж. ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА В КАЗАХСТАНЕ.....	171
13	Жұмабекова Г.Ж., Таштанова Н.Н., Байдаирова К.Б., Шарипова Д.Б. КҮРДЕЛІ СИПАТТАҒЫ ШЫҒЫНДАР ЕСЕБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	173
14	Zhunusov B.U., Ibraimova S.Zh. PROACTIVE METHODS IN THE WORK OF THE ONE PROVIDER OF PUBLIC SERVICES:GOALS AND RESULTS.....	175
15	Зарубаева Ш.К., Туребекова Б.О. ВОПРОСЫ АНАЛИЗА СОЦАЛЬНЫХ ЗАТРАТ ОРГАНИЗАЦИИ	178
16	Қалмұрат Ғ., Ибраимова С.Ж. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ – ӘДІЛЕТТІК ЖҮЙЕСІ.....	180
17	Каракесекова А.Н., Ибраимова С.Ж. ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ.....	183
18	Кожаметов Д.С. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ТУ СЯСАТЫ.....	184
19	Мұстафаев Қ.С., Қасымов С.Б. ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ПАРАДИГМАСЫ РЕТІНДЕ	187
20	Нурлан Г.Н., Ибраимова С.Ж. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АҚША-НЕСИЕ СЯСАТЫ.....	189
21	Рахметкалиева Д.Н., Ибраимова С.Ж. ВОПРОСЫ МЕТОДОЛОГИИ СИСТЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	192
22	Жаппасова Р.Е., Садыков Т.У., Аргожаева А.А. ПРЕВРАЩЕНИЯ ТРАДИЦИОННОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ В НОВУЮ ИНФОРМАЦИОННУЮ ЭКОНОМИКУ.....	195
23	Сарыбаева И.Е., Асаинов А.Ж., Сакенов Н.А., Таимова Л.Е. ОРГАНИЗАЦИОННО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ МЕХАНИЗМ РАЗВИТИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ ТРАНСПОРТНОГО КОМПЛЕКСА КАЗАХСТАНА.....	196
24	Таштанова Н.Н., Тасанова Г.Д., Нургалиева Ж.Ж., Татибеков Б.Н. РЕСУРСЫ КАК БАЗОВЫЙ ЭЛЕМЕНТ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ОСОБЕННОСТИ ИХ УЧЕТА.....	198
25	Төлепберген Ж., Асаинов А.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫҢ БОЛАШАҒЫ.....	200
26	Шаяхметова А.С., Ибраимова С.Ж. МОДЕРНИЗАЦИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ТЕРРИТОРИЙ РЕГИОНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	202

27	Шегембаева Г.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ.....	204
28	Шумекова Е.Б., Нургалиева А.Ш. ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ИНФРАСТРУКТУРА КАЗАХСТАНА.....	206
29	Юсупов К., Ибраимова С.Ж. СТРАТЕГИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ О МИНИМАЛЬНЫХ УРОВНЯХ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ И ИХ ПРИМЕНЕНИЕ В КАЗАХСТАНЕ.....	208
30	Жусупов И.С., Ибраимова С.Ж. РАЗВИТИЕ ЛОГИСТИЧЕСКИХ УСЛУГ В КАЗАХСТАНЕ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.....	210
31	Жубаев С.Д., Бокенчин К.К., Бокенчина Л.К. РЕГУЛИРОВАНИЕ МЕЖБЮДЖЕТНЫХ ОТНОШЕНИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	213
32	Бекетаев А., Ибраимова С.Ж. ОПЫТ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН СОЦИАЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ МАТЕРИНСТВА И ДЕТСТВА.....	215

7 секция

Менеджмент және қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік

Менеджмент и предпринимательство в сфере услуг

1	Алимбай С.Х., Нургалиева А.Ш. ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖҰМЫСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	219
2	Асылханұлы Ч., Карбетова З.Р. СОЦИАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ В СИСТЕМЕ УПРАВЛЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИЕЙ.....	221
3	Ахмедина А.С., Карбетова З.Р. ОСОБЕННОСТИ МАРКЕТИНГА НА РЫНКЕ МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГ	223
4	Ахметова Г.Б., Жайлаубаев Е.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОНАҚ ҮЙЛЕРДЕ HR МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	226
5	Байдос М.М., Курманкулова Н.Ж. РОЛЬ МАРКЕТИНГА В УПРАВЛЕНИИ СТАБИЛЬНЫМИ И НЕСТАБИЛЬНЫМИ СИСТЕМАМИ ОРГАНИЗАЦИИ.....	228
6	Баймурзина С.О., Ярдякова И.В. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ РЫНКА УСЛУГ В КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	231
7	Бекзатова Г.К., Карбетова З.Р. СУЩНОСТЬ И НЕОБХОДИМОСТЬ СТРАТЕГИЧЕСКИХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ В ОРГАНИЗАЦИИ.....	232
8	Бекназар А., Ярдякова И.В. МЕТОДИКИ ОЦЕНКИ КОНКУРЕНТСПОСОБНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ ТОРГОВЛИ...	235
9	Жақупов А.А., Бектенов С.Ж. ҰЙЫМДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ.....	238
10	Габдракипова Р.Ф., Карбетова З.Р. ФОРМИРОВАНИЕ КОНКУРЕНТНЫХ ПРЕИМУЩЕСТВ НА РЫНКЕ МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГ.....	240
11	Габит Б.М., Курманкулова Н.Ж. ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	242
12	Демесинова А.А., Омаркожаева А.Н. ТУРИЗМ В НАШЕ ВРЕМЯ.....	244
13	Кахаев Р.Б., Джангельдина Д.И. ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ТУРИСТІК ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ БАҒЫТТАРЫ.....	246
14	Дугалова Г.Н. УПРАВЛЕНИЕ ОТХОДАМИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	247

15	Дюсембин Е.К., Байгабулова К.К. СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРОДВИЖЕНИЯ КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВЫХ УСЛУГ.....	250
16	Нұржан І., Құрманбай Д.Қ., Спанова М.Д., Жайлаубаев Е.Н., Ахметова Г.Б. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭТНИКАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	252
17	Жарманова Г.К., Карбетова З.Р. УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ.....	254
18	Иржанов Б.А., Ярдякова И.В. ПЛАНИРОВАНИЕ НА ПРЕДПРИЯТИИ И ЕГО ОСНОВНЫЕ МЕТОДЫ.....	257
19	Касымова А.А., Карбетова З.Р. РОЛЬ РЕКЛАМЫ ПРИ ПРОДВИЖЕНИИ ТУРИСТСКОГО ПРОДУКТА.....	259
20	Курбанов Д.Т. СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ УПРАВЛЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИЕЙ.....	261
21	Манапханов Ж.А., Байгабулова К.К. СТРАТЕГИЧЕСКОЕ УПРАВЛЕНИЕ В КОММЕРЧЕСКОМ БАНКЕ.....	263
23	Ғабдолова Ж.С., Шарифулла А.Б., Есіркепова А.М., Мусаева В.С. МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІНІҢ ДАМУЫН ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТА ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ.....	265
24	Мұстафаев Қ.С., Қонысбекова С.Н., Кулбаева К.Ө. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТУРАСЫНДА ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ.....	266
25	Нурсултан Н.О. ИНЖИНИРИНГОВЫЕ УСЛУГИ И ИХ КЛАССИФИКАЦИЯ.....	269
26	Нусупхан Е.М., Ярдякова И.В. ЭФФЕКТИВНОСТЬ МЕНЕДЖМЕНТА В ТУРИЗМЕ: ПОНЯТИЕ, ВИДЫ, КРИТЕРИИ..	271
27	Онашов Д.К., Ярдякова И.В. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РЕСТОРАННОМ МИРЕ.....	273
28	Рахимжанова А.Ж., Карбетова З.Р. СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К АТТЕСТАЦИИ ПЕРСОНАЛА ФИРМЫ.....	275
29	Тәжібай Б.Б., Байгабулова К.К. ЗНАЧЕНИЕ PR – ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА.....	278
30	Тюлюпов А.Е., Карбетова З.Р. ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ТРУДОВЫМИ КОНФЛИКТАМИ В СОВРЕМЕННОЙ ОРГАНИЗАЦИИ.....	279
31	У Бинь РАЗВИТИЕ ОРГАНИЗАЦИОННЫХ КОММУНИКАЦИЙ КАК ИНСТРУМЕНТА УПРАВЛЕНИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННЫМИ КОНФЛИКТАМИ.....	282
32	Умархажиева М.Р., Карбетова З.Р. АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРНЫХ УСЛУГ НА ВНУТРЕННЕМ РЫНКЕ КАЗАХСТАНА.....	284
33	Уралов Д., Курманкулова Н.Ж. УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ В СИСТЕМЕ ОБЩЕГО МЕНЕДЖМЕНТА.....	287
34	Файзуллаев Б., Ярдякова И.В. РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ: ТЕНДЕНЦИИ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ.....	290
35	Хазым Ж.Х., Семейхан М.Б., Жуманазаров Қ.Б., Тулегенова К.Т. ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ДАМУДЫ РЕТТЕУДІҢ РӨЛІ.....	293
36	Чернявский А.В., Курманкулова Н.Ж. ГРУППЫ ИНТЕРЕСОВ В СИСТЕМЕ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЁРСТВА.....	295
37	Мұхтар Қ.Ә., Карбетова З.Р. ФИРМАНЫҢ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....	298
38	Байғазы Н.А., Карбетова З.Р. ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТЕ ҰЙЫМНЫҢ БАСҚАРУ КОНСАЛТИНГІ.....	299

39	Узгенбаев А.М., Курманкулова Н.Ж. КОНЦЕПТУАЛЬНЫЙ ПОДХОД К РАЗРАБОТКЕ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ.....	302
40	Исбекова А.А., Байгабулова К.К. ТЕОРИЯ И МОТИВАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ.....	305
41	Байдуллаев М.Б., Курманкулова Н.Ж. ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ РЫНКА МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГ.....	307
42	Койлиев Н.Н., Курманкулова Н.Ж. УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ В ПЕРИОД МОДЕРНИЗАЦИИ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ.....	309
43	Деденко Е.В., Курманкулова Н.Ж. ОЦЕНКА РЕЗУЛЬТАТОВ ИННОВАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ КАК ИНСТРУМЕНТ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ.....	311
44	Әшір Т.Б., Курманкулова Н.Ж. РОЛЬ КОРПОРАТИВНОГО ИМИДЖА В СИСТЕМЕ КОНКУРЕНТНЫХ ПРЕИМУЩЕСТВ.....	313
45	Борибай Н.Б., Курманкулова Н.Ж. КОНТРОЛЛИНГ КАК СОВРЕМЕННЫЙ ИНСТРУМЕНТ УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИЯТИЕМ.....	315
46	Байтов Ж.К., Байгабулова К.К. ИНСТРУМЕНТАРИЙ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬЮ ПРЕДПРИЯТИЯ.....	317
47	Төребаева М.Б., Манат Б.Қ., Шахат И.Қ, Мусаева В.С., Канатова С.К. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ТУРИЗМІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН ӘЛЕМДІК БРЕНД ДЕҢГЕЙІНЕ КӨТЕРУ.....	319

8 секция

**Қазіргі заманғы гуманитарлық, қоғамдық және лингвистикалық ғылымдар:
көкейкесті мәселелері және даму үрдістері**

**Современные гуманитарные, общественные и лингвистические науки:
актуальные проблемы и тенденции развития**

1	Баймадиева Г.А., Базарбаева Г.С., Идирисов К.М. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МӘТІНМЕН ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ.....	321
2	Акылбекова Т.К., Досжанова Ж.А. БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ....	323
3	Балкунова Н.П. СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ АСПЕКТ ДИДАКТИЧЕСКОГО МАТЕРИАЛА ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ.....	326
4	Горицына Н.А. ДИАЛОГОВЫЙ ТРЕНАЖЁР – ИНТЕРАКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ.....	329
5	Жарлгасынова А., Балкунова Н.П. ОШИБКИ В ИСПОЛЬЗОВАНИИ КУЛИНАРНЫХ ТЕРМИНОВ.....	330
6	Жумагалиева Р.Р. ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	332
7	Кабылшаев К.И. ИСТОЧНИК ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ КАЗАХСТАНА В БОРЬБЕ ЗА ВОССТАНОВЛЕНИЕ ТРАНСПОРТА (1920 – 1925 гг.).....	334
8	Оразғалиева Л.М. ӨЗГЕ ТІЛДІ ТОПТАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰЗЫРЕТ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА МӘТІН ТАҢДАУ МӘСЕЛЕСІ.....	337
9	Оспанова Г., Камиева Г.К. БҰҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ.....	338

10	Сембаева Б.П. 2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ. ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА ШОЛУ.....	340
11	Тұрсынбай А.С., Сапарбаева С.С. ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБУЧАЕМЫХ В СИСТЕМЕ ПОСЛЕВУ- ЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	343
12	Зейнулла А.А., Әбдіғалиев Ж.Н., Саликжанов Р.С. ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАС.....	345
13	Akhaeva A.A., Koshkarov N.B. CRITICAL THINKING AS A WAY OF TEACHING STUDENTS.....	347
14	Байтасов Е., Мансуров Е., Кабдешов А., Саликжанов Р. СПОРТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ: XX ҒАСЫРДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ.....	349
15	Лузанов В.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН В ВУЗЕ.....	351
16	Канафиева К.К., Кабдий Н.Ғ. АДАМ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ АДАМЗАТ.....	353
17	Абдилова Ж.С., Джумамухамбетова Б.Ж. ЦЕЛОСТНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	355
18	Абдирасилова А.К. ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ РӨЛІ.....	358
19	Мұхамбетжан А.Ж. ӘЛЕУМЕТШІЛДІК – АДАМ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ӨЗЕГІ.....	360

**«ИНДУСТРИАЛДЫ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС
ИНТЕГРАЦИЯСЫ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы

**Сборник материалов
Международной научно-практической конференции**

**«ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ, ОБРАЗОВАНИЯ И
ПРОИЗВОДСТВА ИНДУСТРИАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВА»**

Научное издание

Издается в авторской редакции

Авторы несут ответственность за подбор и достоверность приведённых фактов и данных.

Басуға 06.04.2020 жылы қол қойылды
Шартты баспа табағы 23,7 Пішімі 60/84_{1/8}
Таралымы 170 дана
Тапсырыс 0050
«Мастер ПО» ЖШС-де басылды
010005, Нұр-Сұлтан қ., Пушкин көшесі, 15-76
Тел.: 8/7172/223-418
e-mail: masterpo08@mail.ru